

ҒАЛЫМ ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

ҚАСИЕТТІ АҚ ОРДА

ҚЫЗЫЛЖАР 2002.

ҒАЛЫМ ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

ҚАСИЕТТІ АҚ ОРДА



Қызылжар – 2002.

Қадірәліұлы Ғалым
Қасиетті ақ орда.
Қызылжар
“Асыл мұра” орталығы – 2002 жыл

Бұл басылым Қасиетті ақ орда –
мектебіміздің 70 жылдық мерей
тойына арналады.

ISBN 5-7667-9548-3

ЖШС «Дизайн-ПРЕСС»
2002



АЛҒЫ СӨЗ

Ардагер ұстаз, Қазақстан Республикасы және Кеңес Одағы оқу ағарту ісінің озаты Ғалым Қадірәліұлы туған елін, жерін сүйген зиялы азамат. Ол өткен (2001) жылы “Аңсаған менің ауылым” атты тамаша бір кітап жазып шығарған еді. Енді міне сол туған ауылы туралы бұрынғыдан толығырақ екінші “Қасиетті ақ орда” атты кітабын жарыққа шығарып отыр. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туған ауылның және осы ауылдағы бір кезде өзі оқыған мектебінің қысқаша тарихы баяндалады. Бұл бөлімде ол көптеген құрметті ауыл азаматтары мен мектеп ұстаздарын және өзімен мектепте бірге оқып, жастық шағын бірге өткізген замандастарын зор ілтиpatпен атап өтеді. “Ұстаздар мен шәкірттер сөйлейді” деген екінші бөлімде осы мектепте қызмет істеген, оқыған және осы мектеп пен оның ұстаздарын жақсы билетін азаматтардың естеліктерін көлтіреді. Үшінші бөлімде ауыл тұрғындарының біршама толық шежіресі берілген.

Бұл кітапты жазу барысында Ғалекең көп ізденіп, көп толғанды. Ол көптеген адамдармен кездесіп әңгімелесті, естеліктер жинады. Ауыл тұрғындарының шежіресін жинау үшін қаншама тынымсыз еңбек етті. Ауыл тарихына байланысты анық деректер алу үшін талай күнін архивте өткізді.

Міне, осындай ерен еңбегінің жемісі қолдарыңызға алып отырған кітап, қымбатты оқырмандар. Бұл кітап ауыл тұрғындарына, әсіресе мектеп ұстаздары мен оқушыларына басқа да қалың жұртшылықта пайдалы болары сөзсіз.

Қайролла Мұқанов.

I-Бөлім

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық-алтын қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей құған жер.

Мағжан Жұмабаев

ЕСІЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА ТҮР АУЫЛЫМ

Ауылым ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың төфай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал жел, майда қоңыр лебі бойға қуат, жанға ләzzат. Өзен түбінде күмістей жарқырап түрлі-түсті жылтыр малта тастар жатса, бетінде күнмен шағылысқан су толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі тізбектеліп жалт-жұлт етіп жылжып барады.

Иә, біздің ауыл осы өзеннің оң қанатында, күнгей жағында орналасқан. Есіл бойы ойлы-қырылды болып келгенімен өлкеміз жалпы жазық дала. Жазық дегенде мидай дала емес, өрнектеп тоқылған текемет-кілем сияқты, жағалай өскен тал, терек, мойыл, шілік, ақ қайың ағаштары алыстан көз тартады. Соның ішінде, өсіресе көзге ерекше шалынатыны - қайың. Өңірімізді “Ақ қайыңдар өлкесі” деп атайдыны да сондықтан болар.

Ауыл маңында өркештенген тау, бүкірленген жон да жоқ. Дегенмен тастақты дөңестерден, Есілдің үлкендікішілі тармакта-рынан сылдырап бұлақтар ағады. Олардың сұзы зәмзәмдай шипалы, ішсең бал-сусын, жуынсаң жүзің жасарады. Эттен, осы мөлдір бұлақтардың көпшілігінің көздері бұл күндері жерді жаппай жыртуудың нәтижесінде бітеліп қалды. Ал, көзі

ашықтарының сүсү жолшыбай ылайға қосылып Есілге ағады. Аяусыз ластана бастаған судан жанжуардың бәрі ішетіні жанға батады.

Маңайдың ыластануы, табиғаттың бұзылуы бәрі де адамдарға байланысты. Бұл жөнінде жергілікті журналист-ақын Қойшыбай Шәниев былай жырлайды:

(Орман жайлы ойтолғау)


Бақтарым, Әуежаным, Сарыбелім,
Бір кезде көрікті едің, қалың едің,
Жайқалған жапырақтар саясында,
Сан талай тыныстап дем алып едім.

Бақтарым, Әуежаным, Сарыбелім,
Жан-жақтан балта шапты-ау қалың елің.
Сырты бүтін орманның іші түбір,
Осыны көріп қайттым барып едім.


Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өңірінде қыстап, жазғы жайлауын Кекшетау, Қостанай, Түмен, Қорған шекарасында, Есіл жиегінде өткізіпті. Қабай, Тұяқ, Жәнібек жұбы жазылмай бірге өсіп, біте қайнаған ел екен. Бірақ ұжымдастыру, кеңес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды теңестіру науқаны күшейген кезде ел әржерге бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы Қарағаш ауылы), екіншісі Бөріліде (Шал ақын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Осы рулардан бұл күндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда Шал ақын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есіл ауданында т.б. жерлерде тұрып жатқандары да жеткілікті.

Біздің ауыл ежелден “Бостау” атанған. Бірақ алғашқы қарталарда, ежелгі құжаттарда “Бастау”

болып, яғни “о”-ның орынына “а” әрпі жазылып қалған. Шындығында “Бостау” екеніне ешкім қарсылық жасай қоймас. Бұл өңірде, Есіл өзенінің жиегінде біздің аталарымыз мекен еткен. Жиырмасыншы ғасыр келіп, ірі-ірі тарихи өзгерістер басталады. Елімізде саяси-экономикалық, таптық шиеленістер басталып, яғни соғысқареволюцияға жалғасты. Ресей империясының қарамағында отырған біздерге ондағы болып жатқан өзгерістер әсерін тигізбей қойған жоқ.



Алғашқы мектеп үйі (1932жыл)



Бүгінгі мектеп үйі

Жалпы алғанда бұл елді Құдайберді, Бәйімбет рулары деп атайды. Есілдің екі қанатын алып жатқан қалың ел. Қазан тәңкерісі, Кеңес үкіметі келген кезде тарыдай шашылып тарап, бет-бетімен бөлініп кеткен екен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары (29,30) әркім өз күнкөрісін ойлап жан-жаққа тағы бытыраған.

Ашаршылық пен құфындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, күндерін көрген.

Қазан тәңкерісіне дейін атам Шеген би болыпты. Аса үлкен бай болмағанымен орта шаруадан жоғары ауқатты адам болған. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы да, жөн билетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған жерді

игеру науқаны кезінде (Кеңес Үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қақ ортасында үлкен жел дірмен тұратын. Оны кезінде атамыз салдырады. Одан соң Саумалкөлден ағаш бөренелер тасып, сегіз бөлмелі үй салдырыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісімекшілердің мен салдырган жана үйді, мал-мұлқін түгел кәмпескелеп, мемлекет меншігіне алып қойған. Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі Дауымбай ауылына апарып, мектеп қылып қайта орнатады. Содан бері сол ауыл - "Мектеп" ауылы атанып кетеді, бүгін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген көп жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп қуғынға ұшырайды, бай болған, би болған, "нағыз құлақ" деп айып тағылады. Сол кезде ауруға шалдығып, қайтыс болады. Ал, Есет деген атамызды да ұстап алады, содан хабарсыз кеткен. Құлақтың баласы деп отызыншы жылдары менің әкем - Қадірәліні де біраз өүре-сәрсенеңге салыпты. Амалсыздықтан әкем қашып-пысып, қала маңында бойтасалай жүріп, отыз сегізінші жылдары ғана елге оралған екен.

Жиырмасыншы, отызыншы жылдар қазақ жеріне үлкен нәубет әкелді. Байды, молланы, қажыны, биді қуғындасты. Сол нәубеттің соңы 37 жылдың, соғыстың сүрапыл қырғынына жалғастырды. Осы қасіреттің жалыны шарпымаған жанұя кемде-кем-ақ шығар біздің ауылда.

Сол кездегі ауылдың жайы қалай еді? Төңкерістен бұрын бөлініп отырған үш ауылдың жайлауы да, қыстауы да бөлек-бөлек болған. Мәселен Бостау ауылының қыстауы - "Базарқажы", Жәнібек ауылының жері - "Нұғыман қорасы", Тұяқ ауылының жері - "Тұяқ қыстауы" деп аталған. Жайлаулары да бөлек. Бұл ел көшіп-конып жүрсе де шаруашылықпен мықтап

айналысқан: егін салу, мал өсіру, үй салу, саудасаттық жасау. Әрине, кедейлер күн көріс үшін байларға, орта шаруаларға жалданып малын бағу, шебін шабу, үйін салу сияқты жұмыстармен айналысқан. Жиырмасыншы ғасырдың басында киіз үйді жазда, күзде ғана пайдаланып, қыста талдан тоқылған жылы үйде тұратын болған. Ол үйдің жылы болатыны екі қабат талдан тоқылған шарбақ қабырғалардың арасына құрғақ көң немесе құрғақ қара топырақ салады да екі жағын майлы сары балшықпен сыйлайды, содан кейін ақ балшықпен ақтайды. Сонда іші-сырты көз тартатын әдемі үй болып шығады. Ол кезде шифер, қаңылтыр деген болмаған, сондықтан шатырды шыммен (табақша ғып жерді шөбімен ойып аллады, оны төңкеріп) қабаттастырып су өткізбейтіндей етіп дестерлеп салып жабады. Өзім сондай үйде тұрып көрдім.

Қазан төңкөрісіне дейін ауылдар жайы бұрынғы дәстүрмен жалғаса берген. Балалар сауатты ауыл молдаларынан алып, арап әріпімен хат таныған, діни сауатын ашқан. Ал, жетік азаматтар, қабілеті бар, қаражаты бар адамдар медреселерде оқыған. Біздің елге жағын медреселердің бірі - “Құдайберді” руындағы (атақты Жылғара елі) бүгінгі Өрнек ауылының маңындағы Қожахмет-Сейдахмет медресесі еді. Көп әулиелер, көп қажылар елі. Осында біздің аталарымыз, одан бергі Бадана – Бостау әuletінен – Жар, Шеген би, Зікірия, Жәнібектен – Бопат, Сәрсекей молла, Тұқттан – Ерғали, Елемес молла оқыпты. Міне, осылар елдің діни нанымын, сауатын ашқан адамдар. Бірақ, 1917 жыл, одан кейінгі 1918 жыл Қазақстан үшін де бір өзгерістің басы болды. Кеңес үкіметі орнай бастайды. 14 ауыл – Байімбет елі де жана үкіметтің қарамағына көшеді. Алғашқы ауылдық кеңес төрағасы болып Үлсқақ Қыпшақпаев, одан соң Әбілмажін

Байкөбенов, Жайлаубай Баржақсин сайланады. 1926 жылы кедейлер комитеті құрылады. Оның алғашқы тәрағасы Ерғали Асылтаев, хатшысы Ләмәли Қонарбаев болады. Олар жер бөлісүмен айналысады. “Қабай”, “Тұяқ”, “Жәнібек” ауылдарынан “Артель” деп аталатын үйым құрылады. Кейін 1929 жылы осы үш ауылдың негізінде үш ұжымдық шаруашылық (колхоз) құрылады. Онда Тұяқ колхозының тәрағасы Жайлаубай Баржақсин, Қабайда – Жұмағали Шонаев, Жәнібекте – Есмағанбет Нұғыманов сайланады.



Мектеп жаһындағы
интернат үйі

Ауыл көрінісі және
шаруашылық кеңесі

1930 жылы осы үш шаруашылық біріктіріліп, бір ұжымдық шаруашылыққа көшкен, оны “Мәдениет” деп атайды. Аудан орталығы алғаш Казгородок болыпты.

Аудан басшылары “Мәдениет” колхозын қалашыққа айналдыру жәнінде шешім қабылдайды. Яғни 500 үй, 3 құдыш, монша, аурухана, колхоз кеңесі, мектеп салу көзделіп, соған қызу кіріседі. Бұл іске колхоз басшылары және ауыл белсенділері Қарибек Жабагин, Құлмырза Кенжеғожин, Сыздық Есқожин, Қабдолла Елемесов білек сыбана кіріседі. Кейін Қабдолла Елемесов басқа қызметтерде істеп жүргенде құдаланып, “Халық жауы” деген атаққа ілігіп, нахақтан жазаланып, Жамбыл облысында

ұсталады, атылады. Ал, Құлмырза он жыл отырып, “айыбын” өтеп келеді.

1932 жылы Мәдениет колхозының (ұжымдық шаруашылығының) атын ауыстырып, Исаев колхозы деп аттайтын болады, ауылдық кеңестің аты да осылай аталатын болыпты. Исаев деген кім? Осы жөнінде айта кетсек артықшылығы болmas.

Исаев Ораз Жанұзақұлы (1899-1938 ж. өмірсүрген) Орал (Батыс Қазақстан) облысының тумасы. Жаңа үкіметті құрысқан партия, кеңес лауазымды қызметтерін атқарған мемлекет және қоғам қайраткері. Мәселен ол 1929 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің тәрағасы қызметін атқарған, Кенес Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына да бірнеше рет сайланады. Өкінішке орай 37-нің зобалаңына ілігіп, 1938 жылы атылады. Содан кейін Төңкеріс ауданы атқару комитетінің шешімі бойынша (29.06.1938 п. № 25 § 11) және Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша (23.03.1939) Исаев атындағы ұжымдық шаруашылық Ленин атына көшіріледі.

Сол бір аласапран кездерде ел аттары, жер аттары, аудан аттары бірнеше рет ауысып, тіпті облыс аумағы да өзгеріп тұрған. 1932-1936 жылдары біздің облыс Қарағанды облысы атанады. Тек 29.07.1936 жылы қайтадан Солтүстік Қазақстан облысына ауысады, орталығы Петропавл (Қызылжар) қаласы.

Мемлекеттік мұрағатта сақталған деректерге қарасақ Сергеевка бөлімшесі мына тәмендегі жәйіттерді айқындал кетеді (Ф98 ОК 22-49 Т.II).

Біздің елімізде 1929-1930 жылдары жаппай ұжымдық шаруашылық (колхоздастыруға) көшіру басталады. 1928 жылы (3.09) Петропавл округіне қарасты Пресногор болысы

(Қазақстанның аумақтық жер бөлісі) бойынша Төңкеріс ауданы құрылады. Ал, Төңкеріс және Рыков аудандары бірігіп, Төңкеріс атымен қалады да, орталығы Марьевка селосы болады. 1940 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Президиумы (21.05) Төңкеріс ауданын Октябрь ауданына өзгертеді. Тың тәңізі деп аталған Сергеев су қоймасы құрылышының аяқталып, пайдалануға берілуіне байланысты аудан орталығы Сергеевка селосына көшіріледі. Соның нәтижесінде, шешім бойынша Октябрь ауданы 1963 жылдың 2 қантарынан бастап Сергеев ауданы атанады. Ал, бүгінгі таңда ауданымыз атақты жерлесіміз Шал ақын атында.

Аудан аты жетпіс-сексен жылда төрт рет өзгерді, ал осы мезгілде ауыл аты мен ауылдық кеңестің шекарасы бірнеше дүркін өзгереді, ұжымдық шаруашылықтың жер көлемі де бірде былай, бірде олай болып тұрған. Мәселен осы ұжымшардың (колхоздың) алғашында 9 мың гектар жер аумағы болса, кейін ол 23 мыңға жеткен. Оның себебі бірнеше ұжымшарлар біріктіріліп, іріленген ұжымшарға айналған. 1951 жылы Ленин (ауыл Бостау), Кектерек (ауыл Тереңсай), Мектеп (ауыл Дауымбай) ұжымшарлары қосылып, орталығы да, аты да Ленин болып қалған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру, көтеру науқанының қызыған кезінде, яғни 1957 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің шешімімен (№223, 18.04.) осы ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) Кеңес шаруашылықтарына (совхоздарға) ауыстырылады. Оның орталығы Торанғұл селосы, яғни Ново-Покровка кеңшары болады. Тек 1962 жылы (24.12) Ново-Покровка, Заря, Марьевка кеңшарлары біріктіріліп, Торанғұл кеңшары атанады, жер көлемі 34 мың гектарға жетеді.

Дәл осы жылы Тереңсай ауылдық кеңесінө қарасты ауылдар бірігіп Ұ. Ұбыраев атындағы кеңшары жеке шаруашылық болып құрылады. Оған Мектеп, Қарашоқ, Көктерек, Қаратал, Ленин ауылдары кірген. 1979 жылы (27.05) Министрлер Кеңесінің шешімімен Ұсқақ Ұбыраев атындағы мал өсіру, семірту, сойылу жөніндегі мемлекеттік коопeração бірлестігінің мамандандырылған шаруашылығы атанып бой көтереді. Бұл күндері, Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, кеңес шаруашылығы өткен ғасырдың соңында (тоқсаныншы жылдары) тарап кетті. Еліміз нарықтық жүйеге көшіп, жер бөлшектеліп, жеке шаруа қожылықтарына таратылды. Ірі шаруашылықтар жойылғаннан кейін олардың аттары да айтылмайтын болды. Тек осы ауылдың аты ғана Ұсқақ Ұбыраев болып қалды.

Бұл жерде Ұсқақ Ұбыраев жөнінде айта кеткеніміз орынды болар. Ол Кеңес Одағының батыры. Ұлы Отан соғысында тамаша ерлік жасаған адам. Ұсқақ Ұбыраев Ленин (қазырғы Есіл) ауданындағы Қаратал (бұрынғы Приишим) аулында 1911 жылы туған. 16 жасында Қызылжардағы педтехникумға түсіп, оны 1930 жылы бітіріп шығады. Сол кездегі Ленин, Преснов аудандарында мұғалім болып істейді. 1942 жылы әскерге шақырылады. Горький қаласындағы Фрунзе атындағы әскери саяси училищеде оқиды. Одан соң атқыштар ротасының саяси жетекшісі болады. Жаяу-әскерлік командалық училищені бітіреді. Бірінші Белорус майданының атқыштар дивизиясында, атқыштар взводының командирі болады. Буде-Агустов селосының маңында неміс танкілерін, дзоттарын қирату кезінде, Мало-Боже селосы маңында көрсеткен ерлігі, айлакерлігі және қарамағындағы жауынгерлерге дұрыс басшылық жасағандығы үшін СССР Жоғарғы Кеңесі 1945 жылы 27 ақпандағы шешімімен Ұсқақ

Ыбыраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыстан кейін облыстық партия комитетінде қызметке орналасады. Партия мектебін бітіреді. Октябрь (бүгінгі Шал ақын) ауданында партия комитетінің хатшысы, Новопокровка кеңшарының партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарады. Соңғы қызметі Ленин ауылы, Теренсай ауылдық кеңесіне қарасты шаруашылықтың партия ұжымының хатшысы болады. 1965 жылы 16 шілдеде ауыр науқастан кейін қайтыс болған. Батырдың есімі мәнгі есте сақталу үшін оған осы кеңшардың аты, кейін Кеңшар тарағаннан кейін ауылдың аты беріледі.

Қазан төңкерісінен кейін елдің саяси ақуалы, мәдени салт-санасы, жаңа жағдайға көшіріле бастағаны белгілі. Сол кездің ыстық-суығына төзіп, қындығын басынан өткізген алдымен біздің аталарымыз болды. Олар: Тәжібай, Үрыспай, Әбіл, Бектұр, Әлмағанбет, Әбілмәжін, Жайлаубай, Сәрсекей, Сәйду, Балахмет, Елемес, Серәлі, Ерғали, Жұмағали, Таласпай, Болат, Мұхаметжан, Естекен, Сүлеймен, Құлмырза, Әlmіsh, Шал, Зікірия т.б. еді. Бұл аталардың бірін біліп, бірін еміс-еміс білемін. Ал, көзім көрмегендерін жазып отырғаным жоқ.

Ауылдың соғыстан бұрынғы жағдайын естүмен ғана елестетесін, есінді білгеннен бастасаң әрине, айту оңай. Бала болсақтағы соғыс кезіндегі көптеген жәйттер есте қалыпты. Сол кезден ептеп сыр шертейік.

Менің әкем соғысқа барған жоқ. Оған бір қолының кемдігі себеп болды. Ауыл балаларының көпшілігінің әкелері әскерге алынып, соғысқа кетті. Олардың көпшілігі оралмады. Бірақ қыншылықты жетім-жесірлермен бірдей көрдік. Қанды соғысқа қатыспаса да ерлігін елде көрсеткен Шөбек, Баяхмет, Шал, Қажымұрат, Бейсенбі,

Махмет, Уали, Сүлеймен, Садуақас, Майлан, Қадірөлі сияқты әкелерді атап өткен жөн. Қын-қыстау кезде елді қыншылықтан алып шыққан абзал адамдар еді. Әжелер болса соғыста жүрген балаларына жүннен қолғап, байпақ тоқып жатады. Жұмысқа жарамды ересек балалар мен қыз-келіншектер құмымырсқадай жапырылып, қыбырлап еңбек етті.

Сұрапыл соғыстың дүмпуі мен түтіні әлі басылмай түрғанда мүгедек болып елге оралған азаматтарымыз да бір тәбе. Оларды ақсақ, шолақ қол, басы-көзі тесілген, ауыр жаралы болса да жан олжа деп ел-жүрт қуана қарсы алып жатыр, тәубешілік деп әжелер көздерінің жасын сұртуде болды. Атап айтсақ елге тірі оралған әкелеріміз: Ишанғабыл, Қабдол, Рахымжан, Есмағанбет, Қази, Бекім, Хамит, Өсербай, Сәден, Садуақас, Қабдолла, Жанат, Қапан, Қожахмет, Бейсенбай, Әбу, Қабдылбари, Зұлқарнай, Жұма, Кенжеғара, Рахымжан, Қабдірашит, т.б. Аз да болса ауылдың кемтігін толтырған осы жауынгерлер елдің еңсесін бір көтеріп тастады.

Соғыстың басталуы біздің бала кезімізге тұспа-тұс келді. Соның әсері ме тез есейіп, буыннымыз тез қатайды. Қаршадай кезімізден үй шаруасына араласып қана қоймай, апаларымыз берін ағаларымызға, шешелеріміз берін аталарымызға көмектесіп, ұжымдық шаруашылықтың жұмысына араластық. Шынын айтсақ, сол соғыс кезінде 7-8 жастағы балалармыз. Сонда біз өзімізді үлкен кісідей сезінетін едік.

Ұйқылы ояу, көзімізді тырнап ашып, таң сәріден аттың басына мінеміз. Осы жаста ат құлағында ойнадық. Бұны үйреткен өмір.

Ол кезде шөп шабатын агрегат өтеп жабайы еді. Шөп машинасын қос өгіз тартады, оның алдына ат жегіліп бағыттаушы қызметін атқарады,

ат үстінде бала отырады. Машинаның үстінде отырған ересек адам екі өгізді айдаумен қатар шалғы агрегатын реттеп, бақылайды. Таңғы салқында, яғни күн арқан бойы көтерілгенше және кешкі салқында – күн еңкейген кезде жұмыс өнімді болады. Мал да, жан да қапаланбай еркін тыныстап жақсы жұмыс істей алады. Сөйтіп осыдан қас қарайып, көз байланғанша үлкеніміз бар, кішіміз бар дала жұмысынан қол үзбей қызу еңбек үстінде боламыз.

Әлі күнге дейін есімде 1951, 1952, 1953 жылдардың жаз ай-ларында біздің ауылдың оқушы жас жеткіншектерін шаруашылық басшылары әдеттегідей көмекке шақырады. Жұмыстың түрі мал азығын дайындау, яғни жем-шөп дайындау науқаны болатын. Жасымыз 15-16-лар шамасында болғанымен тесе темір үзетіндей жағдайымыз бар сияқты сезінетінбіз. Шынында да буыннымыз қатайып, бұлшық еттеріміз бұлтыып, өсіп қалған кез. “Жастық-жалын” дегендег бойымыз бен ойымыз бірдей дамып, оның үстіне еңбекке ерте араласып шынықсан жастармыз. Біздермен жастар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасайтын Қабиден, Қаражан, Рақымжан ағаларымыз еді. Рақымжан Әбілов ағамыз істің бас аяғына дейін бізben бірге болып, пішеншілер бригадасын өз қамқорлығына алды. Рақаң іскер, еңбеккор, білгір, сауатты, оқығанынан тоқығаны көп адам еді. Маяның төбесін шығаруды, оның массасын өлшеуді біз сол кісіден үйрендік. Кейде үйілген маяның, не шошақтың массасын көзben де дәл анықтай алатын.

Кейін шөп трактормен шабылып, трактормен жиналатын болды. Осы жиналған шепті біз қолмен айырлап, маялаймыз. Ауылдың жас жеткіншектері осы жұмысты тиянақты, әрі сапалы атқарып отырды. Жұртшылық бұл игі іске дән ыриза, істеген ісіміздің қаншаға бағаланғанын да

білмейтінбіз, әйтеуір жыл аяғында есеп жүргізіп, еңбек күнге бидай алатынбыз. Дегенмен Рақаң жүрген жерде қарнымыз аш болмайтынын білеміз.Мәселен күніне 9-10 жігітке 40-50 литр қымыз,4-5 кг ет, 2 кг сары май, 5-6 бөлкө нан келетін жұмыс басына. Қымыз алғашқы кезде бойды алып, маужыратып үйқыны келтіріп жүрді. Сонынан оны жарыса ішетін болдық. Үлкен емен бөшкеде шайқалып келген қымыз ашуы қайтып, дәмі жұмсара түседі. Одан соң ағаш көленкесіндегі салқын шұңқырға бөшкені түсіреді, сонда қымыз салқындайды. Кейін қымызға да, жұмысқа да үйреніп, шынығып алғаннан кейін ісіміз өне бастайды. Күніне 350-400 центнер шөпті үйіп маялаймыз. Орта есеппен әр адам күніне 40-50 центнер шөп үйеді.

Жазғы демалыста, осы науқан кезінде бойымыз өсіп, бұлшық еттеріміз қатаяды, ең қымбаттысы аға-інілер, құрбы-замандастар бір-бірін біле түседі. Олар: Өкеш, Ахметжан, Ерғазы, Әбеш, Төкен, Кенес, Әскер, Тыныс, Нәжікен, Нәкен, Жұмаш, Қабыш, Бекен, Қайыржан т.б. Осылардың көбі бүгінде арамызда жоқ ал, тірілері есейіп, ата болып отыр.

Балалық - бал дәурен, пәк көңіл. Өмірдің ашы-тұщысын, құлық-сұмдығын таңдамайтын ақ жүрек адап кез. Мен ауыл баласымын. Жастық шағым ауылда өткеніне қуанамын. Өйткені ададықтың, адамдықтың төркіні ауылда жатыр. Ауылдан шықсан бір ірі академияны бітіріп шыққандай боласың. Мәселен, біздің ауылдың ақсақалдары көпті көрген, арапша діни оқыған, қиссалар мен шежірені жатқа білетін білімді адамдар еді. Солардың ішінде ерекше атап өтуге тұратындар Зікірия, ақын Ерғали, Елемес молла, Серәлі деген ақсақалдар. Олар отызыншы жылдары құғын-сүргін көріп, құрбан болған Үкілі Ұбырай, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев,

Сәкен Сейфуллин сияқты ақсаңлақтарымыздың шығармаларын, өлеңдерін жатқа айтып отырушы еді. Онымен қоса бұрынғы өткен билерді, Шал ақын, Сегіз сері, жыраулар т.б. туралы сыр шертетін. Олар осы дүниелерді қалай ұғып алған деп танданатынбыз.

Біздің ұрпақ тез есейді. Оның шыңдалып, шынығып өсуіне үлкен септігін тигізген алдыңғы толқын ағалар мен апалар себепкер болды. Сондықтан солардың аттарын атап өткен жөн болар.

Ағаларымыз: Темірғали, Сәбит, Қабиден, Ережеп, Қаражан, Темеш, Аманжол, Қайнет, Қайыржан, Резиден, Фазез, Тарбақ, Қасым, Әшім, Сәлтәй, Хамза, Кейқуат, Зұлқан, Абылқайыр, Еслем, Сайран, Зият; Апаларымыз: Қапия, Жамал, Зада, Бөпеш, Құлбара, Зақу. Соғыс кезіндегі осы бюджеткендер мен бозбалалар әкелерінің орнын басып, шаруашылықты мықтап ұстап тұрды. Әттен, осылардың біразы өмірден ерте кетті.

Ауылдың атқамінер ер-азаматтары соғысқа кетті. Елде балалар мен жас жеткіншектер, әйелдер мен көрі-құртаң, өскерге жәрәмсіз деген бірен-сараң ағалар қалды. Сол бірен-сараң ауылды басқарып, билік тізгінін қолдарына алғаннан кейін адамдардың бірін алдап жұмсаса, екіншісін зекіп ұрсып, боқтап та алатын, тіпті шектен шыққандарын аттың бауырына алып сабап, дүре соғатын. Қайтсе де жұмыс жүрді.

Жастықта, өсіресе, балалық шақта дүние кең, қызығырақ сияқты, ал зауал шақта дүние тарылып кеткендей болады, бірақ адам өмірдің қызығына тоймайды екен. Ал өмірдің қызығы не? Соғыс па? Жоқ. Жегенімізге тоқ, ойынымызға мәз болып жүрген балалар – біздер соғыс зардабын сезбелеппіз. Асқар бел азаматтардың соғыста жүріп еліне жазған сағыныш хаттары ауыл қарияларына

сүйеніш үміт лебізін әкеледі. Бір кез қайғы сейіледі.

Қыншылық үлкендердің қабырғасын қайыстырады ғой! Әлі есімде, сол отты соғыс жылдары ауылда ер-азаматтар некен-саяқ қана қалған тұс, көбіне шаруашылықтың ауыр жүгі әйелдердің, қарттардың иығына түскен кез. Таңың атасы, күннің батысы бел шешіп отыруы аз, соқа айдал, жер жыртып, шөп шауып, егіп жинап әурешілік көрген де солар.

Өзім көрген апа-женгелердің соғыс кезіндегі сұрқы көз алдымда. Атап өтсек: Магиша, Ұмсын, Мәйкен, Мағрипа, Сара, Казкен, Әлпия, Шәку, Кулзипа, Мұқияш, Шәпия, Бибіш, Мәпа, Камел, Шәмшия т.б. (кейбірінің аттары ұмытылыпты) ала жаздай сабылып, маңдай терін төгіп алас үрған осы үлкен шешелер, апа-женгелеріміз бар ауыртпалықты өз мойындарына алып еді. Егін егу, шөп жинау, жанұяны асырау бәрі де солардың қолында, міндетінде болды.Шәу тартқан кемпіршал да, ши борбай балалар да жаутаңдап соларға қарайды. Соғыс кезінде ауылды күйзелткен жоқтық, жетіспеушілік емес, әр жанұяның қабырғасын қайыстырып, жүргегін өртеген бір парақ “Қара қағаз”. Соғыстың қызған кездерінде амандық хат аз келіп,“Қара қағаз” жиі келетін болды. Енді біреулерден не өлі, не тірі деген хабар да жоқ. Халық соғыс жылдары қан жұтып, іштеріне шер боп қатты. Я, соғыс зардабы көпке дейін кетпеді, соғыс жарасы көпке дейін бітпеді.


Соғыс басталғанда ер адамдар жаппай аттанады. Әйтеуір, аяғы бүтін, қолына қару ұстай алатын болса жасына қарамай жіберілген.

Біздің, Ленин ауылданан 70-тен аса адам соғысқа аттанады. Оның өлмей оралғаны – 23, ал қалғаны соғыс алаңында қаза болғандар. Ал, елге оралғандардың көбі жаралы еді, көрілікке жете алмай олар да өмірден ерте кетті.

Елде жүріп ерлік көрсеткен ағалардың елеулілерін қысқаша атап өтейік. Жоғарыда аталған ағайын ағаларымның ішіндең еті тірі, ең етене жақын бауырым – Қаражанды айтпай кетуге болмайды. “Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес” дегендег мени сонау соғыс кезінен қасына ертіп жүріп, тәлім-тәрбие берді. Ол үкімет шаруасына беріліп, белі қайысып жұмыс істеген адам емес. Үнемі жеңіл жұмыстарды атқарды. Бірде шаруашылықтың кілтшісі, бірде ферма басшысы сияқты қызметтерді жүргізді. Сабактан басым босап кетсе сол ағамның жаңында боламын. Ақылын тыңдаймын, жұмысына көмектесем, көбіне атын жегіп, божысын ұстаумен боламын. Стандарты жұмысшыларға нан жеткіземіз, тамағымыз да тоқ. Сол ағамыздың тәрбиесін, ақылын бүгінге дейін алып келдім.

Есетов Ережеп деген ағамызың жөнінде ерекше айтуды жөн көрдім. Өкесі ерте “Кұлақтарды жою” кезінде кеткен. Бірақ өмір оған теріс қараған жоқ. Талабы, еңбегі оны алысқа жетелеп, бақытты тұрмыс құрды. Өмірдің соққысына тап болып, жас інінде ауыр жүк түскен Епел оқуды ерте тастап кетті, өмірдің өзі ерте есейтті. Өзіндегі балалармен бірге ол да ересектерге ілесіп, өмір жүгін өгіздей өрге сүйреді. Көнбістік, көңтерлілік осы тұқымға бұйырған қасиет пе деп ойлайсың. Бұған Епелдің кейінгі бүкіл ғұмыры айрықша айғақ болады. Тұмасынан тұйық, сөзге сараң, кеуде соққанды сүймейтін, тәр тілеп тебінбейтін, адал еңбекті ғана білетін, ерінбейтін, тапсырғанды қанаты талса да тыңдырмай қоймайтын Епелді ел осы бір сипаты үшін сүйеді. Ол қырық алты жыл механизатор болып еңбек етіп; омырауына “Еңбек Қызыл Ту”, “Октябрь Революциясы”, “Ленин” ордендерін таққан еңбек жүлдегері. Өзі тұратын Шал ақын ауданында осы бәсте оның алдына түсетеңдер кемде-кем-ақ. Біреудің делебесін

қоздырып, төсін соққылататын медальдардың, мақтау грамоталарының неше атасы бар десем, ол да жалған емес. Соғыс басталарда алғашқы тракторға отырған ол техниканың неше түрін менгермеді.



Ауыл клубы

Бір сөзбен айтқанда, оны “Қажымас қара нар!” дейді. Осының ақиқаттығына оны білетін ауылдастары, Шал ақын ауданындағы Ұбыраев ауылының азаматтары айғақ болар еді. Оның есімін кезінде аудан басшылары да талай-талай ірі мінбелерден көпке үлгі қылыш, елге өнеге етіп ауызға алған-ды. Тың өлкелік Кеңесінің депутаты да болды.

Елдегі елеулі ағаларымыздың бірі Қабиден Шаинов еді. Соғыс жылдары “Еңбек әскерінде” болып, өз үлесін қосты. Қалған уақытын ауылда егіс бригадирлігімен өткізді. Алғашқы еңбек жолын механизаторлықтан бастаған болса, сол мамандығынан таймай зейнеткерлікке шыққанға дейін ауылшаруашылығы техникасын, оның мамандарын басқарумен өтті. Кеудесіндегі “Ленин”, “Құрмет белгісі”, “Еңбек Қызыл Ту” ордендері соның күесі болмақ.

Соғыс кезіндегі ауыртпалықтың зардабынан білімін аяқтамай, жастайынан жұмысқа араласқан механизаторлар Әбілхайыр Үсқақов (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері), Ахметжан Имақов (Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің “Қола медалінің” иегері), Темірбек Шалов әрі

механизатор, әрі малшы (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері) ерен еңбектің иегерлері. Соғыста жаумен айқасып, елде адал еңбек еткен механизаторлар Жанпейісов Зұлқарнайды, Ақышев Қабдірәшитті (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері), Ақантаев Қажахметті біз мактан етеміз.

Сонау отызынышы – ұжымдық шаруашылық құрылған кезден бастап басқарма болған ағаларымызды атап өтейік. Олар: Даулиев Сәрсенбай, Нұғманов Есмағанбет, Тоқпетов Қапез, Тапалов Сүлеймен, Құрманғожин Әлмағанбет, Сибанбаев Қарақоржын, Қалиев Қошқарбай, Ақпанбаев Салтай, Досымбеков Қази, Нұрғожин Еслямбек, Нұғыманов Сейсенбек, Қоспанов Бікан, Үрыспаев Қайыржан. Бұл жерде кімнің қай жылдан бастап, қай жылға дейінгі басқарма болғандығы жөнінде жазбай отырмыз. Үйткені аздал ауытқушылық болса, күдік туары сөзсіз, бірақ осы аталған адамдардың болғаны және елімізге қызмет атқарғандығы анық.

Кейін колхоздар (ұжымшарлар) совхоздарға (кеншарларға) айналды. Сол шаруашылықтың директорлары болып Қалихан Мамбетов, Әскер Кенжеғожин (1956), Есен Керейбаев (1968), Серікпай Елемесов (1981), Маңабай Үмітпаев (1984), Талғат Теменов (1992) сияқты білікті азаматтар атқарды.

Осы басшылардың соңғысы – Теменов Талғат “Ұзын қайыңың” құлайтын кезінде, халықтың ауыр күйзеліске ұшыраған шағында елдің еңсесін түсірмей байыппен ұстаған ақылды азамат. Шынын айтсам Талғат қаладағы қазақ мектеп-интернатын бітірген еді. Ол кезде мен мектеп-интернат директорының орынбасары едім. Аз да болса ақылымызды алып, бізден тәрбие алғандығы үшін мактан етемін.



ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРИ



Ақылшов
Кабдірашид
соғыс және
еңбек ардатегі



Сәйдиев Қабдол
Соғыс ардагері



Жәнпейісов
Зұлқарнай
соғыс және
еңбек ардатегі



Есетов Ережек
еңбек ардатегі



Әбілов
Рахымжан
соғыс және
еңбек ардатегі



Есетова-Хамзина
Капия
еңбек ардатегі



Өтбакиров
Өміржан
еңбек ардатегі



Имақов Ақметжан
еңбек ардатегі



Үмітбаев
Манабай
және
Ысқақов
Әбілқайыр
Сыйлық
тапсыру



Жүкенов Қаражан.
Еңбек ардагері.



Шәйінов Қабиден.
Еңбек ардагері.



Балақметов Зұлқан.
Еңбек ардагері.



Шалов Темірбек.
Еңбек ардагері.

**ЛЕНИН АУЫЛЫНАН 1941 ЖЫЛЫ
СОҒЫСҚА АТТАНЫП ҚАЗА БОЛҒАН
ЖӘНЕ ХАБАРСЫЗ КЕТКЕНДЕРДІҢ
ТІЗІМІ:**

- 1. АҚАНТАЕВ ӘБІЛҚАЙЫР** – 1903 ж. туған,
9.06.1943 ж. қайтыс болып,
Полтава облысы, Н-Сенжар
ауданының Оспугов селосында
жерленген.
- 2. АҚЛАДАНОВ СЕРІКБАЙ** – 1908 ж. туған,
30.03.1942 ж. қайтыс болып,
Бутаново селосында
жерленген.
- 3. АҚЛАДАНОВ ТІЛЕК** – 1906 ж. туған, 1941
жылдан бастап хабарсыз
кеткен.
- 4. АҚСЕЙТОВ ҚОЖАН** – 15.01.1943 ж. қайтыс
болып, Ленинград облысының
Целино селосында жерленген.
- 5. ӘЙТЕНОВ ЖҰМАҒАЛИ** – 1919 ж. туған,
2.04.1945 ж. қайтыс болып,
Польшаның Гдыня (Яново)
селосында жерленген.
- 6. ӘУБАКІРОВ НАҒАШЫБАЙ МҰҚАШҰЛЫ** – 1925
ж. туған, 25.01.1945 ж. Латвия,
Салдум ауданының Кункули
селосында жерленген.
- 7. БАЙТЕҢІЗ ҚАСЫМ** – 1900 ж. туған, 1941
жылдан бері хабарсыз кеткен.
- 8. БАЛАХМЕТОВ РАҚЫМЖАН** – 9.03.1944 ж.
қайтыс болып, Калинин
облысы Новоржев қаласында-
ғы Лысые мухи деревнясында
жерленген.

9. **БЕКТУРОВ КӘМӘЛИ** – 1906 ж. туған, 1943 жылдан бастап хабарсыз кеткен.
10. **БАЙТЕМИРОВ ИСАХМЕТ** – 1906 ж. туған, 26.08.1942 ж. қайтыс болып, Тверь облысы Зубков ауданындағы Поромеки селосында (Волга өзенінің жиегінде) жерленген.
11. **ДОСЫМБЕКОВ САДУАҚАС** – 1899 ж. туған, 1943 жылдан кейін хабарсыз кеткен.
12. **ЕЛЕМЕСОВ ҚАБДРАХМАН** – 1906 ж. туған. 1942 ж. бастап хабарсыз кеткен.
13. **ЕЛЕМЕСОВ ҚАБИ** – 1913 ж. туған, 1942 ж. бастап хабарсыз кеткен.
14. **ЕЛЕМЕСОВ ҚУАНДЫҚ** – 1913 ж. туған, 1942 ж. бастап хабарсыз кеткен.
15. **ЕСЕНГЕЛДИН РҮСТЕМ** – 1907 ж. туған, 1943 ж. бастап хабарсыз кеткен.
16. **ЕСЕНОВ МҰХАМЕТЖАН** – 1923 ж. туған, 1942 ж. бастап хабарсыз кеткен.
17. **ЕСМАҒАНБЕТОВ ОРАЗБАЙ** – 1904 ж. туған, 28.03.1943 ж. қайтыс болған.
18. **ЕСМАҒАНБЕТОВ БАБАН** – 1925 ж. туған, 1944 жылдан бастап хабарсыз кеткен.
19. **ЕСНАЗАРОВ ҚИСАМИ** – 1915 ж. туған, 10.07.1941 ж. қайтыс болып, Эстония Ристи станциясының Эялама селосында жерленген.
20. **ЕСНАЗАРОВ НҰРАХМЕТ** – 1914 ж. туған, 2.05.1945 ж. қайтыс болады.
21. **ЖАПАРОВ ӘЛМАҒАНБЕТ** – 1913 ж. туған, 1944 жылдан хабарсыз кеткен.

- 22. ЖАПАРОВ СӘЛКЕН** – 1923 ж. туған,
19.03.1943 ж. қайтыс болып,
Орал облысы Новосил
ауданының Простниково
селосында (№ 6 зиратта)
жерлен-ген.
- 23. ЖҰМАТАЕВ ЕСІЛБАЙ** – 1909 ж. туған,
29.08.1944 ж. қайтыс болып,
Латвия, Ляуонск ауданының
Яунзе селосында жерленген.
- 24. МАЖИТОВ МҰСАЙЫН** – 1915 ж. туған,
17.02.1942 ж. қайтыс болып,
Ленинград облысы Лодейно-
польск ауданының Лодейное
қаласында жерленген.
- 25. КӨКЕНОВ ҮСҚАҚ** - 1898 ж. туған, 1942 ж.
Харьков облысы Веселый
селосының маңында хабарсыз
кеткен.
- 26. КҮЛЕБАКИН ЕРҒАЛИ** – 1942 жылдан
хабарсыз кетіп, кейін үйге
келген.
- 27. ОРАЗТАЕВ ЖАНБІРБАЙ** – 1919 ж. туған, 1942
ж. бастап хабарсыз кеткен.
- 28. СЕЙТИМБЕТОВ ҚАЖИАКПАР** – 1900 ж. туған,
1945 ж. бастап хабарсыз
кеткен.
- 29. СЕЙТҚОЖИН АХМЕТЖАН** – 1924 ж. туған,
12.05.1944 ж. қайтыс болып,
Ленинград қаласындағы
Пискарев зиратына жерленген.
- 30. СЕЙТҚОЖИН СӘБІКЕН** – 1918 ж. туған, 1941
жылдың орта кезінен хабарсыз
кеткен.
- 31. СЕЙТҚОЖИН ОҚАП** – 1924 ж. туған,
13.03.1944 ж. қайтыс болып

- Ленинград қаласындағы
Пискарев зиратына жерленген.
32. **СЕЙТИМБЕТОВ ЕРЕЖЕП** – 1909 ж. туған,
18.01.1943 ж. Псков облысы
Великие муки ауданының
Лахны селосында жерленген.
33. **СМАҒҰЛОВ ҚАБЫЛАН** – 1914 ж. туған, 1941
жылдан бастап хабарсыз
кеткен.
34. **СЫЗДЫҚОВ МАЙДАН** – 1897 ж. туған,
15.08.1942 ж. Акопи
селосының жаңында
жерленген.
35. **СМАҒҰЛОВ МАНСҰР** – 1942 ж. бастап
хабарсыз кеткен.
36. **ТӘЖІБАЕВ ЖҰМА** – 1924 ж. туған, 1944
жылдан хабарсыз кеткен.
37. **ТОҚТАМЫСОВ ҚОНТАЙ** – 1920 ж. туған,
18.09.1942 ж. Волгоград
облысы Городище ауданының
Котлубань станциясы жолында
жерленген.
38. **ТУЛАҚОВ БАЛАХМЕТ** – 1901 ж. туған, 1943
жылдан бастап хабарсыз
кеткен.
39. **ТУЛАҚОВ МҮҚАШ** – 7.09.1943 ж. қайтыс
болып, Сүмны облысы Уменск
ауданындағы Шматив
селосында жерленген.
40. **ШАПЕНОВ ҚАБИДЕН** – 1915 ж. туған,
3.04.1944 ж. қайтыс болып,
Запарожье облысы
Мелитополь қаласындағы
“Красная Горка” зиратында
жерленген.
41. **КӨТЕЕВ ҚАБДАНБАЙ** – хабарсыз кеткен.

42. АБДРІХМАНОВ ӘБІЛМАЖЫН – хабарсыз кеткен.
43. МҮСЕТОВ ӘЛТИ – хабарсыз кеткен.
44. ҚОЗБЕКОВ ТАСМАҒАНБЕТ – хабарсыз кеткен.
45. ЖҰМИН ЕШМУХАНБЕТ - қара қағаз келген.
46. НҰРАХМЕТ НҰРТАЗИН - қара қағаз келген.
47. ХАМЗИН ТЕКЕБАС – хабарсыз кеткен.
48. СЕЙДАХМЕТОВ ШӘКЕН – хабарсыз кеткен.
49. ҚОЙБАТЫРОВ ҰАЙС – хабарсыз кеткен.
50. ТАЙБАТЫРОВ МУСАЙП – хабарсыз кеткен.
51. ӘБІЛМӘЖІНОВ ЕСКЕНДІР – хабарсыз кеткен.
52. ЖУНДІБАЕВ КҮЗЕМБАЙ – хабарсыз кеткен.
53. НАЗАРОВ ЖҮНІС – хабарсыз кеткен.
54. ЖҮНІСОВ МАЛГАЖДАР – хабарсыз кеткен.
55. ИСИН ОРАЗБАЙ – хабарсыз кеткен.
56. ИСИН ОРАЗАЛЫ – хабарсыз кеткен.
57. ӘБІЛКӘРІМОВ ҚАЖФАЛИ – хабарсыз кеткен.
58. НҰРЖАНОВ БАЛДАЙ – хабарсыз кеткен.
59. ЖАҚСЫБАЕВ АХМАДИЯ – хабарсыз кеткен.



**Мектептен сабақ алсаңыз
Алуа-шекер, балмен тең...
Шал ақын
БІЛІМ ОРДАСЫ**

Мектеп жөніндегі алғашқы сөзімді мына бір тарихи деректен бастағалы отырмын. Ленин орта мектебінің 25 жылдығын атап өткенде (1957 ж.) “Ленин Тұы” газетінде арнаулы бет берілген, сонда Ш.Садықов, А.Қалиахметов, Ш.Қарабеков, Қ.Баязиев, Қ.Базарбеков, Е.Сейдахметов, М.Нұрпейісов мақалалар берілті. Сол бетте жерлес жазушы-ақын Ғалым Малдыбаевтың “Біздің мектеп” деген жеті ауыз өлеңі шығыпты, соның үш ауызын келтірейін.

Есімде... ауылда оқу болмағаны,
Адамды надандықтың қорлағаны.
Есімде бұл серпіліп, күн нұр шашып,
Ауылымға осы мектеп орнағаны.

Есімде әкем жегіп кәрі биесін,
Алыстан тартты мектеп бөренесін
“Үрпағым келешекте оқыр-ау” деп
Білімге қосты о да өз үлесін.

Жасады жиырма бес жыл біздің мектеп,
Отанның ұл мен қызы өсті көптер.
Оқушы үрпақтарға қуанғаннан,
Әндетең, “міне біздің келешек” деп.

Мектептің шежіресі ертеден басталады.
1930-32 жылдары ауылда бастауыш мектеп қана болады. Оқыған мектебі бір бай-дың көмпеск-еленген үйі болатын, 200 сомға сатып алынған екен. Ауыл балаларының алғаш сауатын ашқан, мектеп менгерушісі Садуақас Жандосов деген

мұғалім. Әрине, өсіп келе жатқан шаруашылық орталығына бұл мектеп жеткіліксіз болды.
Құрылған ұжымдық шаруашылық басқармасы жаңа мектеп салу жөнінде шешім қабылдайды.
Көкшетаудың Зеренді өңірінен, келісім бойынша, қарағай тасылады.

Оны өгізбен, атпен ұзартылған арба дөңгелектерін пайдаланып әкеleінеді. Ауыл адамдары мен орыс шеберлері екі жылда осы құрылышты аяқтап шыққан, яғни 1932 жылы. Содан бастап оқушылар саны көбейіп, сыртқы ауылдардан да жастар ағылып келе бастайды. Оқу құралдары мен оқулықтардың тапшылығын былай қойғанда, білікті мұғалім-ұстаздардың жетіспеуі үлкен қындықтарға әкеleіп соқтырғаны айтпаса да түсінікті.

1933-1934 оқу жылы тәртжылдық мектепте екі мұғалім болады, 1934-35 оқу жылы 5 класс ашылады, 5 мұғалім, 1938-1939 оқу жылы 7 жылдық мектепке айналады, 9 мұғалім болады, 1936-37 оқу жылында мектеп директоры болып Жандосов Садуақас, одан кейін Сейтпеков Сейпі (Жаңажолдан) тағайындалады. Келесі оқу жылында оқушылардың саны 500 ге жетеді. Сондықтан ауылда 6 пәтер үйі және жетім балалар үшін интернат (пансионат) ашылады. Осы кезде 13 класс тобы, 14 мұғалім болған еken. Алғаш мектепте, жоғарғы сыныптардың ашылуына байланысты, мұғалімдік қызметті атқарғандар (соғысқа дейін) Аханов Ихия - тарих пәнінен, Малаев Ерғали - математика, Өттөев Евней - өскери дайындық, Қалиахметов Ахметжан, Жұнісов Малгаждар, Габбасов Мәжікен, Габдылхақов Әділ, Мұсабаев Күзембай, Исатаев Габбас, Халықов Ұәли, Байкенов Зарап, Тұрлыбаев Қабдірашит т.б.

Аханов Ихия Омбыдағы, я, Қызылжардағы кеңес партия мектебінің оқытушысы болған. Ұлты

башқұрт (естек). Қазақстанда мұғалімдерден алғаш "Ленин" орденін алған адамдардың бірі. Кезінде Қазақстанның басшысы болған Жұмабек Шаяхметовті оқытқан адам. Елуінші жылдардың басында ол біздің ауылға келіп, Ихия атамызға осы "Ленин" орденін тапсырып кеткенін көзіміз көрді. Ихия Ақановтың Батыр, Сапыш, Бірлік, Сәуле деген балалары болды. Сапыш осы мектепте үстаз, ал Бірлік осы мектепті күміс медальмен бітіріп, Москвадағы Тау-Кен институтын аяқтады, инженер, техника ғылымдарының кандидаты болды.

Малаев Ерғали Орал облысының тумасы, жетімдер үйінде тәрбиеленген, отызыншы жылдары Москвандың инженер-транспорт институтында оқыған. Кейін Омбы педагогикалық институтындағы физика-математика факультетін сырттай оқып бітіреді.

Мұсабаев Күзембай алғаш Дауымбай ауылы (Мектеп) мектебінде істеп, одан кейін Ленин орта мектебіне ауысады. Содан әскерге алынып, соғыс жылдары қаза табады, елге ол жөнінде қара қағаз да келіпти.

1942 жылы Ленин орта мектебі өзінің алғашқы түлектерін ұшырады, небары 10 адам: Әубакова Қадиша, Бижігітов Шәкір, Есенжолов Науша, Жетпісов Хамит, Жаманбалина Шолпан, Жұнісов Малгаждар, Сейтпеков Мыизат, Тәжібаева Нұржамал, Қасенова Шәрипа, Есенов Кәкім.

Сол кездегі мектепте оқыған балалардың саны жайында қысқаша айта кетейік 1933 жылға дейін бастауышта 35 бала оқыған, одан кеін оқуға 87 бала тартылады, ал 1938 жылы мектепке келетін оқушылардың саны 200 дән асып түскен. 1940-41 оқу жылында балалардың саны 500 дән асқан, әрине, мектеп жаңындағы интернаттың ашылу жағдайына байланысты жәйт. Соғыс

жылдары оқушылар саны мектепте 150 дән аз-ақ асатын болады.

Соғыстан кейінгі жылдарда оқушылар саны күрт өзгереді. 1949-50 оқу жылы – 259, 1950-51 оқу жылы – 409, 1951-52 оқу жылы – 334, 1952-53 оқу жылы – 418. Бұл кездері интернатта да 80-90 оқушы болған.

Елуінші жылдардың қарсаңында бүрынғы мұғалімдерге жаңадан ұстаздар қосылады. Олар: Божатов Күзембай, Ұәлиев Зейнеш, Бимендин Жанатай, Бектұров Темірғали, Нұртазина Бикен, Таушаров Айтжан, Мұқанов Қасет, Асқаров Ермағанбет, Шоқатов Қажи, т.с.с.

Ал, алпысыншы жылдардың орта кезінде мектеп ұжымы тәжірибелі мұғалімдер мен толыға түседі: Есмағзи Жусиев, Аманжол Спаин, Жұмаш Сейтпеков, Шаяхмет Қуандықов, Ұлсара Мусина, Малкен Баймышева, Зияш Матенова, Бөпеш Нұрғалиева, Сейілхан Шаяхметов, Қазжан Махметов, Мейраш Әбілкарімов, Әлім Шегенов. Жетпісінші жылдары Илькович А.И., Ләйлә Жетпісова, Аклима Нұртазина, Зекеш Макенов, Зөуреш Қайырбекова т.б./Бұғынгі ұстаздық етіп жүрген жастар – келешектің тарихы. Сондықтан оларды атамай отырымыз.

Мектепке соғыс қызған, от-жалынды жылдары бардық. Көбіміз дәл оқуға барада жаста, ал кейбіріміздің жасымыз асып кеткен шақта білім ұсының табалдырығын алғаш аттаған едік. Қызыл шатырлы қарағай үй болатын.

1943 жылдың күзі. Бір таба күлше нанды қолтығымызға қысып, 3-4 шақырым жердегі станнан ауылға келдік. Мен әжем үйіне орналастым. Нан демекші, бидай қамырынан иленіп, оқтаумен тегістелген дәңгелекше күлшени далаға жаққан оттың астындағы күлге тастайды. Ол пісті-ау деген кезде оттан алып, көк шөптің үстінен тастай береді. Суығасын олардың қарайып

күйген тұстарын пышақпен қырып, тазалайды. Одан кейін оларға қаздың қауырсынымен май-қаймақ жағады. Мұндай күлше-нанның дәмі ауыздан кетпейді, тамаша!

Егіс науқанының қызған шағы, 1-ші қыркүйек – оқу жылының басы. Алғаш оқуға келген бірінші сыйыптың оқушылары парталарға отырып жатыр. Жоғары сыйыптарда оқушылар бірен-саран ғана. Тұрмыс ауыртпалығына байланысты оқуға келмей қалғандар да баршылық. Көбімізде оқулық пен жазу дәптеріміз, қаламымыз бола бермейді. Бар “байлығымыз” – қара қарандаш пен жолдарының арасына жазу үшін өлде қайдан тауып, жинастырып алған орыс ертегілерінің сарғайып, тозған кітаптары.

Үсті-басымыз, киім-кешегіміз де онып тұрған жоқ, жұпны ғана. Кигендеріміздің бәрі дерлік жамау-жасқау, ескі-құсқылар. Бірақ бұған ренжіп жүрген, оған баса көніл бөліп жүрген адам жоқ. Үстаздарымыз орта мектепті өздері толық тәмемдал үлгерген жас бойжеткендер: Зақу Шалқызы, Назиқа Көлдейқызы, Күлшара Қасымқызы, Сапыш Ақанова сияқты елдің өрімдей қыздары. Әрине орта мектеп болған соң мұнда Сейипи, Иқия, Қажи сияқты тәжірибелі, қартаң мұғалімдер де болды. Өкінішке орай, олардың кейбірінің есімдері бүгіндері есте қалмапты.

Алдағы аталған апайлар мектепті бітірер-бітірместе елде мұғалім болып қалды. Сауатты, білімді ағалар соғысқа аттанды, олардың орынын мектепте осы жас қыздар-апаларымыз толықтырыды. Олар Көкшетау мен Қызылжар қалаларындағы мұғалімдер дайындастын жедел курстарда оқып, кейін педагогикалық училищелерді бітіреді. Сөйтіп, арнаулы орта білімдерімен бастауыш сыйыптардың оқушыларын оқытты, жақсы маман мұғалімдер болды, содан бәрі де зейнеткерлікке шықты.

Ең алғаш өліппені үйреткен, есеп үйреткен сол жаны жайсаң жандарға мен осы күнге дейін мың бір алғыс айта жүремін. Басқа ауылдардан келіп оқитын балалар үшін мектеп-интернат ашылып, жұмыс істеді. Онда оларға үш мезгіл тегін тамак берілетін. Сондай-ақ мұнда жергілікті балалар үшін де тұстік ас дайындалады. Суы мен тұзы мол қара нанды қолмен сықсан, саусақтарыңың арасынан су тамшылап тұратын сол нан кезінде талай баланың жанына қуат беретін. Соның арқасында ешкім аштан өліп, көштен қалған жоқ демекпіз.

“Жыл” деген ат басын бұрганша, “ай” деген аунап тұрганша- дегендейін сол айлар мен жылдардың зымырап өте шыққанын да кезінде байқамай қалдық-ау! Жастық шақта онша еленбекен көп жәйіттерге ғұмыр жасың ортадан асқанда басқаша қарап, сағынышпен еске алады екенсін! Бір қызығы – сол тәтті балалық дәуреннің қызықты күндере қазір компьютерде жазылып қалғандай көз алдыма жи елестейді. Жүріп өткен жолың, сонында қалдырған ізің осы күні көз алдында айна-қатесіз көлбендейді.

Мениң алғашқы парталас дос-жарандарым Өкеш, Ахметжан, Болат, Хамит (Доми), Тыныс, Өскер, Маймак, Гера еді. Алғыр ойлы, оқу үздігі болған неміс баласы – Герольд барлық пәндер бойынша өте жақсы үлгеруі себепті бір сыйыпты аттап өтіп, мектепті бізден бір жыл бұрын бітірді.

Соғыс жылдарындағы жоқшылық пен жетіспеушілік зардабы халықты мәдени-рухани жағынан да күйзелтті. Пионер, комсомол үйымдарының бірен-саран жиындары мен шағыншарпы концерт-ойындары болмаса, басқа көңіл көтеретін мазмұнды шаралар жоқтың қасы болатын. Рас, айна 2 рет ауданнан кинофильм өкелініп тұратын. Ол кезде қазіргідей жоғарғы вольтты электр желісі болмағандықтан киноны

мотормен жүргізіп көретінбіз.Ол өзі жи сөніп қала беретін,біз киноны аяғына дейін көру үшін мотордың құлағын кезек-кезек бұрап әлектенетінбіз. Соның өзі бізге қызық сияқты еді.“Катюша”,“Марина” сияқты соғыс туралы кинофильмдер біздер үшін өте қызықты көрінетін. Сондай-ақ жылына бір рет ауылымызға Қызылжар қаласы филармониясының әртістері концерт қойып кететін.

Олардан менің есімде қалғандары: Үсқақ және Мархаба Иманқұловтар мен Игібай Әлібаев. Рас, өнерлі адамдар ауыл ішінде де болатын, мысалы Ергали Асылтаев әнші, әрі суырып салма ақын еді. Түрлі жиын-тойларда біз оны сүйіп тыңдайтынбыз. Кейін оның қызы – Зураш та өлең айтып,әншілігімен көзге түсті. Ақын, әрі жерлес жазушы Фалым Малдыбаев та біздің ауылда тұрып, біраз жылдар мәдениет ошағына үйтқы болды. Кейін ол Зураш апайымызға үйленді. Әлі есімде бірде мектебімізде Молдахмет Тырбиевпен (оны Тырбидың Молдахметі дейтін) кездесу кеші болды.Оқушылар залға лық толды. Кішірек балалар алда, сәкі үстіне отырдық, ал үлкендер артында тұрды. Алдағы жақта тұс киіз тәселіп,оның үстіне Молдахметті қолтықтап әке-ліп отырғызды. Ол кісі аласа бойлы,толық денелі, пысықша адам екен. Есімі облысқа, республикаға таныла бастаған облыстың белгілі ақындарының бірі болатын. Ортаға шығысымен ол домбырасының құлағын бұрап, бабына келтірді де шертіп-шертіп жіберіп, домбыраға қосылып әнді әуелетіп әкетті. Әбден шабыттанған кезде ол ән әуенімен бірге қозғалақтап отырған қүйі жылжи-жылжи біздің тіземізге келіп тірелді. Өнеріне тәнті болған халық қолпаштап, қолдарын аяусыз соғып жатыр. Бала болсам да ақынның халық алдындағы беделін, оның шеберлігіне деген шынайы ризашылықтарын анық сезіндім.

Міне, қазір алдында сол Молдахмет Тырбиевтың Кенен Әззербаевпен түскен фотосуреті жатыр. Бұл оның облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып, талай өнер көрсеткендігінің айғағы. Осында тума дарын иесінен “бір мұра қалмады-ау” деген ойда жүргенімде, Молдекең туралы бір шағын естелік кітап (Қ.Салықовтікі) көзіме жарқ ете түсті. Қатты қуандым!

Соғыс дүмпуі басылды. Жас жеткіншектердің оқуға, білімге деген құштарлығы, еңбекке деген талғынысы аса арта түскен шақ. Мүмкін бұл соғыстан қалжыраған халықтың рухани қажеттігі ме, білмеймін. Әйттеур, жаңа бетбұрыс басталғандай болды. Ауылдағы өмір бізді еңбекке ерте баулыды. Беліміз қатаймай жатып, қандай-да болмасын жұмысты (үйдің, я қоғамның) тартынбай істейтін болдық.

Соғыстан кейінгі мұғалімдер Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Есім Смағұлов, Қалау Тайжанов, Сәден Байбатыров, Шәкім Нұртазин, Жетпісов Хамит, Мұқанов Әбық, тағы сол сияқты аман сау, немесе жараланып қайтқан ардагер ұстаздар мектепке оралып, ортамызды толтырды. Олар мектебіміздің іргелі білім ошағына айналуына сүбелі үлес қосқан асыл ағаларымыз, ұлағатты ұстаздар.

Мектеп ашылғаннан бері осы оқу орынын басқарғандар (директорлар): Жандосов Садуақас (кейін “халық жауы” атанип айдалып кетеді), Сейтпеков Сейпі, Садықов Шияп, Сауытбеков Сейтен, Қоспанов Қайрош, Баязиев Құрмаш, Қасымов Шекен, Рақымбердина Базира, Баржақсин Есен. Осылардың соңғы бесеуі мектептің түлектері. Есен Баржақсин осы елдің тұмасы, алдыңғы ағалардан оқыған, олардың істәжірибесін тоқыған, тәрбие көрген үлгілі азамат. Бүгінгі мектепте істеп жүрген жас ұстаздарға,

жалпы ұжымға үлкен сәттілік тілейміз! Алғашқы ағалардың салып кеткен жолын, ұлгі-дәстүрін жалғастыра береді деп сенеміз!

Ленин ауылының сән-салтанаты мен мәдениеті ежелден сол аймақтағы елдерден оқ бойы жоғары болатын. Оның себебі географиялық, орналасуы немесе халықтың шоғырлануы ғана емес. Бастысы - өнерлі адамдары. Нақтылап айтсақ, сол кездегі ауыл мәдениетінің үйтқысы - мұғалімдер. Ол кезде орта, арнаулы орта, жоғары білім тек мұғалімдерде ғана болатын. Есілдің қос қанатында қоныстанған біраз ауылдардың балалары осы Ленин орта мектебіне оқуға келетін. Облыс бойынша орта білім беретін қазақ мектептері соғыс жылдары, одан кейінгі жылдары санаулы-ақ еді. Ауылымызда бірлі-жарым басқа ұлт өкілдері де тұратын. Олар: орыс Журавлевтар, Шаловтар, Ильковичтер жанұялары және соғыс жылы көшіп келген неміс Бельгерлер жанұясы. Олардың балаларының бәрі де қазақша оқып, қазақша сөйлейтін. Яғни олар жергілікті ұлтпен етene жақындастып, біте қайнап, сіңісп қеткен. Кейінгі жылдары басқа ұлттардың саны арта түсіп (тың көтеру кезінде), ауыл халқының ұлттық құрамы күрт өзгерді.

Бұл мектепті бітірген түлектерді сонау қырқыншы жылдардан бастап есептесек ондал емес, жүздеп емес, мыңдал санауға болады. Со-лардың ішінен ерекше елеулі азаматтарды атай кетейік. Олар: Сәлім Құрманғожин, Анатолий Шалов, Уәп Латанов, Мәркен Ахметбеков, Герольд Бельгер, Хамит Біржанов, Ермек Қонарбаев, Жараспай Нұрқанов т.б. бұлардың кімдер екенін айтпай-ақ та жұртшылық біледі. Ауылшаруашылығының мамандары: Қаби Оразалин, Бекет Жұсіпов, Қалиолла Ережепов, Игібай Шалов, Нәби Нұртазин; Инженерлер: Еслям Ақбасов, Қаратай Зейнолов, Бірлік Ақанов, Төлеген Шаяхметов,

Бейсен Алжығанов, Қыдыр Ескендіров, Есен Садыков, Думан Нұрғалиев, Базарбай Махметов, Әұлат пен Қанат Әбіловтер, Халықтық банкінің бастығы Жомарт Қажырахымов, Салық полициясының бастығы Марат Ескендіров, Ұстаздар: Раш Файсина, Қағида Базарбаева, Мариям Мусина, Мұрат Нұрғалиев, Бағылан Құсанова, Қайрош Қоспанов, Ғазез Жахин, Әлия Молдыбаева, Мәкеш Садықова, Зәуреш Қайырбекова, Жұмаш Сейітпеков, Қабиболла Рахымжанов, Данагүл Таласпава, Ғылыми адамдар: Болат және Женіс Құсайыновтар, Зайкен Оразтаева, Г.Абілкарімова, Ержан Ақбасов, Әскерилер: Генерал- Әлімжан Ахмадин, полковник - Қобылан Хамзин т.с.с. тізім тоқтамайды, жалғаса береді.)

Әрине, әркімнің оқыған мектебі өзіне ыстық. Мен бұл мектепте қызмет істемесем де, әрқашан тілекtes болып жатамын. Мектептің тарихын толық қамту мүмкін емес. Есту, сұрастыру, мұрағат деректеріне сүйеніп, өз оқыған кездерімнің елестерін айта отырып жаздым. Бұдан әрі "Ұстаздар, шәкірттер сөйлейді" деген бөлімде мектеп тарихы толыға түсері сөзсіз.

Енді өзім жөнінде бірер сез айтайын. Ертеде ақсақалға сәлем берсөң, "молла бол" дейтін. Біз оны мұғалім бол дегендей түсінетінбіз.

"Ұстаздық қылған жалықпас... Баламды медрессеге біл деп бердім..." деп Абай айтқандай өрбір ата-ана баласын жақсы мектепке беріп, тәжірибелі ұстазда оқытқысы келеді. Мысалы кезінде мұғалімдік қол жетпейтін мамандық болып саналатын. Олардың жүрісі де, сөзі де, ақылы да, киген киімі де бізге үлкен үлгі, өнеге болатын. Сондықтан да болар 40-50 жылдардағы мектеп түлектерінің дені мұғалім мамандығын таңдалты.

Шынын айтсам ұстаз боламын деп ойлаған жоқпын. Әке-шешем де кім болғың келеді деп сұраған емес. Он жыл оқығанда баламның жайы

қалай деп мектепке де келген жоқ. Соған қарашаңда оқуым да, тәртібім де нашар болмаған ғой деп ойлаймын. Кейбір ата-аналар баласының қабілетін, табиғи сапасын анық байқамай жатып менің балам ғалым, ақын, суретші т.б. болады деп күні бұрын айдар тағып қояды. Бұл әрине, үлкен қателік деп есептеймін. Балаға мамандықты өмірдің өзі таңдайды.

Елу тәрттің жайдарлы жазында мектепті бітірдік, 44 окушы едік. Өгіз сойып, қаладан екі бөшке сыра алдырып, бие байлап, қымыз аштып, дүрілдетіп той өткіздік.

Атестатты алғаннан кейін бәріміз де тарамтарам жолға шықтық. Он бір қыз және арасындағы жалғыз жігіт – мен шахтерлар қаласы-көмірлі Қарағандыға тарттық. Шешелері “алдымен аллаға, сосын саған тапсырдық қыздарымызды” деп жылап-сықтап шығарып салды. Қарағанды байқала. Адамдары да ақжарқын, ниеті кең, көнілі ашық. Біздің елден шахтерлер де, студенттер де, қызметкерлер де аз болмай шықты. Бәрі де құшақ жая қарсы алды. Олар: Бірлік Ақанов, Еслям Ақбасов, Құймаш Мұқалиев, Бейсен Алжығанов, Қайрош Қоспанов, Қамзабай Бекетов, Базарбай Махметов, Қайыржан Бегенов (менің ағам), Қамия апамызың бер Ықыжан жездеміз т.б. Құдай сәтін салып Педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсіп кеттім. Оқыдық. Бес жылымыз студенттік өмірге кетті. Қарағанды қаласының ауасы метан газымен (шахта астынан шығатын) араласып иіс-қоңыс болып тұрады. Оның үстіне жер астынан шыққан көмір қоқыстары күні-түні жанып жатады. Осының бәрі ескі Қарағандының берекесін кетіріп, адамның басын ауыртады. Бір сәт ауыл еске түседі. Ауылдың жасыл шебін, ақ қайындарын, Есілдің мөлдір сүйн, жұпар иісті ауасын

сағынышпен аңсайды адам. Әсіресе алғашқы жылдары сағыныш сезімі жиі-жі оянатын.

Оқу бітіріп Қарағанды қаласында мұғалім болды. Қызыл-жарға келіп № 2 қазақ мектеп-интернатында 8 жыл мектеп директорының орынбасары, 10 жыл директоры болып, облыстық оқу бөлімінде 11 жыл қызмет атқардым. Абыройсыз болғаным жоқ. Құрметті демалысқа аман сау шықтым.

Бұл күндері сүйікті мектебіміз Мәркен Ахметбеков атында. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін жер, су, ауыл, қала, оқу орындарының аттары өзгеріп жатыр. Мәркен жаңымыздығы Қаратал ауылының тұмасы, өткендегі атақты Шал ақынның үрпағы. Ол аталағып отырған мектептің түлегі, күміс медальмен бітірген. Одан кейін Алматы майдарігегерлік институтына түсіп, үлгілі аяқтайды. Туған жеріне оралып, зоотехник, кеңшар директоры, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші қатшысы қызметтерін атқарып, сатылай жоғарылай өскен адам. Мәскеудегі Орталық партия комитеті жаңындағы қоғамдық Ғылымдар Академиясына түсіп, оны да үздік аяқтайды. Содан кейін облыстық партия комитетінің екінші қатшысы қызметін атқарады. Облыстық халық депутаттары кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып салланады. Екі рет “Еңбек Қызыл Ту” орденімен және “Құрмет” белгісі орденімен маралпатталады.

Маркен Ахметбекұлы Ахметбеков Қоғам және Мемлекет Қайраткері. Оған ауыл мектебінің атын беру-есімін мәңгі есте сақтау деп білеміз.

М. Ахм. Ахметбеков



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ



Сейтбеков
Сейип



Садықов
Шияп
Саддықұлы



Сауытбеков
Сейтен
Лиманұлы



Баязиеv
Құрмаш
Баязиұлы



Қоспанов
Қайрөш
Қоспанұлы



Қасымов
Шекен
Қасымұлы



Баржақсан
Есен
Темірғалиұлы

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ.

Мектебіміздің сол кездегі директоры Шияп Садықұлы орта бойлыдан сөл жоғары бойы бар, шашын артына қайырған ақ сары, арықша келген әдемі адам еді. Сырт бейнесіне қарасаң асқан сабырлылықты, үстіне шаң жұқпаған тазалықты көресің, ал ішкі дүниесіне үңілсең де байсалдылық пен ақылдылықты бай-қайсың. Бұның өзі мұғалімдер ұжымын, балаларды, мектепті тәртіп-тілікке, жинақылыққа, творчестволық жұмысқа жұмылдырып, үлкен іске бағыттайтындығы сөзсіз.

Мектеп ішін былай қойғанда, көшеде жүріп келе жатып түкіруге, шемішке шағуға, дәрекі сөйлеуге болмайды. Ондай ерсі қылышты Шияп ағай көрсе немесе естісе қатты ренжитін. Ұрыса ма? Жоқ! Ол ондай баланы кәбинетіне апарып, екі көзін қысыңқырап, жанына келіп, ақырын ғана "Осы ұят емес пе?" - деген сөзі етіңнен өтіп, сүйегіңе жететін. Балаларды былай қойғанда ауыл адамдары Шәкенәнді көргенде тоқтап, иіліп сәлем беретін.

Ауылдың атқа мінер азаматтары, тіпті ауыл басшысы басқарма да мектеп директорымен ақылдасатын, санасып отыратын. Шіркін, Шияп ағайдың жұбайы Мисалым тәтемізді айтсаншы! Аса мәдениетті адам еді-ау! Сабакта да, көшеде де өзінен үлкен-кішілермен, шәкірттерімен үнемі "Сіз" деп сөйлесіп өткен адам! Шияп Садықұлы математикадан сабак берді. Ол жоғары білімді Омбы қаласында алған. Мен ол кісіден көп дәріс алғаным жоқ. Себебі көбіне басқа мұғалімдерден оқыдым. Кей кезде ғана бізге де сабак беретін. Бір теореманы айтады да, оның берілуін, дәлелденуін тақтаға әдемілеп жазады, суретін салады. Өз жазғанын арт жаққа барып қарайды. Сосын барып оқушылармен жұмысқа кіріседі.

Сабак берудегі дәлдігі (сөйлеу, жазу мәнері) математика пәнінің талабына тұра сәйкес келуіне таңданасың.

Шияп Садықұлы жайында кеңірек айта кеткен жөн болар. Ол 1913 жылдың 16 маусымында Ақмола облысы Ақмола ауданындағы Қарашибіл ауылында (бүгінгі Талапкерде) туған. 13 жасында әке-шешеден жетім қалады. Сондықтан “Қазкоммуна” деп аталатын балалар үйінде тәрбиеленіп, оқиды. 1930-1932 жылдары казпетехникумда оқиды. Шымкент қаласында мұғалім болып істейді. Одан кейін Омбы қаласындағы Педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсіп, оны ойдағыдай аяқтайды. 1937-40 жылдары облысымыздың Майбалық орта мектебінде (бүгінгі Жамбыл ауданы) оқу ісінің менгерушісі, одан кейін директоры қызметін атқарады. 1941 жылы міндетті өскеріне шақырылады, сол кезде соғыс басталып кеткен. Соғыста жарапанды. Облыстық оқу бөлімінде, одан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебіне оралып, 1963 жылға дейін мектеп директоры болып қызмет атқарады 20 жылдан артық. Арасында партия қызметінде де болды. Соғы жылдары осы мектепте математика пәнінің мұғалімі болады, яғни 1975 жылға дейін.

Шияп Садықұлы Садықов оқу ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім атағына ие болады. Соғыс жылдарындағы ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының I-II дәрежелі, “Қызыл Жұлдыз” ордендерімен марапатталады.

Шияп ағайдың оқу-тәрбие саласында атқарған ісі ұланғайыр. Оны шәкірттері, бірге болған әріптестері, жұртшылық айқын біледі.

Осы ауылда Шияп Садықұлының өзінен екі жас үлкен Шаймерден деген ағасы болды. Өте

сауатты, білімді, елге сыйлы адам еді. Көп жыл партия қызметінде болды.

Қорыта айтқанда Садықовтар жанұясының біздін елге оку-ағарту саласында сінірген еңбегі ерекше елеулі болды демекпіз.

МЕКТЕП МҰҒАЛІМНЕҢ БАСТАЛАДЫ

Мұғалім деген сөз көңілге жылы тиеді. Кезінде – біз мектепте оқып жүргендеге ұстаз деген сөзді, аты мен әкесінің атын атауды білмеуші едік, "апа", "аға" деген сөздерді де айтпайтынбыз. Мектепке қатысы бар үлкен адамдардың барлығын "Мұғалім" дейтінбіз. Сол мұғалімдердің көңілде ізетті із, жүректе жылы лебіз қалдырындарын атап өтсек артық болmas. Ол кезде қазақ мұғалімдері көбіне ерлі-зайыбымен мектепте сабак берді. Солардың көпшілігі ортамызда бүгінде жоқ.

Алдымен Жанғали Құсайынов пен оның жұбайы Нұрсұлу Құсайынова жөнінде сөз қозғайық. Жакең де, Нұрсұлу апамыз да үлгі-өнеге тұтатын адамдар, атақтары елге жайылған азаматтар.

Айтулы тұлға, тарих пәнінің мұғалімі, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Жанғали Құсайынов, соғыс ардагері. Шияп ағамыз соғыста бір бармағынан айырылып келсе, Жәкең бір қолын майдан шебіне қалдырыған солдат – мұғалім.

Жуас, қыз мінезді, аңқаулығы да бар, бірақ мейлінше адал адам болатын. Оның есесінене зайыбы Нұрсұлу жеңгеміз - өткір, ашық та, пысық кісі еді.

Кезінде Қазақстан Республикасының Жоғары Кенесінің депутаты болғаны белгілі (1947). Ол

кезде мұғалімдерден депутат болып сайлану сирек құбылыстын, бұл ретте озат диқаншы, механизатор, сауыншыларға басымдылық беріліп, депутаттықа солар жиі сайланатын.

Есімде қалғаны – Нұрсұлу апайымызды депутат болғанда маңайдағы ауылдарды пар ат жегіп кәшәуа шанаға отырғызып аралатқаны, шаруашылық қенсесіне кілеммен көтеріп әкелгені.

Жакең де, Нұрсұлу да Алматының педагогикалық институтын бітіргеннен кейін сол жақта ұстаздық жұмысын бастайды. Одан кейін Қызылжар жеріне келіп, педагогикалық училищеде ұстаздық етеді. Жәкең соғысқа алынады, ауыр жараңып, елге оралады. Ленин орта мектебінде көп жыл ұстаздық етіп, зейнеткерлікке шыққанша (1968 ж.) адал еңбек етті. Ол оқу ағарту ісінің үздігі және Ұлы отан соғысындағы ерлігі үшін бірнеше орден және медальдармен маралатталған.

Ал, Нұрсұлу Назарқызы жеңгеміз көп бала есірген даңқты-батыр ана еді. Женіс, Болат, Бағлан т.б. балалары білімді, белгілі ел азаматтары болды.

Соғыс алдында, соғыс жылдары, одан кейін де мектепте үзбей адал еңбек еткен ауылдас ағаларым, қажырлы, қайратты, сүйікті ұстаздар Ахметжан Қалиахметов пен Сәден Байбатыров болатын. Олар оқу ағарту ісінің озаты. Ахан еңбек ардагері, Сөкең соғыс ардагері еді.

Оқыту ісінің майталмандары Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Сәден Байбатыров, Ахметжан Қалиахметов, Қалау Садықов, Есім Смағұлов сияқты алғашқы толқын ағалар болмаса мектептің дәрежесі қандай боларын кім білсін. Сонау 30 жылдардан бастап 60 жылдарға дейінгі ұстаздарды бір-біріне үзбей жалғастырып, шындал, тәрбиеледі. Солардың тәрбиесінде болған, ағалар мен апайлар, білім дәрежесі

Қандай болғанымен, оқу-тәрбие ісіне ат салысты, бөрі бір адамдай күресті, іске жұмылды.

Елуінші жылдары (жоғарғы сыныптарда оқимыз), біздің бағымызға қарай мектеп жаңа бір толқын жігерлі, жаңашыл, білімді мұғалімдермен толықты. Олар: Жылкелді Мұқанов оның жұбайы Зура Оразалина, Ермұқан Сейдахметов, Хамит Жетпісов, Шаймұрат Қарабеков, Қажен Базарбеков, Жасұлан Қадыров, Есмақан Қожақов, Ғазез Жахин, Құрмаш Баязиев, Шәкім Нұртазин, Сабит Жумин, Кейкуат Асылтаев, Ғазез Әбілмәжінов, Қайрош Қоспанов, Жұмаш Сейітпеков, Дүйсе Әбілов сияқты ұстаздар еді. Алпысыншы жылдары Шекен Қасымов оның жұбайы Нагима Мусина, Шалбай Смағұлов, Әсима Сұлейменова Қағида Базарбаева, Ермек Қонарбаев, Жараспай Нұрқанов, Найман Тұралин, Қайрия Ахметбекова т.б. алғашқы ағалардың ісін жалғастырады. Осы аталғандардың көпшілігі осы мектептің түлектері. Егер жақсы ұстаз ұстаздыққа тәрбиелесе, оның жақсы ұстаз екеніне кімнің дауы бар. Алғашқы ұстаздар кейінгі мұғалімдерге тәлімгер болды.

Мен өз ауылымдағы осы Ленин орта мектебінде оқып тәрбиеленгенімді өзіме мәртебе санаймын. Менің де кейін ұстаздықты қалауыма, өзім тәлім алған сол абзal жандардың білім беру саласына жан тәнімен берілген мұғалімдерімнің есер еткені сөзсіз. Яғни Ленин орта мектебінің мақтаулы педагогикалық ұжымының шапағаты. Қандай да болсын мектеп даңқын оның түлектері шығарады, ал түлектерінің есімін ұстаздар мақтан етеді. Бүкіл саналы өмірімді сол ұстаздарыммен өзімнің шәкірттерім-мен, еңбектес әріптестерім-мен қатар өткізгенімді бақыт деп санаймын. Көш-еде кездескен бір шәкіртім шын көнілімен аман-дасып, жылы шырай берсе еңбегімнің қайтқаны деп есептеймін.

Қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында мектебімізге Егорова Мария Петровна деген мұғалім орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Орта жасқа келген кезі болатын. Өте жабайы, жұпның киінетін адам еді. Бұл кісі жөнінде Герольд Бельгер өз шығармаларында жақсы жазды. Мария Петровна сонау Ресейдің Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербург) қаласынан келген. Ол бұл жерге тегіннен-тегін келген жоқ екен. Коммунистік партия серкелерінің бірі Сергей Миронович Кировтің қаза болуына осы Егоровтар жанұясының да қатысы бар деп жер аударған. Сол үшін Мария Петровна Қазақстанға, ал оның жұбайы (оқымысты) Сібірдің бір қаласына кеткен. Сол жақта қалған екі ұлы кейін (оқымысты болып шыққан) елге шешесін іздел келіп кеткенін де көзім көрді. Бізге сол Мария Петровна сабақ берді. Ол орыс жазушылары Гогольдың, Островскийдің (драматург), Чеховтың т.б. еңбектерін миымызға тесіп құйғандай жеткізетін. Мария Петровна сабақ берген күннен бастап қалың дәптерлерге түсінгендерімді қалдырмай жазып отыратынмын. Соңан кейін ол жоғарғы оқу орынына түсуіме жап-жақсы септігін тигізді. Мария Петровна сабақ бергенде көзі жайнап, айтып тұрған шығарманың кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін әртісше ойнап, олардың бейнелерін көз алдыңа елестете билетін.

Кей кездері сол кейіпкерлерінің бейнесіне беріле еніп, түсіндіру кезінде жүргегі қысып, тынысы тарылышп, ауа жетпей орнына шаршап отыра кететін. Ондай сәтте біз дереу бетіне су бүркіп, бөлменің есік терезесін ашамыз, ауасын тазартамыз. Соңда ғана есі кіріп, бойын жинайды.

Ие, жазықсыз жазаланған жандардың жүргегі қыспағанда қайтсін! Нәзік жүрек қанша шыдасын. Оның үстіне Мария Петровнаның алғашында тұрмысы да мәз болмады. Ауыл балалары кейде

үйден жұмыртқа жинап апарып береміз. Біз ол кісіге сабактан тыс уақытта шаруасына қолқабыс етеміз. Небары екі-үш жылдың ішінде сол мейірімді де, білімді ұстаз арқасында орыс әдебиетінен тәп-тәуір білім алдық, орысша сауатымызды көтердік. Келешек институтқа түсуге жол ашылды. Себебі ол кезде қай оқу орнына барсаң да, қай факультетке түссөң де орыс тілінен емтихан тапсыру міндетті болатын.

Оқуға түскеннен кейін де кейір пәндер (соның ішінде математика) орысша жүргізілетін. Сол Мария Петровнаның бізге сінірген еңбегі арқасында біз орыс тілінен еш кемдік көрген жоқпыз. Аяулы осы ұстазыммен студенттік кездерден кейін де, қашан ол кісі еліне қайтқанша хат жазысып тұрдым.

Кезінде мектепте біліммен сусындардан көдірменді мұғалімдерімді еске алғанда Жылкелді Мұқановты атамай өте алмаймын. Өзі де осы мектептің түлегі. Ол Алматыдан мұғалімдік институттың бітіріп мектебімізге 1951 жылы оралған еді. Сол жылы күзде біздің 8 сыныптың жетекшісі және қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды. Оның жұбайы – Зура апай химиядан сабак берді.

Бірінші қыркүйек, бірінші сабак. Ұзын бойлы, арықша келген, таптаза киінген, ақ кейлек, галстук, көк шалбарының қыры пышақтың жүзіндей. Журналды үстелдің үстіне тастай берді, балаларды көзімен түгендеп, бір шолып, сабакты бастап жіберді. Исатай-Махамбет көтерілісі жайындағы жырды тасытып, құлпыртып, түйдектүйдегімен ойнақтатқанда бойымыздың үйіп қалғанын сезбей де қалыппыз. Бір ғажабы ертегіге тап болғандай сүйсініп тыңдадық. Қырық бес минут бір сәтте өте шықты. Тағы бір қызығы – ол кісі қоңырау соғылысымен журналды алып, шығып жүре берді. “Сабакта кім бар, кім жоқ” –

деп тексермеді. Тіпті сабақты түсіндің бе, түсінбедің бе, - деп те сұрамады сөйтіп бізді қатты таң қалдырыды.

Япрай, бұл сабақ басқаларға мүлде үқсамайды, дегенмен бізге ұнап қалды. Міне, алғашқы сабағынан алған әсеріміз осындай еді.

Ауылда шляпа киетін екі адам болды: Шияп Садықов қара шляпа кисе, Жылгельді боз шляпа киетін. Сол кезде, шіркін біз де осындай шляпа киер кез туар ма екен деп ойлаушы едік. Сол кісілердей білімдар мұғалім болуды армандастынбыз.

Ауыл мәдениетіне Жылкелдінің қосқан үлесі аз емес. Бойындағы бар білімімен ол халқына (жастарға) өнерін үйретуден жалықтан жоқ. Бас режиссері бола жүріп, жастар театрын ұйымдастыруды. Кейіннен осы ұжым халық театры атағын алды. Ол қол өнерінің де шебері еді. Әттең, денсаулығы тәмен болып, ерте кетті.

Кезінде Абайдың ролін ойнап, бүкіл Алматы студенттерін аузына қаратқан адам. Өмірінің соңғы жылдары өлең, әңгіме де жазды. Жылкелді нағыз сегіз қырлы жігіт болатын. Әрине, ол ең алдымен тамаша ұстаз еді. Сондай ұлағатты ұстаздардан дәріс алғанымды мақтан етемін.

Осы мектепте жиырма жылдан артық директор болған Қасымов Шекен жөнінде айтатын сөз аз емес. Мектептің түлегі, ұстаз. Бастауыш кластарды соғыс жылдары Алқа-Ағаш ауылында бітіреді. Әкесі әскерде жаралы болып елге келіп кешікпей қайтыс болады. Жалғыз шешесі сауыншы болып, үш-төрт баланы асырайды. Бастауышты бітірген соң Ленин орта мектебіне 5-ші класқа оқуға түседі. Интернатқа алынады. Мектеп директоры Шияп ағай баланың тұрмыс жағдайын ескеріп, өз үйіне тұрғызып оқытады. Ауыр тұрмыстың тауқыметін тарта отырып, орта мектепті бітірген соң, бір жылдан кейін Алматы педагогикалық институтына түсіп, оны бітіргеннен

кейін химия мен биология пәнінің мұғалімі деген мамандық алып шығады. Орал облысында мұғалім болып істейді, сол жерде өзінің әріптесі Нагима Мусинамен қосылып жанұя құрады.

1962 жылдары елге оралып, Балуан мектебінде одан кейін Ленин орта мектебіне орналасады. 1965-1967 ж.ж. мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары, одан кейін 20 жыл осы мектептің директоры болып қызмет атқарды. Жұмысқа тиянақты, іске үқыпты адам еді. Жаңа мектепке көшіп, ұжымды жұмысқа жұмылдыра білген шебер басшы болатын. Оку ағарту ісінің үздігін атанды.

Шекен мениң жан аяmas досым еді. Мен де ол сияқты мектеп-интернattyң директоры едім. Екеуміз пікірлес, сырлас болдық. Мектептің басқару, тәрбие жөнінде көп әңгімелесетінбіз. Шынын айтсам адал адам болатын, бала сияқты кісіге сенгіш, ақкөніл еді. Бірақ өз ісіне тиянақты болды, мектептің ежелден келе жатқан дәстүрін сақтап, оны жалғастыра, байыта тусты. Бұның өзі мұғалімдер ұжымының сапалы жұмыс істеуіне, ал одан соң соңғы нәтиже-шәкірттердің терен білім, сапалы тәрбие алып шығуына үлкен жол ашары сөзсіз.

Үлкен ағалардың ішінде жас кезімде үлкен әсер қалдырған Шаймұрат Қарабеков. Мен одан сабак оқығаным жоқ. Ол көбіне интернатта істеді. Бірақ өмірлік тәжірибесін үйрендім. Көрші тұрдық. Қыс болса тұлқі, қоян ату сияқты аңшылықта жүреді. Қоянды тіпті мылтықсыз да ұстайтын. Ағаштың күртік қарын ойып, шұңқыр жасайды да оның ішіне сабан тастап жандырады. Содан кейін әлгі шұңқырдың іші көктайғақ мұз болады. Шұңқырдың бетін ағаш бұталармен жауып, үстін қар себелеп бүркемелейді. Секіріп жүрген қоян (ол кезде қояндар көп болатын) шұңқырға топ ете

түседі де, одан тайғанақтап жоғары шыға алмай қалатын.

Ал, жаз болса құс атады, балық аулайды.
Әйтеуір қайда шықса да қанжығасы майланбай келмейтін. Мектепте де іскер, тамаша ұйымдастыруши, жақсы ақылшы болды.

Жоғарыда аталған ағаларымызды әрқашан еске алып жүреміз, жатқан жерлері жайлы болсын!

МЕКТЕПТІ “АЛТЫН” ЖӘНЕ “KYMIC” МЕДАЛЬДАРҒА БІТІРГЕН ТУЛЕКТЕР.

1. АҚАНОВ БІРЛІК – күміс, 1946 ж.
2. БІРЖАНОВ ХАМИТ – күміс, 1946 ж.
3. ЕДІРЕСОВ ТАҢАТ – күміс, 1951 ж.
4. АҚБАСОВ ЕСЛӘМ – алтын, 1952 ж.
5. БЕЛЬГЕР ГЕРОЛЬД – алтын, 1953 ж.
6. ҚАЙЫПОВ ҚАРИФОЛЛА – алтын, 1953 ж.
7. БАЙБАТЫРОВ ЕРМЕК – күміс, 1953 ж.
8. ФАЙСИНА РӘШ – алтын, 1954 ж.
9. ШАЯХМЕТОВ ТӨЛЕГЕН – алтын, 1954 ж.
10. ЕСКЕНДІРОВ ҚЫДЫР – күміс, 1954 ж.
11. МУСИНА МАРИЯМ – күміс, 1954 ж.
12. ҚАЖЫТАЕВ ҚАЙРОЛЛА – күміс, 1954 ж.
13. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА ФАЗИЗА – күміс, 1954 ж.
14. КОНАРБАЕВ ЕРМЕК – алтын, 1955 ж.
15. НҰРҚАНОВ ЖАРАСБАЙ – алтын, 1955 ж.
16. НҰРМАНБЕТОВ БЕКЖАН – алтын, 1955 ж.
17. ШЕГІРОВ ӘЛІМ (ЖӘМСАП) – алтын, 1955 ж.
18. РАМАЗАНОВ ЗӘРУБЕК – күміс, 1955 ж.
19. ОРАЗАЛИН ҚАБИ – күміс, 1955 ж.
20. САДЫҚОВ ШАЯХМЕТ – алтын, 1957 ж.
21. АХМЕТБЕКОВ МӘРКЕҢ – күміс, 1957 ж.
22. САДЫҚОВА МӘКЕШ – күміс, 1958 ж.
23. АҚБАСОВ ЕРЖАН – күміс, 1959 ж.
24. ЖАБАҒИНА ӘНҮАР – күміс, 1965 ж.

25. ЛӘМӘЛИЕВА ӘЗКЕҢ – күміс, 1965 ж.
26. ОРАЗТАЕВА ЗӘЙКЕҢ – күміс, 1966 ж.
27. ЕГІЗБАЕВА ҮМІТЕТКЕҢ – күміс, 1968 ж.
28. АСЫЛБЕКОВА МАЙКЕШ – алтын, 1979 ж.
29. ӘБІЛКӘРІМОВА ЗӘМЗӘГҮЛ – алтын, 1983 ж.
30. ЕСМАҒҰЛОВА АНАР – алтын, 1983 ж.
31. ФҰМАРОВА ЛӘЗЗАТ – алтын, 1985 ж.
32. ТҰРАЛИНОВА АЙГҮЛ – алтын, 1985 ж.
33. ХАМЗИНА ЖҰЛДЫЗ – алтын, 1985 ж.
34. ТҰРАЛИНА БИБІГҮЛ – күміс, 1987 ж.
35. ӘБІЛКӘРІМОВ МҰРАТ – алтын, 1989 ж.
36. ЕСЛЯМОВ ДАРХАН – алтын, 1990 ж.
37. МҰҚАНОВА ҚӨГАРШЫН – күміс, 1990 ж.
38. РЫСПАЕВ МҰРАТ – күміс, 1990 ж.
39. БАЙЖАНОВ САНСЫЗБАЙ – алтын белгі, 2001 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК СІНІРГЕН МҰҒАЛАМДЕРІ:**

1. САДЫҚОВ ШИЯП САДЫҚҰЛЫ.
2. БАЗАРБАЕВА ҚАФИДА БАЗАРБАЙҚЫЗЫ.
3. САУЫТБЕКОВ СЕЙТЕН ЛИМАНҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ДЕПУТАТЫ
(1947 ж.):**

1. ҚҰСАИНОВА НҰРСҰЛУ НАЗАРҚЫЗЫ.



ҰСТАЗДАР



Мұсабаев К.М.
Соғыста қаза болған
ұстаздардың бірі.



Малаев Е.М.
Алғашқы
ұстаздардың бірі.



Қалиахметов А.К.
Ардагер ұстаз



Ғаббасов М.Ғ.
Алғашқы
ұстаздардың бірі.



Байбатыров С.Б.
Ардагер ұстаз



Садықова М.М.
Садықов Ш.С.
Ардагер ұстаздар.



Құсайынов Ж.К.
Ардагер ұстаз



Құсайынова Н.Н.
Ардагер ұстаз



Смағұлов Е.С.
Ардагер ұстаз



Қасымова К.К.
Соғыс кезіндегі
ұстаз.

Ғаббасова Н.К.
Соғыс кезіндегі
ұстаз.

Шалова З.Ш.
Соғыс кезіндегі ұстаз.



Тайжанов К.Т шәкірті Рахымжановпен
бірге отыр.

Божатов К.Б.
Еңбек ардагері.



Нұртазина Б.Н.
Бектұров Т.К.
Ардагер ұстаз.

Мұқанов Ж.М.
Ардагер ұстаз.

Қарабеков Ш.К.
Ардагер ұстаз.



Жахин F.Ж.
Ардагер үстаз.



Мажитов А.М.
Ардагер үстаз.



Мұқанов К.М.
Ардагер үстаз.



Базарбаева К.Б. Қожақов Е.К.
Ардагер үстаздар.



Қадыров Ж.К.
Ардагер үстаздар.



Жумин С.Ж.
Ардагер үстаз.



Сейітпеков Ж.С.
Ардагер үстаз.

ЕЛДЕН ШЫҚҚАН ЕЛШІ

Шал ақын ауданының тумасы Сәлім Әлмағанбетұлы Құрман-ғожиннің республикамызға танымал елші екенін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

Осы сирек мамандық иесімен өткен жазда Алматыда кездестім. Кездескім келетінін айтып телефон шалып едім: – “Қазір кездесетін жеріңе келемін”, – деді.

“Ұлық болсан, кішік бол” деген, ол тез арада жетіп келді: Ұзын бойлы, ат жақты, кең маңдай, ақ сары, жарқын жүзді адам менімен құшақтасып амандасты. Алғашында кібертіктеп, аз тежеліп барып таныды. Көрмегелі көп жыл өтті ғой. Бұл кәдімгі Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожин еді. Анықтаңқырап қарасан, Сәлім әкесінен ғері шешесі Жанкүміске көбірек ұқсайтын сияқты. Екеуміз ерсілі-қарсылы сұрақтармен ел, жер амандығын сурастырып жатырмыз. Еліне деген сағынышын, сүйінішін бірден сездім. Бұл жерде оның ой-өрісінің кеңдігі, білім дәрежесінің жоғарылығы көрініп-ақ түрдү. Сөзге сарандығы, әр саулға нақтылы жауабы атқарған қызметінің ықпалы шығар деп ойладым. Енді әңгімені әріден бастайын.

Біздін бал дәурен балалық шағымыз, жастық кезіміз, мектеп өмірі бәрі де Ленин ауылында өтті. Ол қазіргі Шал ақын ауданындағы Ысқақ Ыбыраев атындағы ауыл. Адамның өнері, қасиеті, қабілеті жас кезде кең ашылып, көп көріне қоймайды. Халық аузына ілігіп, алатын бағасы кейін байқалады. Сәлім бізден екі сынып жоғары оқыды. Бұл үйге мен басқаларға қарағанда жақынырақ едім.

Сәлімнің Bolat деген інісімен қатарлас оқып, етene жақын өстік. Тай-құлындағ тебісіп, балалықтың балдай тәтті шақтарын бірге өткіздік.

Құрбыларың есіңе түскенде сағыныш пен сүйіспеншіліктің арта түсері сөзсіз. Сол өмірге қайта оралғың келеді. Біз қара сирак балалар тал-ағаш атқа мініп жүргенде Болат велосипед мініп жүретін. Болаттың қалтқысы жоқ, ақкөңіл мінезін пайдаланып біз де кезек-кезек велосипедке отырып, мауқымызды басушы едік. Сәлімде кейін “Урал” үш аяқты мотоциклі де болды. Бұл үйдің тамағы да тоқ, көйлегі де көк, бәрі де баршылық болды. Оның себебі Әлмағанбет (осы жанұяның әкесі) сол кезде колхоз басқармасы еді.

Әрине, Сәлімнің де, Болаттың да мінездері жұмсақ, қолындағысын аямайтын ақкөңіл, жомарт болатын. Олардың техниканы менгергендігіне қызыға да, қызғана да қарайтынбыз.

Сәлім оқушы кезінде спортқа жақын болды, оны біз түрлі жарыстарда талай көргенбіз. Тіл сабактарын, әсіресе, орыс, ағылшын тілдерін жақсы менгерді. Біз үшін, қазақ ауылшының балалары үшін ол кезде бұл пәндер өте қыын сияқты көрінетін.

Сәлім шешесіне тартып таза, келбетті, денелі болып өсті. Мінезіне көркі сай жігіттің келешегі де кем болған жоқ. Елуінші жылдардың басында осы ауылдағы Ленин орта мектебін бітіріп, Алматы шет тілдер педагогикалық институтына түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап шығады. Ұстаздық жолмен басталған қызметі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде жалғасты. Сәлім Құрманғожин осы қызметте жүріп елшілік шеберлігін шындау бағытында білімін жетілдіре түсті.

1963 жылдан бастап Кеңес Одағының Сыртқы істер министрлігінде жауапты қызметтерді атқарды. Соңғы кезде сол министр-лікте сарапшы-кеңесші, одан соң Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Сәлім

Әлмағанбетұлы басқа шет елдерде де лауазымды қызметтерде болды.

Мәселен, 1963-67 жылдары Кеңес Одағының Біріккен Араб республикасындағы елшілігінің үшінші хатшысы болып тағайындалады. Жетпісінші жылдары Кеңес Одағының Стамбулдағы консулы қызметін атқарады. Сексенінші жылдары Эфиопия Халық Демократиялық Республикасы елшілігінде, ад тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан Республикасының Венгер Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарады.

Еліміз егемендік алғаннан бергі уақыттарда аталған министрлікте бас хатшының кеңесшісі, кеңесшілер тобының жетекшісі, тексеру басқармасының төрағасы, төтенше және өкілетті елшіліктің білімін жетілдіру бөлімінің басшысы, дипломатиялық академиядағы білім жетілдіру курсының жетекшісі болып қызмет атқарып келді.

Иә, Сәлім Әлмағанбетұлының өмір жолын сарапал өтсек өнегелі өмір, елшілік саласының тарихы жатыр десек артық болmas еді. Өйткені ол өзінің ұзақ жылғы тәжірибесі мен алған білімін Отанымыздың сыртқы саясатын жетілдіруге, дамытуға, қалыптастыруға бағыштаған адам. Соңғы жылдары ол шығармашылық қызметпен айналыса отырып, жастарды тәрбиелеу үстінде. Әсіресе, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елімізде жақадан сыртқы саясатты қайта құру қажеттігі туды. Бұл жауапты істен тәжірибелі елші Сәлім Құрманғожин да сырт қалмады. Оған “Қазақстан Республикасының сыртқы саясат қызметінің қалыптасуы мен дамуы” деген тақырыpta жазылған диссертациялық жұмысы дәлел бола алады. Бұл еңбегінде Қазақстанның сыртқы саясаты, оның дамуы, халықаралық қатынас, екі жақты және жан-жақты қарым-қатынас, шет ел өкілдіктерін ашу, еліміздегі нарықтық іске бағытталған экономикалық-

дипломатия т.б. мәселелер қамтылған. Әсіресе, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орыны мен рөлі ерекше көрсетілген.

Табан аудармай бір бағытта ғана қызмет атқару өркімнің қолынан келе бермейді. Сәлім Әлмағанбетұлы саяси ғылымдардың кандидаты. Қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын және түрік тілдерін жетік менгерген, білімдар азамат.

Венгер Республикасының Орта Крест орденімен марапатталған. Мұндай орденді тек Александр II – Ресей патшасы, Франция мен Жапония елшілері ғана алған еken. Жұбайы Ләйлә Қадырқызы да ғылым кандидаты, екі ұлдары бар, ер жетіп, жоғары білім алған, олар да өмірден өз орындарын тапқан. Әңгіме етіп отырған жерлес елшіміз жөнінде әлі де көп айтуға болар еді. Бұл жерде оның туыстарын, әсіресе әкесі Әлмағанбетті еске алмай кетуге болmas.

Әлмағанбетті бүкіл ел үлкені де, кішісі де “Әлеке” дейтін. 1898 жылы туған, Ұлы Отан соғысына дейін біздің Төңкеріс (bugінгі Шал ақын) ауданының Тораңғұл, Кенес, Мектеп ауылдық кеңестерінің төрағасы болған. Елге елеулі, қызмет атқарған жерлерінде беделді адам еді. Соғыс жылдары, одан кейін де біздің Бостау ауылында Ленин атындағы ұжымшардың басқармасы қызметін атқарды. Сол қызметтен жоғарылаған да жоқ, төмендеген де жоқ, зейнеткерлікке шыққанға дейін солай болды. Әлекенің сырт бейнесі ерекше: алып денелі, ақсары жұзді, мейлінше толық адам еді. Шанада, не арбада отырса қасында басқа кісі отыратын орын болмайтын. Ал салт жүрсе тек өзі таңдал алған Қарагер айғырға ғана отыратын. Басқа жануарлардың белі қайысып, көтере алмауы да мүмкін еді.

Бұл Әлекенің сырт бейнесі, ал қызметі жайына келетін болсақ қысқаша төмендегідей сыйпаттар едім. Соғыс кезіндегі жағдай ерекше.

Басқарманың сырт қараған адамға айдарынан жел есіп, айтқаны өтіп, атқаны жетіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып көрінетін сияқты еді фой. Әрине, шындығында олай емес. Қатын-қалаш, бала-шаға, ақсақ-тоқсақ адамдармен егін егу, мал өнімдерін өндіру, елдің еңесін түсірмей, шаруашылықты мықтап ұстап тұру айтулы ердің қолынан ғана келмек. Әлекең өзінің іскерлігімен, ақылдылығымен, айбаттылығымен көзге түскен адам. Содан да шығар ұжымшар аудан бойынша алдыңғы қатардан көрініп отырған.

Облыс басшылары да Әлекенді жақын құрметтесе керек. Әсіресе, облыстық атқару комитетінің сол кездегі тәрағасы Жұмабек Ташенов пен Әлмағанбет Құрманғожиннің арасында болған шынайы достық қарым-қатынасты бұл жерде атап өткен жөн. Мұны Әлекенің қалған ұрпағынан, Алматыдағы Жұмабектің қызынан естіген едім, жалпы біз бұл қатынасты бұрыннан да білуші едік.

Жұмабек Ахметұлы Ташенов жас кезінен партия және кеңес қызметтерінде істеп, 38 жасында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тәрағасы дәрежесіне дейін көтеріледі. Ол Одақтың “Екі алabyмен” алыса айқасып, женіске жеткен адам. Бірақ кейін сол женістің құрбаны да болады. Ол айдаһарға тап берген ержүрек, ақ сөйлеп елін-жерін қорғай білген жан. Ол Абылай сияқты қолына найза алып жауға шаппаса да, шындықтың бетіне тұра қараған алаштың азаматы.

Шын мәнінде Ресейдің қазақ жерін өзінің уысынан шығармау, кез алартып қорқыту сонау бір-інші Петр патшалығынан басталғаны белгілі. Л.Брежневтің ұлт саясатын бұрмалағанын бетінә басқан да Жұмабек Ташенов. Яғни жергілікті ұлт азаматтарын “Біріншілікке көтермеу” саясаты жөніндегі наразылығы осыған айқын дәлел. Оның

алдында Н.Хрущевтің Қазақстанның Солтүстік облыстарын Ресейге қосу жөніндегі пікіріне тіке-лей ашықтан-ашық, қарсы шыққан да Жұмабек Ташенов болатын. Сөйтіп ол ұлттық намысымызды, жерімізді жүрек жұтты қайсарлығымен қорғап қалады. Дегенмен, “Андыған жау алмай қоймас” дегендегі бұл әрекеттері Ташеновтың қарасына қауіп те төндіреді, жоғары жақ оны ақырыңғызметінен шегеріп тынады. Міне, Әлекең осында адаммен жолдас болған!

Әлекеңнің асығы алшысынан түсіп, қызмет, жанғя, балалар бәрі де көңілдегідей болды. Ол кісі екі әйел алған адам. Олардан ұлы бар, қызы бар 7-8 үрпақ қалды. “Балапан басына, тұрымтай тұсына” дейтін кез келіп, олардың әр қайсысы өмірден өз орындарын тапты.

Әлекең болса Қаратал ауылында басқарма болып зейнеткерлікке шыққаннан кейін, алпысыншы жылдары Торанғұлға қоныс аударады. Бұл көлдің жағасы, тұп қазығы – туған жері Еңбек ауылынан 10 шақырым жер болатын.

“Әлекең Торанғұлда тұрады” деп естіген соң сөлем берейінші деп соға кетуді жөн көрдім. Төрт бөлмелі бөренеден қыып салған үлкен үй екен. Сөлем беріп, ішке кіріп келдім. Әлекең сәлемімді қабыл алды. Үстінде ақ көйлек, ақ дамбал, алып денесін ширак көтеріп, бетіме тұра қарады.

– Сен тұра тұр, кім екенінді өзім айтам. Кәдекенің баласысың. Бірақ атың есіме түспей отыр, – деді.

Мен өз атымды айттам.

– Иә, мен сіздің елде басқарма болып жүргенде, – деп ол сөзін жалғастырды, – сенің әкең Қадірәлі бригадир, басқарманның орынбасары болып қызмет істеді. Адал адам еді. Жатқан жері торқа болсын. Өзің қайдасың, не істейсің, қандай оқу орынын бітірдің? – деген сұрақтарды жаудырып жатыр ақсақал.

Әлекенің алпыстан асып, шау тартқан шағы еді. Дегенмен тұғырдан түспеген, ші шыға қоймаған екен. Бұл төрт құбыласы түгел, барға мәзір, жоққа әзір болып, шүкіршілік қылып отырған Әлекенді соңғы көрім.

Қорыта айтқанда алтын үя мектебіміздің 70 жылдық мерейтойына орай Сәлім Құрманғожин сияқты - республикамызға танымал тұлектер жөнінде сөз қозғауды жөн көріп, жазып едім.

ГЕРОЛЬД (ГЕРА) ДОСЫМ ХАҚЫНДА

Сонау Еділ бойындағы Саратов облысынан қырқыншы жылдың басында немістердің бізге келуі дәм-тұздың тартуы ғана емес, тағдырың сол кездегі тәлкегі десек дұрысырақ болар. Бұл жерде әділетсіздіктің тарихын қопарып жатуды мақсат етіп отырған жоқпыш.

Бельгерлер жанұясының біздің ауылға келуі біз үшін үлкен қуаныш дер едім, ал олардың қаншалықты із қалдырғаны елге аян. Бұл жанұяның көшіп келгенін еміс-еміс білсем де, ұлты неміс екенін кейін аңғардық, әлі мектепке бармаған кезіміз еді.

Неміс деген халқың өнерлі, өңбекқор деп әркім айтуши еді, сол рас екен. Карл Федорович Бельгер (Гераның әкесі) өскери фельдшер, арнаулы орта білімді маман болғандықтан ауылдағы дәрігерлік бөлімінің менгерушісі болды. Бұған дейін мұндай емделу орнын, тіпті дәрігер болып істеген маманды көрген жоқ едік. Ауыл ішінде бақсы – балгерлер ғана ауруларды емдейтін. Қазақтың қара емін қолданып Жайлаубай атамыз талай адамды ажал аузынан арашалап қалғанының күәсі болғанбыз. Ал есімізді біліп, оң-солымызды танығаннан бері көрген жан арашасы – докторымыз Карл Федорович болатын.

Оның ел ішіндегі еңбегі ұланғайыр десек артық кетпейміз. Халық Бельгер деген фамилияны “балгер”, “білгір”, “дәктір” деп түрлендіріп айтатын. Оның тіпті Карл Федорович деген шын аты-жөнін ешкім мүлде аузызына, алмайтын. Мектеп оқушыларын жинап, шекті аспаптар ансамблін ұйымдастырды. Оны біз қызыға тыңдаушы едік.

Біздің төңіректегі еңкейген көріден еңбектеген балаға дейін Карл Федоровичтің шипалы қолы тимеген адам кемде-кем-ақ шығар. Ол бір үйдің ішінде тұрып, сол үйдің ішіндегі дәрігерлік бөлмесінде ауруларды емдейтін. Отбасында олар өзара ана тілінде – немісше сөйлесетін. Бізben орысша тілдессе, ал кәрі-құртаңдармен шама-шарқынша қазақша ұғынысуға тырысатын.

Оның зайыбы – Анна Давыдовна жұбайының қасында медбібі болып қызмет істеді, рас ол қазақша сөйлей алмайтын. Екеуде ел алғысына бөленген абзал жандартын. Кезінде осы асыл адамдардың құрметті демалысқа шығу рәсіміне де қатыстым. Табак-табақ ет асылып, қазан-қазан сары бауырсақ пісірлді. Елдің адамдары жүйе-жүйесімен тойға шақырылды. Кәдімгі қазақи дәстүрмен думан-той өткізілді. Сөйтіп, қарапайым неміс отбасының ел арасында биік құрметке бөленгендерінің күесі болдық. Әрине, бұл да жақсылықты жақсылығынан тапқандығы. Бельгердің жанұясында бір ұл – Герольд, үш қызы – Эльма, Роза, Алма болды. Олардың бәрі де қазақша білім алды, жанұялары, үрпақтары баршылық.

Герольд мектепке 1943 жылы барды. Мен де сол жылы оқуға бардым. Жас шамамызда айырмашылық шамалы еді. Сондықтан бірге ойнап, бірге өстік. Соғыс жылдары соғыс ойынын ойнадық. Біз оны Гера дейтінбіз, көшіп келгеннен кейін ол ауыл балаларымен қоян-қолтық араласып

кетті. Қазақ тілін тез үйрәнді. Гера сабак айтқанда жолдастарын да, мұғалімдерді де аузына қарататын, әңгіме айтқанда айызын қандыратын. Одан қай пәннен қай уақытта болмасын сұраса, үнемі жауабы дайын тұратын.

Мектепте оқып жүргендеге табандарына шаң жүқпайтын жүйрік, қыс болса шаңғыдан түспейтін желаяқ болды. Шаңғы демекші, ақ түтін боранда бір күні шаңғы жарысына қатысамын деп зиян да шеккен, аяғын сұыққа шалдырып, ауыр науқастанып та қалды. Әйтеуір, сәтін салып, дәрігер әкесінің көмегімен жазылып кетті. Шахмат ойынымен де өуестенді.

Карл Федорович сол кездегі аудан орталығы Марьевкеден әдеби кітаптарды жиі әкеліп тұрды. Ол кезде кітапхана деген болмайтын. Тек мектептегі шамалы кітаптарды пайдаланатынбыз. Бұндағы кітап қоры Гера сияқты кітапқұмар оқымпаздарға жеткіліксіз болды. Сондықтан бірқатар кітаптарды аудан орталығындағы кітапханадан жаздырып алуға тұра келетін.

Сол кездің өзінде Гера тек қазақ, орыс классиктерінің еңбектерін оқып қана қоймай, шет елдердің (батыс, шығыс) әдебиеттерін оқып пайдаланды.

Герольд Бельгердің алғыр болып жетілуіне тағы бір себеп –тамаша ұстаздардың әсері еді. Жылкелді Мұқанов, Мария Петровна Егорова сияқты әдебиет пәндерінің білгір мамандарының мол шарапаты тигені сөзсіз. Бұны Гера өз еңбектерінде бірнеше рет жазды да. Ол мектепте өте үздік оқыды, үнемі оқу озаты болды. Герольд Бельгердің осы күнге дейінгі барша өмірі саяси оқиғалармен бірге біте қайнап келеді. Өкініштісі – Гера сол кезде қазақ орта мектебін үздік бітірсе де, ерекше аттестат пен медаль берілмеді. Кінәсі – ол жер аударылған неміс жанұясының баласы

болғандығы. Сол себепті алғашқы жылы ол жоғарғы оқу орынына да түседі алмады.

Гераның айтуынша оның сәті келесі жылы ғана түсіп, ол Кеңес Одағының батыры Мәлік Фабдуллиннің қолдауы арқасында ғана Алматының педагогикалық институттына қабылданады. Араға төрт жыл салып Гера сол институттың тіл және әдебиет бөлімін бітіріп шығып, еңбек жолын орта мектепте мұғалімдіктен бастайды. Кейін іздене, оқи жүріп аспирантураны тәмамдайды. Сәті түсіп мектептегі медалін де омырауына тақты, көп жыл өткен соң.

Гераны ауыл адамдары “мың болғыр бала, үлгілі бала” деп жас көзінде-ақ мақтаушы еді. Бұл күндері жұлдызы онынан туып, еңбегі жанған, көпке танымал, белгілі азамат болды.

-Иә, Гера менің аталарым-Сералы, Әблімажын, Ерғали сияқты қарапайым адамдарды қастерлеп, олардың бейнелерін асқан шеберлікпен оқырман қауымға жеткізді. Мен сол кітаптарды, орталық газет-журналдарға шыққан тамаша әдеби, ғылыми еңбектерді үзбей оқып тұрамын. Соларда терең мағына, философиялық ойлар, асқан біліктілік пен әдеби шеберлік бар екендігі байқалады. Гераны бүгін бүкіл орыс, қазақ, неміс халқы танып отыр.

-Ие, ол жасынан әдеби шығармаларды, соның ішінде классик ақын-жазушылардың еңбектерін өте көп оқыды дедік. Әрине, ол машина емес, құпиясы сол - әр автордың негізгі, түйінді жерін дөп басып тиянақты оқитын да, ал аса маңызды емес тұстарын тастап кетіп отыратын. Ол кезде бір түнде немесе бір күнде анау-мынау кітаптарды оқып тәмамдап таставтын.

“Мен аудармашы ретінде қазақ жазушыларын орысшаға аударумен шұғылдандым. Сын, әдеби мақалаларды немісше де жаздым. Қазақ жазушыларын орысшаға аудару кімге де болсын

пайдалырақ. Өйткені оларды Қазақстан ғана емес, басқа республикалар да танитын болады. Ал орысшадан қазақшаға аударатындар бізде аз емес, ондайлар баршылық, ал керісінше аударатындар – тапшылық. Мәселен, қазақ халқын Украина немесе Германия оқырмандары жақсы білсе, оның несі айып?..." деген еді Гера бір саял қойғанымызда.

Бельгердің Алматы қаласында "Ұлтаралық қатынастар мәдениеті" т.б. тақырыптардағы республикалық әдеби, ғылыми баспалардағы, жиындардағы ойлары кімге де болсын үлкен әсер қалдыrapы сөзсіз. Өз өмірін баяндай келіп, ол: "Ұлттық ерекшеліктің басты мәнісі – оның тілінде... қазақ мектебін бітіргеніме мен ешқашан өкінген емеспін және өкінбеймін де" –дейді Гера.

Одан соң Герольд Карлович тіл мәселесіндегі сүренсіз жағдайларды да сынайды. Олар: қазақша-орысша сөздіктердегі кемшіліктер, ондағы сөздердің дәл аударылмауы немесе орыс сөзін сол қалпында аударусыз жаза салу, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың ауыр жайы, қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту барысы т.б. проблемалар. Тілді үйрену, оның әдістемесін қалыптастыру үшін Ы.Алтынсаринге, М.Әуезовке жүгінуге тұра келеді дейді.

Ол өзінің еңбек жолын мұғалімдіктен бастаса, бұл күндері неміс, қазақ, орыс жазушысы атанды. Герольд Бельгер қазақтың көрнекті жазушыларының еңбектерін түп нұсқадан ала отырып, орысшаға аударуда. Ол неміс жазушыларын да аударады. Белгілі әдебиет сыншысы, зерттеуші.

Герольд Бельгер 15 тен аса кітаптың авторы. Сондай-ақ, неміс жазушыларының еңбектері бойынша 12 кітап құрастырған, 200-ден аса қазақ, неміс жазушыларының еңбектерін орысшаға аударды, 500-ден аса әдеби, саяси сын мақалалары газет пен журнал беттерінде

жарияланған. Оның “Тас өткел” кітабы, алғашқы повестері, әңгімелері біздің ауыл туралы болғандықтан олар маған ыстық көрінеді.

“Гете мен Абай” деген кітабы қызығылықты да, тартымды шыққан. Онда терен өй, үлкен философиялық мағына жатыр. Батыс пен Шығыстың екі ұлы ойшыл ақындарын зерттей келе, оларда үндестік бар екенін ғылыми негізде дәлелдейді. Герольд Бельгердің парламентіміздің депутаты болып сайлануы да тегіннен-тегін емес. “Білекті бірді жығар, білімді мынды жығар” дегендегі кешегі арамыздағы Гера бүгін саяси қайраткер дәрежесіне дейін жетті. Өзінің ақ ниетін, асыл сөзін баспа бетінде, радио мен теледидарда, әдеби шығармалары арқылы халқымызға анық та, ашық жеткізіп келеді. Жақсы істер мен жаңалыққа жаңы құмар талантты азамат қазір де тамаша іскерлігімен танылып отыр.

Герольд Бельгердің қофамдық қызметі бастан асып жатыр. Ол халықаралық жазушылар Одағының Қазақстандағы орталық клубының (атқару комитетінің) мүшесі. Ол Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі. Герольд - неміс халқының төл баласы. Ендеше оның өз халқына да қызметін аямауы занды. Астанадағы неміс орталығын ұйымдастыруға да көп күшін жұмсады. Неміс театры, неміс баспаханасы, неміс басылымдары, неміс телерадиохабары т.с.с. ұлт мәдениетін көтеретін түрлі ұйымдарды, ұжымдарды өзі басқара отырып, белсене араласты. Бұның өзі неміс халқы мен қазақ халқын жақындастыра түсуге кемегін тигізегі сөзсіз.

-Ие, уақыт зымырап барады. Герольд Бельгер асқаралы жас - алпыстан асып, үлкен асудан өтті. Соңында үлкен із қалдырып, қарапайым мұғалімнен ірі аудармашы, көрнекті жазушыға дейін өсті. Ол бүгіндері “Парасат”

орденінің иегері, Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкери, Республика жазушылар Одағының Б.Майлин атындағы сыйлығының, Президенттің “Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығының” лауреаты.

Міне, орта бойлы, ак сары, иі жұмсақ, иман жүзді, ак жарқын мінезді адам Герольд Карлович Бельгер осындай. Сондағы Герольд Бельгер мен үшін асқар стау, ақыл-дария ғұлама жан. Сөз соңында Гера дос, саған құдайдың нұры жаусын, еңбегін жемісті бола берсін деймін!

TYCI ORYIS, TILI ҚАЗАҚ

Шалов Анатолий Фелоровичты сырттай еміс-еміс естіп білсем де, жүзбе-жүз кездескен адамым емес еді. Соның сәті осы жолы тұсті.

“Асыл Мұра” орталығын ашамыз деп өткен жазда Алматыға барып едік. Мақсатымыз - елдің ардақты адамдары жөнінде деректер жинау болатын. Гера досымның үйінде отыр едік, қасымда Қайролла Мұқанов бар.

-Гера, біздің Ленин ауылдының жалғыз немісі. Ол жөнінде материал жеткілікті жиналды. – Ал, осы Алматыда, біздің жаңымыздығы Көктерек ауылдының жалғыз орысы тұрады деуші еді. Содан не хабарың бар? – дедім мен.

-Ол Шалов қой, Анатолий Федорович. Қажет болса мен тауып берейін, қазір телефон шалайын, - деп Гера телефонның трубкасын көтеріп, дөңгелегін айналдыра бастады.

Телефон нөмірін Гера жатқа біледі еken, сембі күні еді, іздеген адамымыз үйінде болып шықты.

-Анатолий Федорович, қайырлы таң, елден – Ұбыраев ауылдынан туыстарың келіп отыр, Сізбен жолығамыз дейді.

-Олар кімдер екен?

-Фалым Қадіралин және Қайролла Мұқанов.

-Қадіралинді білемін, дұрысырақ айтсақ өкесін білемін, соғыс жылдары бригадир болған, ал Қайролла деген кісіні білмеймін. Мен күтемін, екеуі де келсін, тек үйдің мекенжайын дұрыстап айтып, жазып бер – деді де трубканы қойды.

-Япрай, неміс пен орыстың бір-бірімен қазақша сөйлескеніне қайран қалып отырмын! – дегенде, үшеуміз де шек-сілеміз қатқанша бір рахаттанып құліп алдық. Ырас, бұл тарихта сирек кездесетін құбылыс.

Бұл жерде жерлестердің жақын ынтымақтас екендіктерін де байқап қалдық.

Айтылған жобамен үйге де жеттік. Есікті айқара ашып, алдымыздан Анатолий шықты. Ұзын бойлы, толық денелі, шашы сиреген, сары адам екен. Жас шамасы жетпістің ортасынан асса да жүріс-тұрысы әлі ширак қөрінеді.

Амандастып таныстық. Сұрай келсек жұбайы да біздің жақтан - Қарашоқ селосынан екен. Мәзмәйрам болып шүйіркелесіп қалдық. Дәм іштік. Келген мақсатымызды айттық. Сол кезде Анатолий Федорович құшақ-құшақ қағаздары мен альбомдарын алдымызға жайып салды. Қарап отырсақ оның жүріп өткен өмір жолы өзгелерден өзгеше екен.

Ерте кезде Көктерек ауылында жалғыз орыс жанұясы – Шаловтар тұрады. Өкесі Федор Николаевич, шешесі Наталья Федоровна, балалары Анатолий, Николай, Василий. Бәрі де қазақша сөйлеп, мектепте қазақша оқыған. Анатолий Ленин қазақ орта мектебін соғыстан бұрын оқып бітіреді. Алғашқы еңбек жолын Ново-Покровка жетіжылдық мектебінде мұғалімдіктен бастайды. Онда – орыс мектебінде қазақ тілінен сабак береді. Міндettі әскер қатарына шақырылып, онда әскери училищені бітіреді,

лейтенант дәрежесін алады. Сол жылы соғыс басталады, Анатолий Федорович сол соғыстың қызған ортасына араласып кетеді. Көптеген ерлік көрсетеді. Жараланады. Елге оралады. Әскерден оралғаннан кейін комсомол, партия және кеңес қызыметтеріне қызу араласады.

Мәселен Қазақстан Орталық Комсомол Комитетінің екінші хатшысы, Қостанай қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, өлкелік комитеттерде, Жамбыл облысы партия комитетінің екінші хатшысы, 1980 жылдары Қазақстан орталық партия комитетінде (бөлім меңгерушісі) қызыметтерін атқарған.

Бұл күндері құрметті демалыста болса да соғыс және еңбек ардагерлері Алматы қалалық кеңесінің тәрағасы қызыметін атқарып отыр. Бірнеше ұл-қыздарын өсіріп, немерелерін көріп отырған ардақты ата.

Анатолий Федоровичтің еңбегінің зорлығын айғақтайтын дәлел оның төсіндегі толып жатқан ордендері мен медальдары. Мәселен Ұлы Отан соғысында алған наградалары: “Александр Невский” ордені, I-II дәрежелі Отан соғысы ордендері, “Қызыл жұлдыз” ордені, Соғыстан кейінгі наградалары: Уш “Еңбек Қызыл ту” ордендері, еki “Құрмет белгісі” ордендері, “Құрмет” ордені және он еki медальдары кеудесінде жарқырайды. Ғылым кандидаты.

Біз – жерлестері Анатолий Федоровичті мақтан етеміз! Түсі орыс болса да, тілі қазақ, ниеті таза абзал адам.



ТУЛЕКТЕР



Үәп
Латанов
Аудан
басшыларының бірі



Анатолий Шалов
Қоғам және мемлекет қайраткері



Бірлік Аханов
Інженер,ғылым
кандидаты



Сәлім
Құрманғожин
Дипломат.



Герольд Бельгер
Жазушы



Әлімжан Ахмадин
Генерал



Ермек
Қонарбаев
Жазушы.



Реш
Гайсина
Ұстаз.



Мәркен Ахметбеков
Қоғам және мемлекет
қайрат көрі



Қаби Оразалин
Зоотехник



Қайролла Қажытаев
Инженер



Мәкеш Садықова
Ұстаз



Болат
Құсайынов
Ғылым
кандидаты.



Дұман
Нұргалиев
Ғылым кандидаты.

II-Бөлім

ҰСТАЗДАР МЕН ШӘКІРТТЕР СӨЙЛЕЙДІ (Естеліктер)

МҰҚАНОВ ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНҰЛЫ.

Ардагер ұстаз, "Құрмет белгісі" орденінің иегері, Қазақстан Республикасы және Кеңес Одағы оқу ағарту ісінің озаты.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Мен Ленин орта мектебінде талай болдым. Сонда мектеп директоры Шияп Садықов ағаймен кездесіп, әңгімелескен кездерім еске түседі. Бұл кісі нағыз ұстаздардың ұстазы еді ғой. Оны өзімен бірге қызмет істеп жүрген мұғалімдер де әкесіндей сыйлайтын. Оқушылар мен олардың ата-аналары да оны пір тұтатын. Сондықтан да Шияп Садықұлы ұлағатты ұстаз деген зор атақта ие болды. Ол өзінің ғибратты өмірінің үштен екі бөлігін балаларға білім беруге бағыштады.

Қырық жыл мұғалім болған Шәкеңнің шәкірттері де өзімен ілесе жүрді. Оның алдын көрген адамдардың басын қосса ауыл түгіл ауданға сыймас-ау!.. Сондықтан да оны ұстаздардың ұстазы деп қадірлейміз.

...Сонау соғыс жылдары болатын. Ауыр жараланып, елге оралған Шәкең шәкірттердің шаруасымен жұмысшылар кооперациясы кеңсесіне келгенде балиғатқа толмаған баланы көреді. Киімі жұқа, өзі жүдеу бала жұмыс сұрай келген екен. Мұндай балаға жұмыс жоқтығын білген ол тіпті тебіреніп кетті. Бала біткенді бақытына балаған ұстаз шыдап тұра алмады, баланың жаңына барып, жағдайын сұрады.

Баланың әкесі соғыста мерт болыпты. Шешесі төсек тартып жатыр екен. Шиеттей бес

інісі мен қарындасы қолға қарап отырған көрінеді. Ол бала – Сабыров Дайыр, Қостанай облысында 6 класта оқып жүріп, тұрмыс тауқыметінен осындағанда халге түскен.

– Мен де соғыста болып, жараланып оралған бетім, - деді Шәкен балаға мұсіркей қарап. – Мүмкін, әкең менімен майдандас болған шығар?..

– Ол батырлықпен қаза тапты, - деді Дайыр, “қара қағаздан” оқыған сөздерін қайталап.

Майдангер мұғалім Дайырмен көп сырласты. Екеуі әкелі-балалы жандай түсініскең сәтте, сөзінің соңында Шәкен былай деді:

– Мені туған әкеңе бала, Дайыр. Сені өз баламдай көрейін. Әкенде жоқтатпаймын.

Осыдан кейін Дайыр Шәкенің - мектеп директорының үйіне орналасты. Шәкенің бала-шағасы Дайырды жатсынған жоқ. Мисалым жеңгей де шетқақпай қылмай, ана құшағын айқара ашты. Дайырды киіндіріп, ішіндіріп, 7 класқа отырғызды.

Дайыр да оқуға бар ынтасын салып бақты. Оның көңіл-күйін зер салып бақылайтын Шәкен жүдетеуге тырысты. Демалыс күндері үйіне шешесі мен туыстарының хал-жағдайларын біліп келуге және сапар сайын жас інілері мен қарындастарына сәлем-демелер беріп жіберетін. Сөйтіл баланың отбасына да көмектесті.

Арада төрт жыл өтті. Дайыр жаңа отбасына әбден сіңісіп, үйреніп алды. Шияптың балалары да оның туған бауырларында болып кетті. Солай 10-шы класты бітірді. Содан оны Шияп Садықұлы өз қолынан Алматының медицина институтына аттандырды.

Медицина институтының студенті Дайыр Сабыров өзінің әкесіндей қамқорлық көрсеткен ұстазына жиі-жиі хат жазып тұрды. Ол хаттар шынайы ыстық сезіммен ұстазға арналған алғысты білдіретін. Дайырдың бойындағы

адамгершілік, сыпайылық, сезімталдық секілді қасиеттер Шәкенді шаттыққа бөлейтін.

– Көрерсің, бұл жігіт тамаша дәрігер болып шығады! – дейтін ол сондай сэтте.

Бірақ екінші жарты жылдықтан кейін Дайыр хатты сиретіп жіберді. Біраздан кейін хат мүлдем келмей қалды. Шияп Садықұлы көп назаланды. “Ауырып қалмады ма екен?” деп құдіктенді ол. Кейбіреулер оған “институттың ректорына хат жазып білу керек” деген кеңес берді. Шияп оларды тыңдаған жоқ. “Дайыр тектен-текке үндемей жатқан жоқ шығар, - деді ол үй ішіне, - мен өзім барып білуім керек”.

Алматыда ол Дайырдың медицина институтын тастан кеткенін білді. Қайда кеткенін ешкім айта алмады. Институтта оқыған кезіндегі оның үлгерімі жақсы көрінеді. Ендеше неге оқымай кетті? Дайырға деген сенім мен үміт алдағаны ма?

Шияп үйге ренжіп қайтты, біреу өзінің бір асыл қазынасын үрлап кеткендей сезінді. Ал үйде оны қуанышты хабар күтіп жатқан. Есіктен кірісімен жұбайы оған Дайырдың хатын ұсынды.

“Қымбатты Шияп ағай! – деп жазыпты ол, – дәрігерлік менің мамандығым емес екенін түсіндім. Сондықтан бекерге уақыт өткізіп, студент орынын алғым келмеді. Бұл қылыштыммен, бәлкім, сізді ренжітермін де. Бірақ өзіңіз үйреткендей, қателікті мол ұлғайып кетпей түрғанда түзеткен дұрыс қой, деп ойладым. Қазір құрылышта жұмыс істеп жүрмін. Сонымен бірге Москвандың геодезия және картография институтына дайындалудамын. Маған енді ақша салмаңыздар. Енді өзім сіздерге көмектесуге тырысамын”.

– Сенемін саған, балам! – деген сөз шығып кетті үстаз аузынан. – Сен өз жолынды өзің таңдалап алуың керек еді. Бұл жерде қателік менен болды. Шияп Садықұлы Дайырға ризашылық

көңілін білдіріп хат жазды. Тек бұдан былай не болса да, жасырмай жазып тұруын өтінді.

Дайыр ұстазының үмітін ақтап шықты. Қазір ол Алматыда ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет істейді.

Шәкенди білетін үлкен-кішінің бәрі сыйлайтыны сондықтан. Өйткені ол жақынның емес, жалпының, өз халқының, өзінен оқығанның ғана емес, өз өнегесін тоқығанның ұстазы. Әлбетте, халық таңдаулы ұлдарын өмірден көргөніне және тергеніне, қоғамға бергеніне қарап бағалайды. Осы тұрғыдан алсақ Шәкенниң үлес салмағы басым жатыр.

Шияп Садықұлы осы мектепте отыз жылдан аса ұстаздық етіп, жиырма жылдай директор болды. Мектеп оның кезінде облысымыздың алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі болды. Шәкенниң көптеген шәкірттері жоғары оқу орынын бітіріп келіп өзімен бірге ұстаздық құрып, жастарға білім беруде үлкен жетістіктерге жетті.

Міне, осындағы артына мол із қалдырған тамаша ұстаз Шәкенниң ұлағатты істері ұмытылмауға тиіс.

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР.

Выпускник школы, писатель, переводчик, Лауреат Президентской премии мира и духовного согласия, Лауреат премии Беймбета Майлина Союза писателей Казахстана, Лауреат премии Казахского ПЕН-клуба, Заслуженный работник культуры Казахстана, Кавалер Ордена "Парасат" (под №1).

СВЕТ ДОБРОГО ОЧАГА.

С неизменным чувством благодарности и гордости вспоминаю я свою родную школу, которая в те далекие годы называлась Ленинской средней школой Октябрьского района Северо-Казахстанской области. Я, немец Поволжья,

очутился не по своей воле в том ауле на берегу Есиля в 1941 году. Три года носился по аулу со своими сверстниками-казахами, все думал-мечтал, что вот-вот кончится война, и мы спецпереселенцы, вернемся в родные края на Волге, и я пойду учиться в немецкую школу. Но проходили годы, я взрослел, война затягивалась, и разговор о скором возвращении домой вскоре угас. Домом стал, аул.

Русской школы поблизости не было. До районного центра было 25 километров. Как быть? Я к тому времени читал по-русски и по-немецки, знал таблицу умножения, владел четырьмя действиями арифметики, но казахский язык знал слабо и слова произносил с акцентом. Осенью 1944 года я пошел во второй класс казахской школы. Во втором классе нас училось трое. В параллельном четвертом классе тоже трое. Учительницей была Кульшара Касымова. Ко мне она относилась очень внимательно, по-доброму, как старшая сестра. И ей, первой учительнице, я многому обязан.

Должен заметить, что в ауле ко мне вообще относились очень хорошо. Никто не обижал. Каждый житель аула проявлял заботу. Старики называли меня "Сары бала", "немыс бала", "наш Гера", "першылдың баласы" (сын фельдшера). Не буду об этом распространяться. Аул и его жители тех лет описаны и воспеты в моих рассказах, повестях, романах, очерках и многочисленных статьях.

Аул на берегу Есиля я с тех пор называю родным. О нем мои самые теплые воспоминания.

А школа – старая, деревянная, просторная (так тогда казалось) – была в ауле очагом света, знания, новизны, культуры. Удивительная была школа! Известная не только в районе, но в области и всей республике. Здесь учились дети

из многих аулов по обе стороны Есиля. Школа славилась своими прекрасными, любящими свое дело, прогрессивными педагогами. И я даже спустя десятилетия с благодарностью вспоминаю директора школы Шияпа Садыкова, завуча Жангалия Кусаинова, преподавателя казахского языка Мисалыму Садыкову, математиков Нурсулу Кусаинову и Ахметжана Калиахметова, преподавателя русского языка и литературы Марию Петровну Егорову, географа Калау Тайжанова, преподавателя казахской литературы Жылгельды Муканова, классного руководителя Газиза Жахина, позднего директора Сейтена Сауытбекова. Они остались в моей душе неизгладимый след. О каждом из них я могу рассказывать много, и все они фигурируют в моей прозе и публицистике то под своими именами, то под вымышленными. Многих из них нет уже в живых, но память о них не померкла в сердцах их учеников.

Все годы учился я отлично. Редактировал школьные газеты "Оқу майданы" и "За учебу", участвовал в общественной работе, в самодеятельности, играл в шахматы. В то время школа была для нас и местом учебы, и местом досуга.

Окончил я школу в 1953 году. Потом в той же школе один год преподавал и работал лаборантом.

Те годы отражены обстоятельно в моем романе "Дом скитальца", который отдельной книгой должен выйти в этом году (до сих пор опубликованы лишь отдельные части и главы в разных журналах).

В 50-х годах спрос на выпускников нашей школы был велик во всех вузах республики. Когда в 1954 году я приехал в Алма-Ату и поступил в КазПИ им.Абая, в тогдашней столице Казахстана в

разных вузах учились 67 наших выпускников. Таких показателей не было ни в одной школе республики.

Жили мы, земляки, дружно, заботились друг о друге, гордились своей школой и своими учителями.

Отдельный разговор – выпускники нашей школы. Их можно встретить во всех уголках Казахстана, на разных должностях. Многих из них, именитых, степенных, достойных, я и поныне часто встречаю в Алматы, и в сердце моем вспыхивает радость за них, за нашу школу и наших наставников. Методика преподавания, учебный и воспитательный процессы находились в нашей школе на высоком уровне: в том я убедился на практике, когда после института преподавал в школе.

Ныне наша школа отмечает свой 70-летний юбилей. Это примечательная, славная дата.

Мой выпуск был десятым. А с тех пор прошло – о, боже! – 49 лет. Представить трудно.

В ауле, в школе я был семь лет назад, когда в родном краю отмечали мое 60-летие. Правда, здание было уже другое. Но мне было приятно встретить многих своих однокашников и даже нескольких учителей во главе с Газизом Жахиным.

О, дивные, невозвратные мгновения!

Я поздравляю родную школу с ее славным юбилеем, поздравляю его учительский коллектив и его нынешних учащихся. Желаю им успехов и дерзания в наше непростое время. Убежден: надо знать историю школы, в ней много ярких страниц.

Я низко-низко кланяюсь той школе, которая навсегда осталась в моем сердце, как очаг знания, любви и добра.

ҚАДЫРОВ ЖАСҰЛАН ҚАДЫРҰЛЫ.

Ардагер ұстаз, оқу-ағарту ісінің озаты.

Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының жағрафия факультетін 1952 жылы бітірдім. Өз облысыма оралып, Октябрь ауданы Ленин орта мектебіне жолдамамен орналастым. Мектеп директоры Шияп Садыковпен кездесіп, таныстым. Ол демалыста болғандықтан өзінің уақытша орнында қалған мұғалім Есім Смағұловпен кездестіріп, тұратын пәтер жайын шешүді тапсырды. Есім ағай сол кездегі колхоз басқармасы Бікан Қоспановпен сөйлесіп, мектепке жоғарғы білімді жас мұғалім келгенін, оның жанұясы үш адамнан тұратынын, пәтер керектігін хабарлады.

Колхоз басқармасы иманжүзді адам екен, Қази Досымбеков деген осы ауылдың тұрғыны, өзімен шамалас кісіні шақырып алып: “Мына жігіт Алматыдан оқу бітіріп бізге мұғалім болып келіп отыр. Шешесі, қарындасы, өзімен үш адам. Өз қамқорлығыңа ал, бір жыл сіздің үйде тұрсын” – деп өктемдеу сөйледі. Инабатты жандар екен, бір жыл бір дастарханнан дәм ішіп, тату-тәтті тұрдық. Келесі жылы мен бір бөлмелі үй алдым, онда екі жылдай тұрдым. Мектеп жайын айтсақ, айтуға тұрарлықтай екен. Оқушылар саны 800-ден асады, мектеп жанындағы интерната 130-140 бала тұратын көрінеді. Бұл мектеп аудандағы, облыстағы ірі, іргелі мектептердің бірінен саналады. Мұнда басқа ауылдардан, тіпті басқа аудандардан да келіп оқитыны таңға-ларлық жағдай.

Мен келген жылы бұл мектепке орналасқан жас мұғалімдер: Жахин Фазез, Базарбеков Қажен, Қожақов Есмақан, сәл бұрынырақ Мұқанов Жылгелді болатын. Дәл сол жылдары осы мектепте алпыстан астам мұғалім-тәрбиешілер еңбек етті.

Жас мұғалімдерге көмек үшін беделді, тәжірибелі ұстаздар бекітілді. Мектеп есігін ашып, табалдырғын аттағаннан бастап бетке бір жақсы леп еседі, көңілге қонымды іс көрінеді. Құмырсқадай жапырлап, күн-түн демей жұмысқа жұмылып жатқан мұғалімдер ұжымын байқадық. Сол алғашқы алған өсерім, ұжымнан алған өнегем іскерлік тәжірибемді шыңдал, алған білімімді толықтыра түсті. Бұл мектептегі үш жылдық еңбегім текке кеткен жоқ, қайта қанатым қатайып, ұстаздық шеберлігім молая түсті. Оған себебекер болған әріптестерім, майталман алдыңғы буын ұстаздар Есім Смағулов, Сәден Байбатыров, Ахметжан Қалиахметов, Шаймұрат Қарабеков, Кәләу Тайжанов т.б. еді. Одан кейін көркем өнерпаздарды басқарған Жылкелді Мұқанов - қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі үлкен еңбек етті. Мектеп театры, ойын - сауығы, пионер, комсомол, партия ұжымдарын басқарған жас ұстаздар жұмыстары, интернатта атқарылып жатқан тәлім-тәрбие жұмыстары бәрі де көңілге қонымды, ойдағыдан өтіп жатты.

Маған мектепте комсомол ұжымын басқаруды және интернаттағы тәрбие жұмысын бақылауды тапсырды. Есім ағай бірде: “Көкей деп жүріп көленкеде қалып қойма. Бізде жұмыстың жетістігін де, кемшилігін де бірдей ашып айтады. Әрқашан ақықатына көш. Үлкенді сыйлаймын деп ұмытылып қалма” – деген еді. Әрине бұл дұрыс ақыл екенін бірден түсіндім.

Ал, енді ауыл тұрғындарына келсек көп жерлерде кездесе бермейтін жағдайларды аңғардым. Үлкені, кішісі, қариялары аса қарапайым, мәдениетті, инабатты адамдар. Олар әсіресе мұғалімдерді өте сыйлайды, құрметтейды қыыншылықта қол үшін беруге бәрі де дайын тұрады. Мәселен Қайролла Қанафин (ол кезде колхоздың бухгалтері болған), Бекім Оразтаев,

Қази Досымбеков (жоғарыда айттым ғой), Қаражан Жүкенов т.б. көп жақсылығын көрдім. Рахымжан Әбілов деген ағамыз сабырлы, артық сөйлемейді, үйымдастыру қабілеті мол адам. Арасында орынды өзілі де бар болатын, әңгімелесе кетсе адамды өзіне баурып алатын қасиеті бар еді. Аса қадірлі Ләмәли Қонарбаевты (сельпоның бастығы), ауыл дәрігері Карл Федорович Бельгерді мектепке берген көмегі үшін де мақтауға тұрарлық дер едім.

Әмір езгеріп отырады. Талай сыннан өттік. Жас мұғалімдерді біраз тәжірибе алғаннан кейін өсіре бастады. 1955-1956 оқу жылында мен және Қажен Базарбеков басқа мектептерге директорлық қызметке ауысып кеттік. Аздап кейінірек Газез Жахин де директорлікке тағайындалды. Мен істеген Ленин орта мектебінде үш жыл ішінде он беске жуық түлектер алтын, күміс медальдарын алып шықты. Бұл үлкен табыс, үлкен мақтаныш, қажырлы еңбектің жемісі.

Оқымасам да, өнеге алған осы ордаға үлкен раҳметімді айта отырып, өзімнің бірге істеген әріптерестерімді, сол кезде оқыған шәкірттерімді және жалпы бүгінгі жастарды мектептің торқалы 70 жылдық тойымен шын жүректен құттықтаймын!

ҚОЖАКОВ ЕСМАҚАН ҚОЖАҚҰЛЫ.

Ардагер ұстаз, оқу ағарту ісінің озаты.

Мен 9 класты Ленин (бүгінгі Есіл) ауданындағы Еңбек орта мектебінен бітіріп, 10 класты қаладағы № 5 қазақ мектебінде аяқтадым (1947 ж.). Мектепті бітіріп, аттестат алған соң жолдастарыммен Алматыға тарттық. Құдай сәтін салып, ондағы шет тілдер институтына түстім. 1951-52 оқу жылы қарсаңында институтты тәмамдап, ағылшын тілінің мұғалімі мамандығын алып шықтым. Келешектегі қызметіме себепкер болған ел жігіті Хамит Біржанов болды.

Институт бітіргеннен кейінгі барлық қызықты өмірім Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебінде өтті. Елуінші жылдардың аяғында Қағида Базарбаевамен (осы мектептің түлегі, әрі ұстазы) бас қосып, жанұя құрдық. Ол жөнінде кейінірек тоқталайын. Алдымен өзім жайында бірер сөз айта кетейін.

Біржанов Хамит Ленин орта мектебін медальмен бітіріп, Алматы шет тілдер институтын қызыл дипломмен аяқтады. Рудный қаласында қалалық партия комитетінің секретары, Алматыда Әртүрлі қызмет істеді. Мен соңғы курста оқып жүргенде Хамит маған: - “Есаға, сен институтты бітіріп елге баrasың, мектепте ағылшын тілінен оқушыларға сабак бересің. Егер ағылшын тілінен тәжірибелі мұғалім болғың келсе, Ленин орта мектебіне бар. Ол мектепте тәжірибелі мұғалімдер баршылық. Мектеп директоры Садықов Шияп қазақтың зиялы, білімді, мәдениетті, кішіпейіл азаматы. Институтты бітіріп келген жас мұғалімдердің сабактарына жиі қатынасып методикалық ақыл – кеңес береді”, - деген еді.

Институтты бітіріп облыстық оқу бөлімінен мектепке жолдама алып, ауылдан 5 шақырымдай жердегі Николаевка орта мектебіне бармай, көнілім Ленин мектебіне ауды. Есілден аудан орталығы Марьевка арқылы көпірден өтіп барсақ, біздің ауылдан 100 шақырымдай жер екен. Қарағай мектеп, класс бөлмелері кең, биік, таза, терезелері үлкен. Мектептің айналасында жайқалып есіп тұрған ағаштар, биік тақтайша қадалармен қоршалған, жұзден астам оқушылар тұратын мектеп жанындағы интернат бар. Көп жылдан бері оқу ісінің менгерушісі, тәжірибелі ұстаз Құсайнұс Жанғали, М.П.Егорова, Садықова Мисәлім- тәтей сабактарыма қатынасып, айтқан методикалық ақыл-кеңестерін осы күнге дейін ұмытпаймын.

М.П.Егорованаң жолдасы “халық жауы” деген жаламен сотталған. Тұрмеден ақталып шығып, Мария Петровнаны тұған Қаласы Ленинградқа алып кетті. М.П.Егорована да Қазақстанның шеткі аймағына жер аударған. Қоштасарда көзіне жас алып, оқытушылар коллективіне, ауыл тұрғындарына раҳметін айтып, машинаның үстінде де артына қарап, қолын ұзағанша бұлғай берді...

1973-74 оқу жылынан бастап мектепте ағылшын тілі кабинеті үйімдастырылды. Заман талабына сай жабдықталды. Кабинетте алғаш лингофон аппараты орнатылды. Осы кабинет аудан бойынша алдыңғы қатарлы кабинеттердің бірі болып шықты. Мектепте ағылшын тілі үйірмесі үзбей жұмыс істеді. Мектеп оқушылары даярлаған “Том ағайдың лашығы”, “Құл саудасы” деген қойылымдар, жеке әндер, хор, пьесалар мектеп оқушыларына көрсетіліп отырылды.

Ол жәнінде облыстық “Ленинское знамя” газетінде жарияланды, “Шабытты еңбек жолы” атты мақалада “Труд, творчество, талант” деп атап көрсетті.

Бірнеше жыл мектепте оқушылар көркем өнерпаздар үйірмесіне жетекшілік еттім. Мектеп оқушылары аудандық байқауларда бірнеше рет бірінші орынды жеңіл алды. Оқушылар хоры, жеке әншілер облыстық қорытынды концертке қатысты, 2 жыл шамасында “Москва жаңалықтары” газетінен “Ағылшын әзілдерін” қазақшаладым. Аударған әзілдерім “Қазақ әдебиеті”, “Қазақстан әйелдері”, облыстық “Ленин туы” газеттерінде жарияланды. Қөптеген шәкірттерім мектептерде, колледждерде, университетте ағылшын тілінен сабак береді. Бекбасова Әминә Ленин мектебінде, Қекіжанова Фарида Қарағандыда Е.Бекетов атындағы университетете шет тілдер кафедрасының менгерушісі, бірнеше методикалық кітаптардың авторы, Құсайынова Роза

М.Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледжде, Еслямова Раушан қаладағы № 5 қазақ мектебінде т.с.с. Қорыта айтқанда өмірім зия өткен жоқ. Шәкірттеріммен де мақтана аламын.

ҚАҒИДА БАЗАРБАЕВА. Мектептің түлегі, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген мұғалімі.

Енді менің жан жолдасым-жұбайым Қағида Базарбаева жөнінде айтып өтейін. Қағида Базарбаева 1953 жылы Абай атындағы пед.институтының филология факультетіне түсіп, 1957 жылы институтты бітіріп, өзін қанаттандырып үшырған үяға мұғалім болып келді.

Көзі тірісінде облысқа, республикаға танымал Қағида Базарбаеваның тұла бойы тұнып тұрған адамгершілік болатын. Әсіресе, оның еңбек сүйгіштік қасиеті өзгеге өнеге тұтарлықтай болушы еді. Ауыл әйелінің шаруасы біткен бе? Сонда да Қағида мектептегі жұмысын тиянақтамай, үйге қайтпайтын. Оның бойындағы тағы бір қасиеті ешкімге ешуақытта дауыс көтеріп сөйлемейтін. Әр нәрсені байсалды, байыппен түсіндіретін, ашу шақыру, тепсіну ол кісіде болмайтын. Үйде де, түзде де өзін бір қалыпты ұстайтын.

Қағида жеке басына өте үқыпты болушы еді. Асығып-ұсіріп жанталасуды білмейтін, асықпай тындырып істеген ісіне көнілің толып отырушы еді. Қағиданың ең сүйіп оқытын журнал, газеті “Қазақ әдебиеті”, “Жұлдыз”, “Қазақстан мектебі”, “Педагогика” т.б. оқып отырып, керек жерін қарындашпен астын сызып, дереу өзінің дәптеріне ерінбей, жалықпай көшіріп алатын. Сөйтіп өзінің ұстаздық шеберлігін шындаады. Кабинет жабдықталып, үйымдастырылды. Қағида Базарбаева қазақ тілі мен әдебиеті сабактарын сапалы өткізу, оқушыларға тиянақты білім беру

жолдарын жан-жақты қарастырып, бай тәжірибе жинақтады.

Базарбаева Қагидаға 1977 жылы “Қазақ ССР-ның еңбек сінірген мұғалімі” деген құрметті атағы беріледі, 1983 жылы “Мұғалім-методист” дәрежесін алады. Қазақстан кәсіподактары XII, XIII съездерінің делегаты болды. Аты аудандық, облыстық Құрмет тақтасына жазылды. “Қазақ тілімен әдебиетін оқытудағы техникалық құралдарды пайдалану әдісім” деген тақырыпта баяндама жазып, Жамбыл, Алматы, Орал, Қекшетау қалаларында өткен педагогикалық оқулар мен конференцияларға қатынасады.

Онда Қагида Базарбаеваның баяндамалары жоғары бағаланады. Қагида бірнеше жылдар бойы өзінің озық педагогикалық іс-тәжірибесінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне курстар мен семинарларда, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында лекция оқыды.

Қагиданың басшылығымен мектепте драма үйірмесі үйымдастырылды. Үйірме мүшелері М.Әуезовтің “Тұнгі сарын”, F.Мұсіре-повтің “Амангелді”, С.Сейфуллинің “Бақыт жолында” тағы басқа пьесалар бойынша спектаклдер даярлап, мектеп оқушылары мен жұртшылық назарына ұсынылды. F.Мұсіреповтің “Амангелді” пьесасы облыстық теледидардан көрсетілді.

Қагида Базарбаеваның студенттік шағында да әртістік қабілеті танылған. Ол оқып жүргенде бірнеше қойылымдарда ойнады. Сол жылдары М.Әуезовтің “Абай” пьесасындағы Зеренің, С.Мұқановтың “Шоқан Ұәлиханов” пьесасында Шоқанның шешесі - Зейнептің, F.Мұсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” пьесасындағы Қозының шешесі-Мақпалдың рөлдерін шынайылықпен сомдай білді. Қазақ әйелдерінің жақсы қасиеттерін, заманың терең ақыл-ойлы аналарын көрермендер талғамына тамаша тарту ете білген

оның өнеріне елімізге танымал өнер мен мәдениет қайраткерлері зор баға берді.

С.Мұқанов пен институт директоры М.Фабдуллин өз пікірлерін айтып, студент жастың талабы мен таланттына риза болған еді. Ал атақты өнер шеберлері Серке Қожамқұлов пен Рахия Қойшыбаевалар жас та болса жарқырай көрінген Қағиданың арқасынан қағып ризашылықтарын білдірген болатын.

Қағида екеуміз 1958 жылы үй болдық. Тәрбиелеп өсірген балаларымыз: Қанат, Құрманғожа Көкшетауда, Сәуле – Ташкент-те, Мұрат Петропавлда тұрады. Тек олардың анасы - менің жан-жарым Қағида фана ортамызда жоқ.

Ленин орта мектебінің ұжымына үлкен раҳметтімді айта отырып, келе жатқан торқалы тойымызбен бәріңізді құттықтаймын!

ФАЗЕЗ ЖАХИН.

Мектеп түлегі, оқу ісінің озаты, ардагер ұстаз.

Жетпіс жыл бір адамның өмірі. Білім, тәрбие алдып, ұстаздық еткен мектебімнің мерейтойы дегендे толқымасқа шара болмады. Қуанышы мен қыыншылығы мол өткен өмірімнің дәл осы кезде көз алдында елестеуі заңды құбылыс сияқты.

Үлкендердің айтуынша жаппай колхоздастыру (ұжымдық шаруашылық құру) кезінде яғни осыдан жетпіс жыл бұрын ауыл адамдары бірігіп мектеп салуды қолға алған көрінеді. Көкшетау жеріндегі қарағайы мол шаруашылықтардан ұзындығы 9-10м бөренелерді өтізбен, атпен тасып, екі жылда оқу ордасы салынып біtedі. Келешекте бұл мектеп облысымызда іргелі оқу орынына айналынын ешкім сол кезде біле де қойған жоқ шығар.

Құрылыс аяқталды. Ауыл ортасында қызыл шатырлы үлкең қызыл қарағай үй орнады. “П” әрпіне ұқсас ұзындығы 32м, ені 15м аумақты үйді

жылыту үшін 8 пеш жағылады. Оған бір қыста 120-150 кубм ағаш отын дайындалады. Оны дайындалап, кесіп, ұсақтайтындар да мұғалімдер мен оқушылар болатын. Олар бұл жұмысты ақысыз, пұлсыз тегін атқаратын.

Менің туған жерім Қектерек ауылы, ол Ленин ауылданан жеті-ақ шақырым қашықтықта. Төрт класс білім алғып, 1941 жылы Ленин орта мектебінің 5 класына келіп түстім. Ұлы Отан соғысының жалында, қызыған кезі. Майданға жарамды ел азаматтары, мұғалімдер, жоғарғы класс оқушылары соғысқа аттанды, ал кейбіреулері ФЗО-ға (фабрика зауыт оқу орыны) жіберілді. Сейтіп мектеп іші ойсырап, адамдар азайып қалды. Дегенмен мектеп жұмысы, оқу – тәрбие жұмысы бір сәт тоқтамады.

Бірер жылдардан соң майданнан жаралы жандар орала бастады. Олардың ішінде жоғарғы білімді Шияп Садыков, Жанғали Құсанов, Сәден Байбатыров, Кәлау Тайжанов, Есім Смағұлов сияқты ұстаздар бар еді. Ортамыз толып, мектеп жұмысы жандана бастады. Оқушылар да жиналып, үзіліп қалған оқуларын одан әрі жалғастырды. Ал майданнан оралмағандар саны одан да көп. Сондықтан негізгі ауыртпалық әйелдер мен көрілерге түсті, балалар да белі қайысқанша жұмыс істеп, көмек көрсетті.

Мен 1942 жылы 6 класты бітіріп, түрмис-жағдайыма байланысты мектепті тастанап, колхоз жұмысына ауыстым. Фермада есепші болдым. 1945 жылы, соғыс бітісімен оқуға қайта оралып, оқуымды жалғастырдым. Сол кездегі оқу ісінің менгерушісі Ахметжан Қалиахметов менің жасыма, қабілетіме қарай 7-класс емес, бірден 8-класқа отырғызды. Менің математикадан жақсы үлгеруім де осыған себеп болған шығар. Ал математиканы жақсы менгеруіме 9-класс оқушысы. Еслям Нұрақаев себепкер болды. Сол кездегі мектеп

бітірушілер мемлекеттік емтиханды Қызылжардағы қазақ орта мектебінде тапсыратын. Біздің мектепте комиссия құруға жоғарғы білімді мұғалімдердің саны аз болатын. Сол қалаға барған 10 шақты оқушылардан емтиханды дүрыс тапсырған, аттестат алған осы Еслям Нұрақаев қана болатын, қалғандары оқыды деген анықтама қағаз ғана алып үйлеріне оралды.

Ал, біз бітірерде 1947-48 оқу жылында мемлекеттік емтиханды Марьевка орта мектебінің оқушыларымен бірге тапсырдық, олар бізге келді. Мен мектепті жақсы оқушылар қатарында бітірдім, ал Бірлік Ақанов күміс медаль алды. Мусин Еспай, Қаленова Гүлсім, Байкенов Сейсебай, Тайжігітов Мұрат, Мейрам, Аміржан, Зейнілғарап деген азаматтар бірге бітіріп, сол жылы бәріміз де жоғарғы оқу орындарына түстік. Мен Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының физмат факультетіне түсіп, оны елуінші жылдардың басында қызыл дипломмен аяқтадым.

Оқу министрлігінің жолдамасымен, облыстық оқу бөлімінің бүйрекімен Ленин орта мектебіне қайта оралдым. Бұл жолы ұстаз болып орнықтым. Алдымен алдыңғы буын ағалардан дәріс алып, үйренсек, енді өзіміз де жас буындарды тәрбиелеу, оқыту ісіне кірісіп кеттік. Мектеп мұғалімдер ұжымын өзімді тәрбиелеген, оқытқан жоғарыдағы аталған ұстаздармен қатар Мисалім Садықова, Нұрсұлу Құсанова, Мария Петровна Егорова деген үлкен апайларымыз құрайды екен. Олармен қоса жас жоғары білімді ұстаздармен толықты. Олар: Жылкелді Мұқа-нов, Зура Оразалина, Қажен Базарбеков, Жасулан Қадіров, Зейнеш Уалиев, Есмақан Қожақов, Темірғали Бектұров, Шалбай Смағұлов сынды ұстаздар еді. Ал бастауышта істеген Күлшара Қасымова, Бикен Нұртазина, Камал Жұмабаева, Кейкуат Асылтаев

сияқты ұлағатты ұстаздарды да атап өткен жөн болар.

Дәл осы кездері бізден кейінгі жас толқын іні-қарындастар да оқу бітіріп мектеп ұжымын көркейте түсті. Бұл елуінші жылдардың соны, алпысыншы жылдардың басы болатын. Олар Қағида Базарбаева, Әсима Сүлейменова, Жараспай Нұрқанов, Ермек Қонарбаев, Мейрам Әбілкарімов, Қазжан Махметов, Әлім Қадіралин т.б. еді.

Осы небары 20 жылдың ішінде мектеп ұжымы республикаға да танымал болып, үлкен абырой атаққа ие болды. Мектеп бітірушілер түрлі мамандықтың иелері еді, олардың көбі ауылшаруашылық мамандары.

Мектеп директоры Шияп Садыков және мұғалім Қағида Базарбаева Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атағын алды. Нұрсұлу Құсанова Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Көптеген ұстаздар оқу ісінің озаты белгісімен, басқа да медальдармен марапатталды.

Садыков Шияп демалысқа шыққаннан кейін мектептің директоры болып Баязиев Құрмаш, Қоспанов Қайрош, Қасымов Шекен т.б. қызмет атқарды. Бәрі де адап қызмет етті, олар осы мектептің түлектері болатын.

Мен де зейнеткер болым. Қызыл шатырлы қарағай мектеп көненің көзі еді, біздің рухани ордамыз болатын, оның жойылып кеткеніне аса көп ренжідім.

Мен де өмірден алатынмы алым, беретінімді бердім. Наградаларым да баршылық. Жыйрма төрт жыл осы мектепте математикадан сабак бердім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Одан соң Жаңажол мектебінің директоры болып, содан зейнеткерлікке шықтым.

Мектебіміздің 70 жылдық тойы құтты болсын,
жасай берсін, даңқы арта берсін! – демекпін.

ҚОБЫЛАН ХАМЗИН.

Мектеп түлегі, отставкадағы милиция полковнігі, Кенес Одағы ішкі істер мекемелерінің еңбек сіңірген қызметкери.

Мектеп – ортақ ұя, ақ босағамыз-фой. Ол жөнінде бірер сөз айтпай кетуге болmas. Себебі мектептегі жастық өмірің көз алдыңда осы уақытқа дейін айнадай жарқырап тұр.

Бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы мектептердің ішіндегі іргесі берік, шаңырағы биік, атағы республикаға белгілі Ленин орта мектебі болатын. Бүгін бұл мектеп Мәркен Ахметбеков атымен аталады.

Біздің Көктерек ауылында төртжылдық бастауыш мектеп болатын. Сол мектепті бітірген ауыл балалары қасымызыдағы 7 шақырым жердегі Ленин орта мектебінің 5 сыныбына (класына) барып түсетін. Мен ол мектепке 1943-1944 оқу жылында бардым. Мектепте парталас жолдастарымнан кішірек болдым. Себебі Сәтібек деген ағам әріптерді, санауды маған ерте үйретті, сөйтіп мектепке алты жарым жасымда бардым. Сол ағам 1941 жылдың басында, 19 жасында әскерге ілікті. “Мен әскерде жүргенде хат жазып тұратын сен боласың, окуынды жақсы оқы” – деген еді. Соғыс басталып кетті. Сәтібек ағам танк жүргізуши еді, 1942 жылы алдыңғы шептегі қырғын соғыста қаза табады. Ол жөнінде бізге хабар да жетті. Әкем де кенеттен ауырып, қайтыс болды. Сөйтіп жетімдіктің ауыртпалығын ерте тарттым.

Он екі-он үш жасымда үлкендер атқаратын жұмыстарға “бала жасаған пышақтың сабы жарық” дегендегі қолдан келетініне де, келмейтініне де араластым. Жазғы демалыс кездерінде колхоз шаруашылығына тікелей

араластық. Бұл шөп дайындау науқаны: шөпті шабу, оны тырнауышпен жинап кірелеу, көпенелеу, маялау. Осы жұмыстардың көбі қолмен істеледі де, ал шабу мен жинастыру кезінде атты пайдаланады. Ауыр жұмыста және қапаған ыстықта ат-жануар шыдай бермейді. Кейде ауыр жұмысқа көлік ретінде түйе де пайдаланылатын. Біздің ауылда жұзге тарта түйе болатын ол кезде. Біздің облыстың басқа ауылдарында түйе бар дегенді естігенім жоқ. Түйенің жүнін қырқып, апа-әжелеріміз күпі тігіп, шөлі, биәләй, байпақ, мойын орағыш тоқитын.

Соғыс жылдары жылқының саны аз болатын. Сондықтан көбіне өгіздерді пайдаланды. Өгіздер егін оратын “Лабогрейка” деген машинаны, маяланған егінді соғатын “Сталинец - 5” комбайындарын сүйреді. Соғылған астықты, маяланған шөпті, қыскы отынды осы сенімді, мықты көлік-өгіз тасыттын. Ауыр жылдары соқаға (жер жыртуға) сиырды да пайдаланды.

Біз-балалар, жас өспірімдер шама-шарқымызға қарай тырмысып, үлкендерге көмектесіп бақтық. Аға, әкелерімізді жоқтатпай үй шаруасына да араластық, отын, шөп жинастық, қора-қопсыны қымтадық, үйдің іші-сыртын сыладық. Сөйтіп ерте есейдік, ерте үйрендік, жастай шынықтық.

Мектеп жайы. Ленин орта мектебіне келгеннен кейін бір үйді 10-15 бала жатақхана ретінде жалға алдық. Үйдің бөлмелері де, жалпы түрі де жаман емес. Жерлесіміз Тұяқпай мен оның жұбайы Агрофена біздің күтушілеріміз еді. Өте таза, дұрыс адамдар болды.

Оқу кезіндегі тұрмысымыз айтарлықтай болған жоқ. Қысқа дайындалған бидайдың қоры жазға қарай әр жанұяда азаяды. Қар кетісімен егін алқабында қалған масақтарды тереміз. Масақты кептіріп, үгетіп ұнға айналдырамыз. Содан шыққан нанды жатақханаға апарып, талшық

етеміз. Бір жұмада 3-4 таба нан, аздаған май, картопты үнемдеп қорек етеміз. Қарынымыз орта болса да оқуды тастамадық.

Ол кезде оқулық кітаптар жоқтың қасы, дәптерлер жеткіліксіз, сия да табыла бермейтін. Пештің ішіндегі жалыннан қалған күйені езіп сия жасаймыз, немесе қолға түссе марганцовканы езіп, қызыл сия жасаймыз. Ал қаламның үші мұжіліп қалса, қаздың қанатының қауырсының жонып көдімгі қалам жасап аламыз.

Ол кезде электр жарығы мұлде жоқ. Керосин шамының маңына таласып, ертеңгі сабаққа дайындаламыз. Бұл қыстың қысқа күндерінде болатын жәйт. Әрине, осы қыншылықтар оқудың, білімнің сапасына әсер етпей қоймайды.

Тұрмыс-жағдайдың ауырлығынан оқудан қол үзіп кеткендер де аз болмады. Әсіреле 7,8 сынып балалары арасында мұндай жағдай көп кездесті.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Соғыс та бітті. Оқу аяқталды. Мектеппен қоштасатын да кез келді. Қатарымызда 15 қыздар мен жігіттер бар еді. Оның біреуі – Алқағаш аулының тумасы Сапар Темірбаев деген парталас жолдасымыз кенеттен қайтыс болды. Содан мектепті 14-міз бітіріп шықтық. Олар: Базарбай Махметов, Ақан Мәтенов, Сайран Әбілкәрімов, Қекімжан Сейітқожин, Молдаш Қойшин, Нариман Тайжанов, Мырзаш Смағұлов, Әбжан Қожабеков, Ережеп Дәuletбаев, Қадыр Имақов, Бейсен Алжығанов, Мұхаметжан Әбілмажінов, жалғыз қызы – Нұржамал Жаналина және мен Қобылан Хамзин.

Өкінішке орай, осы аталған азаматтардың біразы арамызда жоқ, ол дүниеге өтіп кетті. Оларды суреттеріне қарап, еске аламыз. Сол жылы парталас достарымың барлығы дерлік жоғарғы оқу орындарына түсті, кейін түрлі мамандықтардың иесі болды.

Мен Одақтың Ташкент қаласындағы ішкі істер Министрлігінің басшы қызметкерлерін дайындастын екі жылдық мектебіне түстім. Оны өте жақсы аяқтадым. Зангер мамандығы бойынша диплом мен лейтенант атағын алғып оралдым. Одан соң Алматы-ның Мемлекеттік Университетінің Заң факультетіне сырттай оқуға түстім. Сәті түсіп, оны да ойдағыдай аяқтап, зангер - құқықтанушы мамандығы бойынша жоғарғы дәрежелі дипломды да алдым.

• Еш қалтқысыз, қажырлы еңбектің арқасында әжептәуір дәрежеге де жеттім. Милиция полковнігі, ішкі істер министрлігі мекемелерінің еңбек сіңірген қызметкері атақтарына ие болып, бірнеше орден, медальдармен марарапатталдым.

Мен бұларды мақтандырып үшін айттып отырған жоқпын. Өмір жолымның қындығын, қыншылығын айта келе, жеткен жетістігімді жастарға үлгі ету мақсатымен жазып отырмын.

Өзін-өзі пандау ұстап, аз сейлеп, баппен ғана жүретін ұстаз, мектептің директоры Шияп Садықов, көзілдірігі жарқырап, сәнді киініп, сәнді сөйлейтін, математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің менгерушісі Ахметжан Қалиахметов, жүзі жайдары, аузын ашып құлгенде ар жағында жүрегі көрінетін ақжарқын, әнші-домбрашы, жағрапия мұғалімі Кәлөу Тайжанов, сыпайы, әдемі әйел, неміс тілінің мұғалімі Эрфурт, орыс тілі мен әдебиетінің майталманы М.П.Егорова сияқты тамаша адамдарды ұмытуға еш болмас.

Олар әрқашан жадымызда мәңгі сақталады. Бұл күндері мектептің аты Мәркен Ахметбековтың атымен аталады. Мәркен Ахметбеков осы мектептің тұлегі, үздік оқыған шәкірт. Кейін ол кеңшарларда, ауданда қызмет атқарып, облыс басшылығына дейін көтерілген мемлекет және қоғам қайраткері еді. Есімі мәңгі есте сақталу үшін

осы мектептің аты берілгеніне ризашылығы-
мызды білдіреміз.

Бұл күндері мектеп мұғалімдер ұжымын
жастар құрайды. Есқі дәстүрді үзбей жалғастырып
келе жатқан жас ұстаздарға, оның басшысы Есен
Темірғалиұлына үлкен раҳметімізді айтамыз!
Істеріне сәттілік тілейміз!

СЕЙТБЕКОВ ЖҰМАШ.

Мектептің түлегі, оқу-ағарту ісінің
озаты,ардагер ұстаз.

Өзімді, өзгені де есейтіп адам еткен,
Бүгінде жетпіс жасқа келіп жеткен.
Тағдыры мен тарихы көз алдымда,
Қасиетінен айналды ұлы мекен.

Ұлы мекен деп отырғаным – мектеп. Кешегі
алқай-жұлқай жүрген қарадомалақ балаларды
партаға отырғызып, қолына ақ қағаз бен қалам
ұстасып, өзінің қамқорына алған осы алтын орда-
мектебім емес пе.

Менің балалық шағым бұрынғы “Дауымбай”
аулында өтті, кейін ол ауыл “Мектеп” деп аталды.
Бұл ат жаппай колхоздастыру кезінде берілген
көрінеді. Бастауыш білімді мен осы жерде алдым.
Менің алғашқы мұғалімдерім Сейтім, Майра
Бекмағамбетовтер болатын, одан кейін Зікірин,
Дайыров деген ұстаздар оқытты.

Әрине, ол кезде оқу құралдары жетіспейтін,
он-он бес балаға бір оқулық, қарындаш пен қалам
да өте аз болатын. Үй тапсырмаларын бір үйге
жиналып орындайтынбыз. Жетіспеушілікті,
жоқшылықты біз мойындарын, бәрі де қызық
сияқты болып көрінетін. Бастауыш мектепті
тәмәмдап, 1939-40 оқу жылында Ленин орта
мектебіне аттандық. Бұл бізден 18 шақырым
жердегі колхоз болатын. Ол колхоз қала сияқты
мәдениеті жоғары, халқы көп, сауатты адамдар
жері деп ойлайтынбыз. Шын мағанасында солай

екен. Мектептің директоры ол кезде Сейипи Сейітбеков еді (маған туыстығы жоқ). Құзембай Мұсабаев қазақ тілі мен әдебиетінен сабак берді. Аса бір талап қойғыш, тиянақты адам болды. Математикадан сабак берген Қабдірашит Тұрлыбаев еді. Соғыс алдында ұстаз болғандар Үәли Халықов – географиядан, Мәнжүр – неміс тілінен, Кенжеш, Мария Федоров-на, Мәжкен Габбасов, Назиқа Қөлдеева, Дүйсен Сейітбеков т.б. сабак берді. Әрине, кейбірінің фамилияларын ұмыттып қалдық.

Мектеп үйінің қарағай бөренелерін отызыншы жылдардың басында Қекшетау жерінен өгізбен тасыды. Ауыл адамдары Марьевка селосының шебер орыстарымен қосылып үйдің қабырғаларын тұрғызады. Алғашында 2-3 бөлмесі беріліп, онда бастауыш кластар оқиды, келесі жылы басқа бөлмелері бітіп, жетіжылдық, одан кейін толық орта мектеп болды.

Мектеп үйі алыстан көз тартады, өзі адамдарды шақырып тұрғандай. Қабырғалары тұзу, жуан қарағайдан салынған, төбесі қаңылтырмен жабылған сөнді ғимарат ауыл ортасында оқшау көрінетін.

Ұлы Отан соғысы жылдары әскерге жарамды адамдар майданға кетті. Білімді мұғалімдердің орнына 10 класты бітірген Бағира, Қуләш, Шура, Бөпеш, Зақу сияқты жас қыздар сабак берді. Олар жалғыз сабак емес, колхоз жұмысына да көмектесті және оқушы балаларды да соған жұмылдырды. Қайткенмен тіршілік тоқтаған жоқ.

Мен өзімнің ұстаздарым, әрі әріптестерім Шияп, Мұсәлім, Жанғали, Нұрсұлу, Ахметжан, Қәләу, Есім, Сәден сияқты абзал азаматтарды бір сөт естен шығарған емеспін. Киім-кешектен де, тамақтан да кемшілік көрген, ауыр жұмыс істеген біздер тез есейдік, ерте шынықтық.

Соғыс аяқталысымен оқушылар мектепке сабылып келе бастады, білімге деген құштарлық артты. Оқуды аяқтадым. Аттестат алысымен Петропавлдағы еki жылдық мұғалімдер институтына түстім. Бірге бітіргендерден Құлбара Қасымова бар. Диплом алдық. Сол жолы Ғалым Хамзин деген азамат та диплом алды бізben бірге, кейін Құлбарамға үйленді. Ол қаладағы қазақ мектебіне көп жыл директор болды, жақсы сауатты, мәдениетті азамат еді. Алғаш Қеңес, Ынтымақ мектептерінде мұғалім болып қызмет атқардым.

1968-69 оқу жылы Ленин орта мектебіндегі тарихшы Құсайнұс Жанғали маған хат жазып, сен бізге кел, мен пенсияға шығамын деді. 1964 жылы жоғарғы білім дипломын алғанмын. ОбЛОНО-ға хат-арыз жазып, Сакун В.И. мырзаның бүйрығымен Ленин мектебіне келдім. Мектеп директоры Шекен Қасымов және сондағы мұғалімдердің көбі сол мектептің тұлектері екен.

Бәрі жоғарғы білімді, беріле жұмыста, оқу-тәрбие ісінде мақтаулы, аудан мен облыста, тіпті республикада аты елеулі еді. Кадрлер мәселеісі іріктеулі, бәрі де сенімді, біртұтас өзара ынтымақта екен. Өзіме сабақ берген Шияп Садықов, Ахметжан Қалиахметов, Сәден Байбатыровтармен жұмыс атқару мен үшін үлкен сын, әрі абырой еді.

Маған аз дем алып, көп ізденуге тура келді. Әйткені насихатшымын. Аптаның дүйсенбісі “Фылыми коммунизм теориясынан” 45 мұғалімге саяси сабақ өткіземін. Сүрінген жоқпын, 1986 жылы Алматыда жоғарғы Советтің құрмет грамотасына ие болдым, озат мұғалім атандым. Ой-арманым өзім үшқан ұяма келіп жүзеге асты. Мектебіндегі мұғалімдердің бірталайы оқу ісінің озаты екен, республикаға еңбек сінірғен 2 ұстаз:

Шияп, Қағида болды. Сол ұлағатты ұстаздар қалдырыған өсiet жалғасуда.

1970 жылы іргесі қаланған, бірақ бітпей түрған мектеп үйінің үшінші қабатының шаңырағын жабу, қырлап-сырлауды ПМК -22 ге қосылып мұғалімдер мен жоғарғы класс оқушылары бітіргенбіз. 1 октябрь 1970 жылы кіріп, кабинеттік жүйеге көштік, ауданда озат жұмыс жасап беделге ие болдық. Коллектив, оның іскер директорлары Шияп Садыков, Шекен Қасымов марқұмдардың есімдерін ел ерекше еске алады.

“Бұғаңі ізбасарларымызға сәттілік айтып, үрпақ тәрбиесінде табыстарға жете беріңдер деген тілегімді білдіремін!

ӘЛІМЖАН МАЖИТОВ.

Мектептің түлегі, ардагер ұстаз, оқу ағарту ісінің озаты.

Ленин орта мектебінің ірге тасының қаланғанына 70 жыл толуына байланысты осы мектептің түлегі іретінде аздал пікір айтуды жөн көрдім.

Мен Ленин ауылданан 6-7 шақырым, Есілдің арғы бетінде тұратын Жаңажол ауылның тұмасымын. 1929 жылы дүниеге келіппін. Балаларының келешегін ойлаған мениң әке-шешем отызыншы жылдардың басында Бостау (кейін Ленин) ауылдана көшіп келеді. 1936 жылы осы ауылдағы Ленин орта мектебінің бірінші сыныбына оқуға түстім, ол оқу орынын 1946 жылы бітіріп шықтыйм. Осы өткен он жыл аралығында үлкен-үлкен тарихи уақыгалардың күесі болдым.

Отыз жетінің құғын-сүргіні, қырық бір мен қырық бестің арасындағы сұрапыл соғыс елдің тұрмысына, саяси жағдайына әсерін тигізбей қойған жоқ. Көпшіліктің жүргегіне жара салды, қабырғасын қайыстырды. Мәселен Ұлы Отан соғысына әр үйден екі, одан да көп адам кетті, содан аман оралғаны кемде кем-ақ. Сол сұрапыл

соғыстан жарапанбай аман-сау келгені мұғалім Сәден Байбатыров қана болды ғой деймін.

Соғыс кезінде адамдар бірлікте, татулықта болып, бір-бірін сүйемелдеп, қамқоршылық жасап отырды. Қашшама қыншылық болса да жастардың оқуға деген құштарлығы сол кезде еш кеміген жоқ. Халықтың бір-біріне деген шынайы қамқоршылығын дәлелдеу үшін мына бір мысалды айта кетейін. Соғыста жарапанған Қабдол Сайдуов деген ағамыз елге хат жазыпты: “Тамағым сау, көзім көреді. Тек аяғымнан жарапанып журе алмай домалап қалдым”, - депті. Бопат деген ауылдың ақсақалы елден сұрылып шығып, хатта жазылған адресі бойынша іздеп барып, Қабдол ағамызды елге алып келеді. Мұны да бір ерлік деп санау керек қой. Сол Қабдол ағамыз көп жасап, 80-нен асқасын бұл дүниеден өтті.

Соғыс жылдары бала-шаға, шал-кемпір, жетім-жесір бәрі бір кісідей жұмылып, жұмыс істеді. Жейтін тамағымыз құрт пен ірімшік, ішетініміз айран мен сүт, нан аздал қана үнемдеп желінеді. Колхоз жыл аяғында еңбеккүнгө бидай береді. Ол бидайды тазалап, қол диірменге үгіп ұн жасаймыз. Түске дейін мектепте сабакта боламыз да, түстен кейін колхоз жұмысына араласамыз.

Соғыс алдында ұстаздық еткен адамдар: Мәжкен Фаббасов, Зарап Байкенов, Сейип Сейтбеков, Қабдірашит Тұрлыбаев, Ихия Ақанов, т.б. еді. Осының ішінде қарт ұстаз Ихия Ақанов кезінде Омбы қаласында Жұмабай Шаяхметовке (Қазақстан Орталық партия Комитетінің I-хатшысы болған) тарих пәнінен сабак беріпті. Ұмытпасам, 1951 жылдың жазында Жұмабай Шаяхметов Ленин ауылына келіп, Ақановқа Орден тапсырып кетіпті дегенді естіп едік. Ихия ақсақалдан Сапия, Батыр, Бірлік, Сөүле деген балалар өсіп өрбіді. Оның ішінде Бірлік деген баласы Ленин орта

мектебін медальмен бітірді. Сапия ұстаз болды осы мектепте.

Мен 1-сыныпқа келгенде мектеп директоры Сейип Сейтпеков еken, Садуақас Жандосов мұғалім болып істейді. Екеуде Жаңа-жол аулынан еken, яғни менің жерлестерім. Бірақ соңғысы “халық жауы” деп айдалып кетті. Сол кезде мен Сейип ағайдың қызы Тенденкпен және Садуақас ағайдың қызы Шамшиямен бірге оқыдым.

Мектеп директоры Сейип ағай мектеп сыртындағы ақ қайынды ағаштың бауырында киіз үй дігіп, қыстап шыққанын еміс-еміс білемін. Ол кісінің үстінде Каспи теңізіндегі тюленнің терісінен жасалған жарғақ шапаны болатын. Дәл осы тұста Бораш Көлдеев те мектепте ұстаз болып, еңбек пәнінен сабак берді. Мектеп оқушылары колхозға керекті жеңіл-желлі (ағаш айыр, күректің сабы сыйқты) құрал-саймандарды жасайтын едік.

Мектеп жанындағы интернаттың жан-жақтан ағылып келіп жатқан балаларды толық қабылдауға мүмкіндігі болмайтын. Сондықтан әр ауыл пәтер жалдап, күтуші ұстайтын. Отын, шебін, күтушінің еңбек ақысын әр колхоз қамтамасыз ететін.

Соғыс жылдары ашаршылық, қыншылық көріп оқыған үл-қыздар кейін белгілі ел азаматтары болып шықты. Мысалға орыс баласы – Шалов Анатолий, неміс баласы – Бельгер Герольд, қазақ баласы – Ахмадин Әлімжан т.с.с. айтсақ та жеткілікті болады. Сол соғыс кезінде балаларға, мұғалімдерге деген қамқор-лық жақсы болды. Тұрмысы тәмен балалар интернатта тұрып оқыды, мұғалімдер дүкеннен керекті заттарын тізіммен алды.

Өзім өмір бойы ұстаздықпен айналыстым. Алғашқы ұстаздық қадамым да осы Ленин орта мектебінде басталған еді. Одан кейін оқу ісінің менгерушісі, мектеп директоры, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында

методист (әдістемеші) болып қызмет атқардым. Бас аяғы бұл қызметтерде 51 жыл өмірім өтіпті. Жанұямдағы балаларымның бәрі де ер жетті. Қазақ мектеп-интернатын бітірген Марат деген балам Қазақстан Республикасы шекара штабы бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқарады, полковник дәрежесі бар. Басқа балаларымның да жанұясы бар, қызметтері де қөнілдегідей.

Мектеп ұжымына айтарым, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру жөніндегі абыройлы істеріңзге зор табыс тілеймін!

СӘБИТ ЖУМИН

Мектептің түлегі, ардагер ұстаз.

Мен осы ауылдың тұмасымын, осы мектепте оқып тәрбиелендім. Мен оқуға алғаш барған жылдары Сталиндік құфын-сұргін, жаппай жазалау, жабу, ату кезеңіне кез болдық. Бұл пәленің шеті біздің жанұяны да соғып кеткені есімде. Одан кейін, яғни мектепті орталап қалған кезде сұрапыл соғыс басталды. Сол дүрбелендердің сонында, ауыр қыншылықтарды бастан кешіре отырып мектепті бітірдім. Бұл 1946 жыл, яғни халықтың қалжырап, тұралап қалған кезі болса да соғыс басылып, елдің есі кіріп, еңсесі көтеріле бастаған шағы еді.

Мектепті бітірісімен жанымыздағы Көктерек аулындағы бастауыш мектепке мұғалім болып орналастым. Өзімізді оқытқан, тәрбиелеген Ахаң, Жакен, Шәкен сияқты ұстаздарға үқсап ұстаз болу менің арманым болатын. Сол арманға аз да болса қолымның үші іліккен сияқты болды. Эрине, ұстаз болу оңай іс емес, оны кейін түсіндім. Орта білім жеткіліксіз, әрі қарай оқуға тұра келді. Сөйтіп, Қызылжар қаласындағы екі жылдық мұғалімдер институтына түстім де, оны 1949 жылы ойдағыдай аяқтап шықтым.

Мектепте оқып жүргенде бізге мұғалімдердің бір-бірінен айырмашылығы жоқ сияқты болып көрінетін. Шын мағанасында мәселе олай емес екен. Әр мұғалімнің өз дәрежесі, өз әдісі, өз шеберлігі болады. Киындығы көп болса да тәуекелмен мен де үстаздық жолға түстім. Осы мектепті бітіргендердің жартысынан көбі мұғалім мамандығын қалады десем асыра айтқандық болmas.

Институтты бітіргеннен кейін (1949 ж.) бұрынғы Чкалов (бұгынғы Тайынша) ауданының Шұңқыр көл мектебіне директор болып орналастым. Одан әскерге алынып, міндеттімді атқардым. Әскерден оралған соң Сергеев (бұгынғы Шал ақын) ауданындағы Ақсу мектебінде тарихтан сабак бердім.

Осы үстаздық етken кездерімдегі ерекше есте қалғаны – туған ауылым, оқыған сүйікті мектебіме қайта оралуым болды. 1968 жылы осы мектепте әрі сабак беріп, әрі интернат менгерушісі болып орналастым. Сол кездегі бірге үстаздық етken абзал азаматтардың біразы ол дүниелік болып кетті. Олар: Фазез Әбілмажінов, Есмағзі Жұсиев, Шәкім Нұртазин, Шаймұрат Қарабеков, Аманжол Спаин, Сәден Байбатыров, Қағида Базарбаева, Зияш Мәтенова т.б. Топырақтары торқа болсын демекпін сол әріптестеріме. Әрқашан еске түсіріп отырамыз. Одан соң орта буындағы үстаздар, бұл күндері құрметті демалыста жүрген Жұмаш Сейітбеков, Шалбай Смағұлов, Әсимә Сулейменова, Фазез Жахин, Құрмаш Баязиев, Малкен Баймышева, Әлім Шегенов, Бөпеш Нұрғалиева, Нағима Қасымова, Мейраш Әбілкәрімов, т.б. оқу-тәрбие жұмыстарының ыстық-сұығын бірге бөлісіп едік. Солардың аманшылығын тілеймін.

Мектептің, мектеп ұжымының жұмыс нәтижесін ұшырған түлектер арқылы сезінуші едік,

көркем өнерпаздарының байқауынан білуші едік. Сабак сапасы, тәрбие жұмыстары жөнінен мектеп əрқашан алдыңғы салтан көрініп отырды.

Істеп жүрген мекеменің абыройы ондағы ұжымға, оны басқарып отырған адамға тікелей байланысты екені белгілі. Мен келген кездегі мектеп директоры Шекен Қасымов болатын. Тиянақты, ұқыпты адам еді. Сол қасиеттерге қарамағындағы қарапайым мұғалімдерді де үйретті. Басталған істің аяқталуын жөне нәтижесін қадағалап үнемі тексеріп отырды. Мысалы ескі мектептен жаңа салынған зәулім мектепке көшу кезіндегі ісі ұланғайыр. Ауланы ұқыптау, әр класс бөлмелерін жабдықтау, алынған дүниелерді бүлдірмей сақтау сияқты істерге жауапкершілікпен қарады. Осыған барлық мұғалімдерді, барлық оқушыларды, ата-аналарды жұмылдыра білді. Әрине, қатаң талап қоюды кезінде түсінбейтіндер де, ұнатпайтын да болған шығар. Алай да Шекен Қасымов өзінің адалдығымен, іскерлігімен көзге түсіп, осы оқу орынын алдыңғы қатарда ұстап келгенін ешкім жоққа шығара алmas.

Ленин орта мектебінің ұжымынан екі дүркін алған тәрбием текке кеткен жоқ сияқты. 1973-1985 жылдар аралығында Алқағаш, Мектеп, Жаңалық сегізжылдық мектептерінде директорлық қызметте болдым, соңғысынан зейнеткерлікке шықтЫМ.

Сейтіп, менің саналы өмірім оқушылармен, мектеппен бірге біte қайнасып өтті.

ҚЫРҒЫЗ МУСАБАЕВ.

Мектептің түлегі, ардагер ұстаз, оқу ағарту ісінің озаты.

Мен Қырғыз Күзембайұлы 1956 жылдың түлегі. Ол кезде мектеп директоры Шиял Садықов, оқу ісінің менгерушісі Фазез Жахин,

класс жетекшім Таисия Анатольевна Игумнова болатын.

Николаев орта мектебінде табан аудармастан, үзіліссіз 40 жыл ұстаз болып істеп, зейнеткерлікке сол мектепте шықтым.

Көне “Көбеш” жерінде, Николаев селосында оқу ағарту ісінде жүргіммен жылу беріп, жас бүлдіршіндерге білім көүсәрінен сусындааттым, тәлімді тәрбие бердім деп ойлаймын. Мен республикалық “Мектеп” баспасының облыс бойынша референті, “Қазақстан мектебі” журналының, “Ленин туы” газетінің, “Зерде” (“Білім және Еңбек”) журналының авторы болым. Жалпы алғанда республикамыздың 7 газетіне, “Правда” газетіне де, “Наука и жизнь” журналына да материалдар бердім.

Төрт дүркін Республикалық Педагогикалық оқуларға қатысып, олардан да құралақан болғам жоқ. Ұстаздыққа, ұстамдылыққа, ұқыптылыққа үйренуіме негізгі себепкер ең алдымен әке жолы, оның салған ізі шығар деймін. Өйткені әкем Күзембай Мұсабаев жастайынан зерек, білімдар адам болған. Ол алғашында ауыл молдасынан дәріс алып, арабша құран оқуға үйренген, кейіннен жәдитше, латынша, содан соң кирил әріптерімен сауаттанған.

Солтүстік Қазақстан және Көкшетау аймақтарында халық ағарту жұмыстарымен тікелей айналысқан. Әсіресе, халықты жаппай сауаттандыру саласында Ахмет Байтұрсыновтың төте жазу әдісін іс жүзіне асыруға ат салысты, отыз-қызық күннің ішінде арап әрпімен жүрттың сауатын ашқан. “Дауымбай” ауылында (қазіргі “Мектеп” ауылы) ересектерді де оқуға үйретіп, сауаттандырады. Оған дәлел “Сауатсыздықты жою және жаңа әліп Қоғамының округтік Кенесінің №14 мүшелік белеті”. Ашаршылықта қоғамға мүше болған жылдарында “белсенділердің” асыра сілтеу

саясатымен күресе отырып, жұрттан зар иletіп жинап алған азық-тұліктерін халыққа әділ үлестіріп беруге ат салысқан азамат.

Халық ағарту жұмыстарынан қол үзбей жүріп, 1940 жылы Қызылжар қаласындағы педагогикалық техникумды тәмемдәған. Мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі, жастарды жақсылық өнерге, білімге баулуды мақсат еткен. Оған дәлел әкемнен дәріс алған бүгінгі қариялар ол кісіні ауыздарынан тастамай айтып отырады.

1927-28 жылдары алғаш рет Дауымбай ауылында мектеп ашылады. Алғашында бастауыш мектеп болады да, бертін келе ол орталau мектепке айналады. Ал ол мектептің балалары орта білімді, аттестатты алу үшін Ленин орта мектебіне барады. Менің әкем осы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабак береді.

Әкемнің қызметтес жолдастары, әріптестері ол кезде Сейип Сейітбеков, Ахметжан Қалиахметов, Ихия Ақанов, Ерғали Малаев т.б. еді!

Менің әкем 1942 жылдың мамыр айының 10 күні әскерге Барқиден аттанды. Анам Нұрғиза екеуміз ақырғы рет қоштасып қалдық. Ол кезде мен 5 жаста ғана едім. 1943 жылдың қыркүйегінде Смоленск қаласының төңірегінде кескілескен қанды шайқаста ерлікпен қаза тапты деген қара қағазға ғана ие болып қалдық...

Менің Ленин орта мектебіне баруыма себепкер болған мәселе, әкемнің Ұлы Отан соғысына қатысып, шәйт болуы. Үкіметтің қаулысы бойынша әскерге алынған адамдардың жанұяларындағы балаларын мектеп жаңындағы интернаттарда тегін оқытылады.

Біздің балалық шағымыз Ұлы Отан соғысына сәйкес келді, балалық бал дәурен болмады. Қыс айларында оқып, жазғы демалыс кезінде колхозда (Жаңажолда) үлкен адамдармен бірдей 12-14

сағат жұмыс істедік, сондықтан болар біз ерте есейіп шындалдық.

Ол кезде оқуға өркімнің қолы жете бермейтін. Облысымыздың бірден бір шәкірттер дайындаудың шын көрігі – Ленин орта мектебінде білім алу әр оқушының биік арманы, мақсаты болатын. Бұл мектеп әрі менің әкемнің мұғалім болған мекемесі, ұжымы емес пе? Мұнда үлкен парасатты, терең білімді ұстаздар топталған. Олар асыл ақылдарын, терең ойын тек қана бізге арнаған еді.

Менің ардақты да асыл ұстаздарым: Сейтен Сауытбеков, Зура Оразалина, Мисалым Садықова, Шалбай Смағұлов, Қажен Базарбеков, Шаймұрат Қарабеков, Таисия Анатольевна Игумнова, Ғазез Абілмәжінов т.б.. Осылардың ішінде өмірімде елеулі орын алған, ардақты ұстазым Мисалым Садықова еді. Ол өте бір парасатты білімді, аса мәдениетті жан болатын. Ол кісінің аналық аяушылығының, жанашыр ұстаздығын менің жеке басым көп сезінді. 5-6 кластарда оқып жүргенімде мен трахома ауруына шалдырып, ашық күнде көзімді аша алмай, жазба жұмысымен айналыса алмай көп бейнеттендім. Осы кезде Мисалым апай маған грамматика сабактарынан дәрісті бір сағат ерте беретін. Ол кезде жүдеушілік кірген менің өнімді көріп, үйінен шағын жастық әкеп берді. Ағаш партада қисайып дем алатынын. Ұстазымның маған жасаған жақсылығын әлі ұмытпай жүрмін.

Бойы орташа болғанымен ойы терең, қара торының әдемісі болатын. Тағы бір ұстаздық үлгісі әр сабакқа тиянақты дайындықпен келетін, біз оны жақсы сезінетінбіз. Сабакты ашусыз, жақсы бір мейірбандылықпен, сабырлықпен өткізетін. Ұстазы ұстамды деген ұғым осыдан бас алатын шығар. Менің де ұстаз болуыма Мисалым тәтейдің үлгісі өмірлік әсер етіп, мен де өмір бойы ұстаз

болып жүрмін. Мисалым тәтей берген білімнің (қазақ грамматикасының) арқасында қаламымды құрғатпай баспасөздерде мақалаларымды жарияладап тұрамын. Оным ана тілін еркін білуімнің арқасы деп білемін.

Жоғарыдағы аталған мұғалімдерімнің көбі ана дүниелік болып кетті. Аруақтары ардақты, топырақтары торқалы, жатқан жерлері жайлы, имандары жолдас болсын.

Қымбатты менің мектебімнің бүгінгі ұстаздары!

Тойларыңыз құтты болсын, денсаулықтарыңыз мықты болсын, шыңға шыға беріңіздер, өмірлеріңіз өрімді, еңбектеріңіз өнімді, өздеріңіз көңілді, ғұмырларыңыз ұзақ болғай!! – демекпін.

РАУЗА АХМЕТОВА – САДЫҚОВА.

Мектептің түлегі, Қазақстан Республикасы тұтынушылар одағының озық қызметкері.

Менің әке-шешем өмір бойы ұстаздық етіп, бала тәрбиелеген адамдар. Әкем – Шияптың бүкіл саналы өмірі, оқудағы және әскердегі кезеңдерін есептемегенде, Ленин ауылында, Ленин орта мектебінде өтті десе де болады. Ал шешем – Мисалымның да (біз оны Тәте дейтінбіз) өмірі осы жерде өтіп, осы мекеменің ұжымымен бірге өсіп, біte қайнасты.

Әкем Омбы қаласындағы педагогигалық институттың физика-математика факультетіне түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Диплом алғаннан кейін алғашқы ұстаздық қызметін облысымыздың Майбалық орта мектебінде бастайды. Бірақ, бұл жерден көп кешікпей әскерге алынады, әскерлік міндестін атқарып жүргенде соғыс басталып кеткен. Сол соғыста, алғашқы шабуылдардың бірінде жараганып елге оралады. Қызылжар қаласында қызметке орналасады, онда жанұясымен бірге тұрады. Дегенмен жарасы жазылғаннан кейін, әскерге шақыртылып, соғысқа

өз еркімен қайта аттанады. Тағы жаралы болады, елге оралады.

Сонымен, бұл жолы жолдаманы облысымыздың Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебіне алады және бұл оқу орынының басшысы – директоры болып орналасады. Бұл жерде тапжылмастан, зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет етті, өмірінің ақырына дейін осы елдің дәм-тұзын татты.

Ал, менің Тәтем жастайынан жетім өскен адам. Шешесі ерте қайтыс болады, әкесі құғын-сүргін көріп, белгісіз себептермен хабарсыз кетеді. Өгей шешесі, үш ағасы мен Тәтем Омбы қаласына көшіп келеді. Құнкерістің қамын ойлап үш ағасы жұмысқа орналасады, оқуға түседі. Тәтем Омбыдағы педагогикалық училищеге түсіп, оны ойдағыдай аяқтайды.

Міне, осы кезде Тәтем Омбыдағы педагогикалық институтта оқып жүрген әкем – Шияп Садыковпен танысқан. Тәтемнің бұрынғы фамилиясы да осындай – Садыкова болатын.

Менің әкем жастайынан қала өміріне бейім, мәдениетті, сауатты адам болды. Сәнді киініп, таза жүруді ұнататын. Малақайы да, пальтоның жағасы да қаракүлден тігілген, сол кездің сәнді киімі. Құлақшынды аяздарда да төмен түсірмейтін, пальтоның жағасын көтермейтін. Омбыда Тәтеммен жаңа кездесіп жүрген кезінде құлағын үсітіп алып, бір жұма жұртқа көрінбей қойғаны да бар екен. Сол кербездік, сәнқойлық қасиеті есейгенде де, қартайғанда да қалмады. Қала тәртібіне үйренген Тәтем де сәнді киінетін. Басында ақ берет, аяғында ақ фетр ботысы, үстінде өзіне қонымды пальтосы болатын.

Тілерсектен түсетін қою қара шашын шашыратпай желкесіне түйіп қоюшы еді. Ауылды жерге келген соң әдел сақтап басына ақ орамал тартып жүретін болған. Әкем қоғамдық жұмыспен,

мектептің оқу-тәрбие жұмысымен көбірек айналысқандықтан үй шаруасына араласуға мұршасы келмейтін. Оның есесіне Тәтем пысық, әрі ұқыпты, тиянақты адам еді. Үй-іші әрқашан таза, жинақы тұратын. Әкемнің, біздің үстерімізге шаң жұқтырмайтын. Жанұя болған соң бірлі-жарымды мал ұстаймыз, оны күту де Тәтемнің басшылығымен орындалады. Үй шаруашылығындағы жұмыстарға, тұрмыстық істерге бәріміз де сол кісінің көмегімен үйрендік.

Әкеміз бер шешеміз тату-тәтті өмірсүрді. Олардың өз-ара шынайы сыйластығы біз-жастар үшін үлкен үлгі, тамаша тәрбие болатын. Ұрсу, зеку, дауыс көтеру екеуінде де болған емес. Әсіресе Тәтем біздің ыңғайсыз, ұнамсыз қылыштарымызды байқап қалса, ақырын ғана ақылмен айтып түзетуші еді.

Жаз айларының жайма-шуақ тынышты кештерінде ауладағы жасыл шәптің үстінде отырып дем аламыз, таза ауа жұтамыз. Сол кезде әкем домбыра тартады, Тәтем оған қосылып ән шырқайды. Біздер де, көршілер де әнге қосыла кететінбіз.

Бір жылы Тәтем Қарағанды мұғалімдер институтын бітіріп, диплом алғып келді. Сол жолы менің ағама – Есенге скрипка сатып ала келіпти. Оның себебі ауыл фельдшері Карл Федорович Бельгер мектепте шекті аспаптар оркестрін ұйымдастырған болатын. Онда оқушы балалар гитара, балалайка, скрипка тартуды үйренеді. Есен ағам сол оркестрде скрипка ойнайтын еді.

Мектепте оқып жүргендеге әкем математикадан, Тәтем қазақ тілінен сабак берді. Сабак барысында, білімімізді бағалауда ешбір артықшылық, не кеміту жағдайы байқалған жоқ. Өз балаларын басқалармен тен ұстады, талап қоюда да бірдей болды, әрқашан әділеттілік жағында болды.

Бұл жанұяда екі ұл, екі қыз болдық. Мәкеш – апам, Есен – ағам, Досан – інім. Әке-шешем өз көздері тірісінде осыларды бағып-қақты, тәрбиеледі, оқытты. Бәрінің де жоғарғы білімдері бар, әрқайсысы өз жанұяларын құрды. Мен – Рауза Қарағанды кооперативтік (сауда) институтын бітіріп, өз облысымыздың сауда орындарында біраз жыл қызмет атқардым. Бұл күндері халық банкісінің облыстық бөлімшесінде қызметтемін. Мәкеш - ұстаз, Есен - құрылышы, Досан – шаруа қожалығында.

Кезінде әке-шешем қызмет істеген, олардың балалары тәлім-тәрбие алған, 70 жылдығы енді тойланғалы отырған осы мектепке шын жүректен ыризашылығымызды білдіреміз. Сүйікті де, ардақты мектебімізді, ауылдың асыл да абзал адамдарын әрқашан есте сақтаймыз.

ЗИЯГУЛ ТАСЫБАЕВА.

Мектептің ұстазы, Қазақстан Республикасы оқу ағарту ісінің озаты.

Жетпіс жылдық тарихы бар М.Ахметбеков атындағы орта мектеп аудан, облыс, республика көлемінде “Қара шаңырақ” деп аталған іргелі мектептердің бірінен саналады. Ертеден-ақ аты облыстан асып, республикаға жеткен қасиетті білім ордасында ұстаздардың ұстазы атанған, бүгінгі күні орамызда жоқ Қазақ ССР-інің еңбек сінірғен мұғалімі Шияп Садықов, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздіктері: Сәден Байбатыров, Ахметжан Қалиахметов, Шәкім Нұртазин, жиyrма жыл мектеп директоры болған Шекен Қасымов, Шаймұрат Қарабеков, Есмағзи Жүсіев, Шаяхмет Қуандықов, Қасет Мұқанов сияқты “Мүйізі қарағайдай” ағайлар мен бірге қызмет істеп, ақыл-кеңесін тыңдал, өзімнің еңбек жолыма бастау алғаныма, оларды еске ала отырып, шын ризашылығымды білдіремін.

Жас үрпақтың бойына ана тілінің қадір-қасиетін сіңіруде бірлесе еңбек етіп, білмегенімді үйреткен Аманжол Спаен мен Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, тәлімгер ұстаз болған Қағида Базарбаевы да еске алмай өте алмаймын.

Өзіміз де есейіп, еңбек етіп жүрсек те, әлі күнге дейін қадірлі ұстаздар, бүгіндері құрметті демалыстағы Қайрия Ахметбекқызы, Нагима Шәріпқалиқызы, Шалбай Смағұлұлы, Әсима Қожабекқызы, Зура Тілембайқызы, Мейраш Әбілкөрімұлы, Кейкуат Жұмағалиұлы, Әлім Қадірәліұлы, Есмақан Қожақұлы, Жұмаш Сейтбекұлы сияқты тәлімгер ұстаздарға үлкен рахметімді айтамын.

Ұстаз – жас үрпақтың рухани сәулеткери, тәрбиешісі, ұлы тұлға.

Бір кездерде жалындаған жастар едік,
Бір мектепте еңбек жолын бастап едік.
Бәріміз де жастық шақта бірге болып,
Мектептегі қыыншылықтан жасқанбадық.

Жалындаған жастық шақтың қызықты да, думанды күндерінде еңбек жолын бірге бастап, қазір жастары 50-ден асқан сабырлы да, салмақты ел азаматтары, ардақты ата-ана, ел құрметіне бөленіп отырған мектебіміздің қадірлі ұстаздары: Нұрғалиева Бөпеш, Мәженов Зейнелғабиден, Шаяхметов Сейілхан, Шаяхметова Ұлболсын, Бекбасова Әмина, Қапанова Алма, Шаниева Бақыт, Әбілова Балқуміс, Байтеленова Нұрсұлу, Рахымберлина Базира т.б.

Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер дегендей аға буынның ізін жалғастырып, мектебіміздің туын түсірмей, атағын асқақтатуда аянбай еңбек етіп жүрген жастар бар. Жаңарған, жасарған педагогикалық ұжымда өздерінің өнегелі

істерімен көрініп, өз ісінің шебері атанаپ жүрген жас ұстаздар: мектептің директоры Баржақсан Есен Темірғалиұлы, оқу ісінің менгерушісі Байбатырова Айгүл Қайырқызы, оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырушысы Қамбарова Лариса Әлтиқызы, Бекет Баяхметов, Зейнегүл Баяхметова, Болат Байжанов, Роза Қасымова, Ләzzat Нұртазина, Гүлжінан Оспанова, Сұлу Есімсейітова, Роза Қажырахымова, Ақерке Қасымова, Орынбасар Баржақсина т.б. бар.

“Жас келсе, іске” – деп еңбек жолын жаңа бастап, мектептегі қандай жұмыс болса да белсене араласып, жүрген Нәзгүл Жанахметова, Гүлмира Жанұзақова, Рима Жапарова, Нұрболат Әбілмәжінов сияқты жігерлі жастардың еңбегіне сәттілік тілеймін. 70 жыл бойы елдің болашағы жас үрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек еткен ұстаздардың еңбегінің нәтижесі-шәкірттерінің еліміздің түкпір-түкпірінде өз үлестерін қосуында.

Мектептің мақтанышы, даңқын көтеретін де шәкірттері десек, сондай мектебіміздің, ұстаздардың мақтанышы үш тілді бірдей менгерген, қазір республикамызға танымал жазушы Герольд Бельгер, ақын Жарасбай Нұрқанов. Ал облысымыздың әр саласында басшы орындарда отырған облыстық банкіның бастығы- Жомарт Қажырахымов, облыстық салық полициясы бастығы - Марат Ескендіров, бүкіл ұстаздық еңбегін жас үрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек еткен, қазір құрметті демалыста болса да, облысымыздың тарихын кейінгі үрпақта танытуда “Асыл мұра” орталығын құрып, еңбек етіп жүрген - Фалым Қадіраліұлы, Солтүстік Қазақстан Университетінің ұстаздары Данагүл Таласбаева, Нұрболат Әбуов, Мәскеуде қызмет ететін философия ғылымдарының кандидаты Зәмзәгүл Әбілқәрімова т.б. Айта берсек біздің мектептің түлектері әр саланы менгерген білімді мамандар.

Алда мектебіміздің 70 жылдық торқалы тойы.
70 жылда қаншама шәкірттер білім алып,
қанаттанып ұшып жатыр. Енді ұжым
мүшелеріне, мектебіміздің бітіріп кеткен
шәкірттеріне, қазір оқып жүрген оқушыларға
“Алтын ұя” мектебіміздің даңқын арттырып,
мерейін өсіре беруіне тілекtespіn.





50 жылдар



60 жылдар



65 жылдар



80 жылдар



82 жылдар



Халық театрының әртістері

III-Бөлім

АУЫЛ ТҮРФЫНДАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Жеті атасын білген үл

Жеті жұрттың қамын жер... деген халық мәтілі бар. Бұл жерде сөз ата-бабалар дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру хақында болып отыр. Ал, дәстүрдің түп тамыры – шежіре. Сол шежірені тармақтап таратқан талай тарихшылар болған. Бірақ халқымыздың шимайланаң қалған тарихы, үзіліп қалған салт-дәстүрі шежіреге де әсер етпей қойған жоқ. Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі деген сөз де тегіннен айтылмаған. Сол жетімдікті 20-ғасырда көрдік. Жаңа ғасырда жаңарып, есімізді жиып, егемендікті алғаннан кейін ғана ата тегімізді іздеуге ел кіріспін жатыр.

Ерте кезден шежіре зерттеп, ата қуған адамдар аз болған жоқ. Батыс пен Шығыс ғалымдары, оның ішінде Дулати, Жоламан, Шоқан, одан соңғы Шекерім, Мұхаметжан Тұңғышпаев, Мәшһұр Жұсіп шежіре зерттеп жазды. Абай мен Марғұлан да көп мәселені айтып кеткен еді. Шоқан өзінің зерттеу-шығармаларында Шал ақын жөнінде былай айтып кетеді: “Бәйімбет елінде Шал жырау өтіпті, оның өлеңмен жазылған шежіресі, әттең, қолыма түспеді”.

Соңғы, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында өмірсүрген Бәйімбет ұрпақынан шыққан Қожамбет ақын (Ордабайұлы) аталарымыздың шежіресін өлеңмен жазып кеткен еken. Соның ішінде бір шумақ өлеңін естерінізге салайық:

Атамыз Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман,
Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған.
Бабамыз Арғыннан Ағжол туып,
Тарадық он екі ата Атығайдан.

Шежірені біздің елде іздестіріп жинастырған Әуелбеков Малгаждар, оның қолжазбаларын жарыққа шығарған белгілі журналист Дүйсенбі Әуелбеков. Қожамбеттен кейінгі шежірені өлеңмен жазған белгілі халық ақыны-жерлесіміз Ахметжан Нұртазин еді. Қысқасы шежіре құрып кеткен жоқ, өзінің жалғасын тауып жатыр.

Біздің ата тегіміз – қазақтар көшіп-қонып жүрсе де түркі тілдес тайпалардың негізінде пайдада болған біртұтас қалың ел. Бұл, Абай айтқандай, жерінің аумағы ұланғайыр, өз жерінде өзі көшіп-қонып жүрген ел, жаз жайлауы, қысқыстауы дегендей!

Қонысы, жер аумағы, ежелгі ру-тайпалар құрамы бойынша қазақ жері үш жүзге бөлінген: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

1. Ұлы жүз-тәрт ата: Қаңлы, Үйсін, Жалайыр, Шанышқылы.

“Ұлы жүз – Үйсін” деп атайды. Ақ Арғыс. Төле би шыққан жер. Халық “Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой” – дейді.

2. Орта жүз – жеті ата: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Үак, Тарапты. Оны “Орта жүз – Арғын” – деп атайды. Бек Арғыс. Қазбек би шыққан жер. Халық “Орта жүзді қалам беріп, дауға қой” – дейді.

3. Кіші жүз – үш ата: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру. Оны “Кіші жүз – Алшын” – деп атайды. Жан Арғыс. Әйтке би шыққан жер. Халық “Кіші жүзді найза беріп, жауға қой” – дейді.

Шым-шытырық шежірені қаз қалпына келтіру мүмкін емес. Мәселен бір атадан тараған тұқымды әр түрлі атпен жазады, яғни не ағасын, не інісін, не баласын жіңі атайды. Екінші біреуі керісінше ауыстырып қояды. Дегенмен екеуінде де қателік жоқ. Шындығында зерттеуші ғалымдардың

жазып кеткен мұрасын (шежіресін) теріске шығаруға да болмайды.

Орта жүздің бір тармағы Арғын. Оның қай жерлерді мекендегені, қалай тарағаны туралы талай тарихи деректер мен азыз, ертегілер бар. Арғыннан қанша бала туған жөнінде деректер көп емес. Алайда арғыннан туған Дайырқожа (Екінші балама аты Ақжол) екені көп жерлерде айтылады. Осы Ақжолдан 5 бала (кей жерде 7 бала) туды дейді. Соның Қарасұпсысынан - Қарауыл - 8 ата, Сарысұпсысынан Атығай - 12 ата туады. Зерттеулерге қарағанда Атығайда бірнеше бала болады, соның Дәуіт дегенінен 12 бала туады. Бұлар Атығайдың немерелері.


“Он екі ата Атығаймыз” дейтіні Атығайдың бірге туған туыстарының санына қарай да айтылған шығар. Одан соң бір атамыз соның ішіндегі беделдісімен аталуы қазақта ежелгі дәстүр. Екінші бір деректерде Атығайдың өз балаларының саны он екі болған, сондықтан “Он екі ата Атығай” деп аталады делінген. Қалай десе де қателік жоқ. Шындығына келсек біз Дәуіттен тарағанбыз. Атығай мен Қарауыл елдері Қазақстанның Солтүстік (Қызылжар, Көкшетау, Ақмола) өңірін мекендеген. Омбы, Қорған, Тұмен жерлерінде де бар.


Алғашқы Бостау ауылы, одан соң Ленин, соңынан Ұбыраев ауылы болған біздің елде Атығай елінің Бәйімбет руының тармақтары тұрып жатыр, яғни Қабай, Тұяқ, Жәнібек деп аталады.







Біздің елде Қабай руынан негізінен Нарбота, Барғана, Натақ аталарымыздың ұрпақтары мекендеген. Нарботаның Мыңқара деген баласынан төрт бала туады: 1.Дайыр, 2.Сағыр, 3.Мыңбай, 4.Дәүітбай. енді осы төрт атана таратайық.

































Жәнібек және басқа аталар үрпақтары.


Бәйімбетті" бір баласы Айбас, одан Сексенбай, Тоқсанбай, Жақан тарайды. Сексенбайдан Жәнібек, одан Аралбай, Бекше, Бегайдар, Жылқайдар, Қойайдар, Шүрек деген балар туады. Қойайдардан Өсібай, Сатыrbай, Қараша, Тасыбай, Аман, Қисық туады. Сатыrbайдан Итай, одан Шота, Кәсен, Божат, Нұрғали, Нұра, Құрбан, Тапал, Ахмет, Нұртаза туады. Кәсеннен Түяқбай, одан Серікбай, Мақтаған туады. Серікбай-дан Қоныс, Куаныш, ал Қоныстан Олжас туады. Тапалдан Сұлеймен туады.




Қарашадан Шалабай мен Жұзжасар туады.
 Шалабайдан Бопат, Қабыл, Сейт, Есмырза, Бұқпа,
 Мейрам туады. Қабылдан Қабдолла, одан Сәүе,
 Сәуеден Дидаң мен Асқат туады. Аманнан
 Мұстафа, одан Ақыш, Ақыштан Қажінәсіп пен Қаб-
 дірашит, Қабдірашиттен Фали туады. Аманның
 екінші баласы Дүйсенбек қажы, үшінші баласы
 Сәрсек.



Жақаннан Бәйбек, Тінібек, Құлбай туады. Бәйбектен Тұқаяқ, Бәржі, Дүйсенбай, Ноғай туады. Тұқаяқтан Қыдырәлі мен Тәнек, Қыдырәліден Смақан мен Шайн туады. Шайннен Қабиден, одан Қайыр, Серік, Берік, Ерік туады. Бәржіден Балғожа, Батырқожа, Биғожа туады. Балғожадан Оспан, Жаныбай, Бейсен, Сөрсекей туады.



Тінібектен Бостыбай, одан Наурызбай, Темірбек, Құрым, Жайлау, Айтпай туады. Темірбектен Нұғыман туады.



Жайлаудан Нұртаза, одан Нұрахмет, Ахмет, Қабдолла туады. Нұрахметтен Асқар, одан Самат пен Болат туады. Қабдолладан Марат пен Сабыр, Мараттан Ерқанат, Дамир, Сабырдан Данияр туады.ан Байбек, Тінібек, Құлбай.

Айбас → Жақан → Байбек, Тінібек, Құлбай.

Құлбайдан Мәніқұл,н ен, Базарбай, Базар аражан, Зұлқан туады. Зұлқаннан Серік, Берік туады. Серіктен Ерік, Еркін, Заңғар, Ернар туады.

Жылқайдардан тарайтын тұқым Шандыбай одан Сәүіrbай, одан Кенжеәлі, одан Жапар, одан Бәйкең туады. Бәйкеннің балалары Есім, Еркін, Өмірзак, Мереке. Есімнен туған Аян мен Нарум.

Арғы атасын анықтай алмадық, белгілі болған атасын айтып кетейік:

1.Шаймерден → Жұсіл → Әділ → Ақым → Ақын → Сәйди → Қабдол. Қабдолдан Әскер, Ержан, Нұржан туады. Ержаннан Жангелді мен Жанболат, Нұржаннан Қанат пен Жанат туады.

2. Малбағар → Сансызбай → Байсақал → Мәтен → Қабдос.Қабдостен Ақан,Жақсылық туады. Жақсылықтан Әскер, Серік, Берік туады.

3. Ақжігіт → Аслбек → Біләл, Қонтай, Баймен. Біләлдан Жасұлан, одан Нұрлан, Эдик, Едіге, Нұржан, Досан туады. Нұрланнан Абай, Едігеден Сымбат, Асқат туады. Қонтайдан Мереке, Асқар, Игілік туады. Мереке-ден Асан, Асқардан Асан, Үсен, Игіліктен Еркебұлан, Арман туады.

4. Салпықбай → Қатия → Жамантай.

Жамантайдан Руслан, Жасұлан, Нұрлан, Ұлан туады. Русланнан → Алтынбек туады.

5. Жәнібек → Жылқайдар → Дүмке → Қажымұрат → Құдабай → Тасжан → Еслям. Еслямнан Науқан, Мұқамадия, Ақмадия, Бейсенбі туады. Мұхамадиядан Данияр, Дарқан, ал Бейсенбіден Асан, Арман туады.

6. Жәнібек → Қайдар → Сатрбай → Итай →
Нұра → Есқақ → Қайрош. Қайроштан Бүркіт,
Бекет туады. Бүркіттен Абылайхан туады.

7. Шорман → Берді → Балсейт → Қарабек →
Шаймұрат. Шаймұраттан Жасұлан, Ерлан, Бағлан,
Дулан, Ұлан, Ағлан туады. Ұланнан Досан туады.

8. Жәнібек → Қойайдар → Қыйсық → Айтқұл
→ Тілеу, одан Молдапай, Әміре, Шәни туған.
Шәниден Жаныбай, одан Қойшыбай туған.

9. Тәйірберді → Ақтайлақ → Бурабай → Иса
→ Жақсылық → Жанболат → Ережеп → Қалиолла,
Көмел.

Қалиолла

↓ Нұржан	↓ Мағауия	↓ Фарифолла	↓ Сейфолла	↓ Сайран
↓ Мұхамед	↓ Әсет	↓ Алмас		
		АЗАТ		
		Әмір		

10. Байсалдан Бәйгел, Тіней туады.

Байгелден Бимырза, одан Әбілкөрім, Қасым
туады. Әбілкөрімнан Рақым, Қажығали, Жанғали,
Сайран, Ғалым, Мейрам, Жұмаш туады.
Мейрамнан Жомарт, Марат, Жұмаштан Мұрат,
Нұрлан, Руслан туады.

Тінейден Құлмырза, Айтмырза, Сәкей туады.
Құлмырзадан Ақантай, Мәжит туады.

Айтмырзадан Тайқошқар, одан Шекен, одан
Тельман туады. Ақантайдан Әбілқайыр,
Қожахмет, одан Амангелді, Мәркен, Мұхтар туады.
Амангелдіден Думан, Нұржан, Ерназ туады.
Мәркеннен Ерген туады. Әбілқайырдан Амандық,
одан Жарқын, Ержан, Ертарғын, Ерлан туады.
Мәжиттөң Мұсәліп, Әбітжан, Әлімжан туады.

Әлімжаннан Тлеужан, Бауыржан, Марат, Ерік туады.

11. Айдар → Құсайын → Макен → Бекет → Зейнел- Ғабиден → Әркен, Саян, Бейбіт.

12. Құлеке → Мөңке → Сыздық → Тұтібай → Аукеш. Аукештен Ермұхамбет, Амантай, Абай, Әсет туады. Ермұхамбеттен Батырбек, Амантайдан Райымбек туады.

13. Атығайдың Бәйімбет руынан тараған Ерсопыдан Айымтай, одан Шаяхмет, Қалиахмет туады.



Сейілханнан Сағат, Саят туады.

14. Құлеке → Жұсіп → Еспол → Сапақ → Қасым, Зейнол. Қасымнан Шекен, Құбаш туады.



15. Шоқат → Молдабай → Әлміш, Қаппас. Әлміштен Хамза, Қарпық туады.

Хамзадан Алтай, Нағашыбай, Ұлан, Марат туады. Нағашыбайдан Мұхтар, Азамат туады.

Шоқат үрпағынан тараған Қалиахметтен Ахметжан, одан Қайролла, Файзолла, Сейфолла

туады. Қайролладан Асан, Файзолладан Аян мен Нұрлан, Сейфолладан Досан мен Данияр туады.

16. Қарауыл үрпағы Қайдауылдан Смаил, одан Әлімсүре, Әлке, Бименді, Мұқыш, Мұқан туады. Әлімсүреден Бегәлі, одан Бозылан, Қаршыға, Бұркіт, Әмірхан туады.

Мұқаннан Қасет, одан Айбек пен Әлібек туады. Айбектен Арман, Әлібектен Руслан мен Асқар туады.

17. Құдайберді руының бір тармағы Қауменнен Шабан → Әділбай → Оспан → Мұқан туады. Мұқаннан Әбілқайыр, Ақмадия, Ғазез, Жылкелді туады. Жылкелдіден Бейбіт, Азамат, Әмір туады. Бейбіттен Өрен туады.

18. Орта жұз Арғынның бір тармағы Қанжығалы Танабайдан тарайтын үрпак:

Танабай → Жұмағұл → Арапбай → Садық.

Садықтан Шәймерден мен Шияп туады. Шәймерден Шаяхмет (Шабдан) туады. Шаяхметтен Шынарбек, Руслан, Ерлан, Нұрлан туады. Шынарбектен Нұржан мен Нариман, Русланнан Нұрсұлтан туады.

Шияптан Есен мен Досан туады. Есеннен Ербол, Досаннан Рұстем туады.

19. Құдайберді. Жәдік руының Ноғай атасынан туған Сейітпектен Жұмаш пен Тұяқ туады. Жұмаштан Әділ, Өркен, Дулат туады. Әділден Дәурен, Өркеннен Әсет, Дулаттан Құдайберген туады.

20. Құдайберді. Аман үрпақтарынан тараған Ерденнен Мұхаметжан, одан Мағзұм, Мағзұмнан Ошақ туады. Ошақтан Еркін, Болат, Айхат, Сабыр, Ерлан туады.

21. Сарыбелден тараған үрпак Бітікбай. Бітікбай → Сүйіндік → Балғара → Нұртаза → Нәби. Нәбиден Айбек, Асқар туады. Айбектен Нұрбек, Әлібек, Асқардан Руслан туады.

22. Орыс (Үәріс) аталарымыздың үрпақтары
Пәрменбек → Тышқан батыр → Пазылбек →
Берден → Оспан → Махмет → Бекежан, Әміржан.
Бекежаннан Қуандық, Мейрамбек туады.
Әміржаннан Ернар, Сабыржан туады.

23. Орыстың бір баласы Жаманғұл. Жаманғұл
→ Құттықадам → Жұрымбай → Тойқұлы →
Баржақсы → Темірғали. Темірғалидан Қабыжан,
Ғалымжан, Есен туады. Ғалымжаннан Ержан,
Есеннен Дамир, Қабыжаннан Данияр, Талғат
туады.

24. Жаманғұлдың екінші баласы Тәттіқадам.
Тәттіқадам → Ақпейіл → Қонаrbай → Ләмәли →
Ермек. Ермектен Жансерік, одан Сұлтан туады.

25. Құттықадам → Досқана → Нысанбай →
Нұрпейіс → Омар → Ибрағим (Ібіжан).
Ибрағимнен Досбол, Ербол, Найман, Мереке
туады. Досболдан Данияр, Әнуәр, Ерболдан
Мадиар, Баhtияр туады.

26. Орыс → Батырбек → Жаулыбай →
Балғожа → Қоспан → Қайырбек. Қайырбектен
Ерген, Әлібек, Бекет, Төребек туады. Ергеннен
Тимур, Руслан, Әлібектен Дәурен, Бекеттен
Данияр, Азamat туады.

27. Орыс → Батырбек → Тоғай → Бақтыбай
→ Махамбет → Нұрқан → Әнес. Әнестен
Жараспай, Марат, Дулат, Талғат туады.
Жараспайдан Жомарт, Жәнібек, Мараттан Саят,
Талғаттан Болат, Сұңғат, Дулаттан Азamat, Мұрат
туады.

28. Орыс → Жанат → Бораншы → Мұсабай →
Омар → Садуақас → Ғалым → Мерген. Мергеннен
Ғабит, Нияз, Саян, Саят, Нұрболат туады.
Ғабиттен Елдар, Нияздан Тимур, Саяннан Әділхан
туады.

29. Орыс → Жаманғұл → Күттіқадам →
Жұрымбай → Тойқұлы → Баржақсы →
Құрманғали. Құрманғалидан Ғаббас туады.

30. Орыс → Жаманғұл → Күттіқадам →
Досқана → Найманбай → Дайыр → Әлжан →
Қапез. Қапезден Ғани, Дархан, Гиззат, Руслан,
Азамат туады. Ғаниден Болат туады.

31. Құдайберді руының Қанай үрпағынан
шыққан Архар → Бекбау → Иманқұл → Қасым →
Қайролла. Қайролладан Ғабит пен Серік туады.
Ғабиттен Руслан, Серіктен Жігер, Шынғыс туады.



Мазмұны:

I Бөлім.

- | | |
|---|----|
| 1. Есілдің жағасында түр ауылым..... | 5 |
| 2. Ленин ауылынан соғыста қаза болған және
хабарсыз кеткендер..... | 25 |
| 3. Білім ордасы..... | 30 |
| 4. Ұстаздардың ұстазы..... | 43 |
| 5. Мектеп мұғалімнен басталады..... | 45 |
| 6. Мектепті медальдармен бітіргендер..... | 52 |
| 7. Әлден шыққан елші..... | 57 |
| 8. Герольд (Гера) досым хақында..... | 63 |
| 9. Түсі орыс, тілі қазақ..... | 69 |

II Бөлім.

Ұстаздар мен шәкірттер сөйлейді
(Естеліктер)

- | | |
|---|----|
| 1. Мұқанов Қ.М. “Ұстаз ұлағаты
ұмытылмайды”..... | 74 |
| 2. Бельгер Г.К. “Свет доброго пути” | 77 |
| 3. Қадыров Ж.Қ., Қожаев Е.Қ.,
Жахин Ф.Ж., Хамзин Қ.Х.,
Сейітбеков Ж.С., Мажитов Ә.М.,
Жумин С., Мұсабаев Қ.М.,
Ахметова-Садықова Р., Тасыбаева З..... | 81 |

III Бөлім

Ауыл тұрғындарының шежіресі.....118

Автордан

Туған ауылымыздың, қасиетті мектебіміздің тарихын құрастыруда, ауыл тұрғындарының ата-тегін жинастыруда қол үшін беріп, көмегін тигізген мектеп үжымына, оның мүшелері Есен Баржақсинге, Зиягүл Тасыбаеваға, Зейнегүл Баяхметоваға, Сәбит Жуминге, ауыл тұрғыны Әміржан Әубакіровке үлкен рахметімді айтып, шын көнілмен ыризашылығымды білдіремін.

Осы кітаптың шығуына дем беріп, демеуші болған Қайрат балама да, қайырымдылығы үшін, көп рахмет демекпін.

ҚАСИЕТТІ АҚ ОРДА.

Редакторы: Қ.Мұқанов
Корректоры: С.Жұмабаев
Компьютерге түсірген: Н.Байтенова
ЖШС «Дизайн-ПРЕСС»
Баспаханасы Петропавл қаласы

